

Теңізшілердің жеке куәліктері туралы 1958 жылғы конвенцияны қайта қарайтын Конвенцияны (№ 185 конвенция) ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 12 наурыздағы № 254-IV Заңы

2003 жылғы 19 маусымда Женевада қабылданған Теңізшілердің жеке куәліктері туралы 1958 жылғы конвенцияны қайта қарайтын Конвенция (№ 185 конвенция) ратификациялансын.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ 185-Конвенция

1958 ЖЫЛҒЫ КОНВЕНЦИЯНЫ ҚАЙТА ҚАРАЙТЫН ТЕҢІЗШІЛЕРДІҢ ЖЕКЕ КУӘЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

(2010 жылғы 17 қарашада күшіне енді -

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2011 ж., № 2, 15-құжат)**

Халықаралық еңбек бюросының Әкімшілік кеңесімен шақырылған және 2003 жылғы 3 маусымда Женева қаласында өзінің 91-ші сессиясына жиналған

Халықаралық еңбек ұйымының Бас конференциясы, жолаушылардың, экипаж мүшелерінің қауіпсіздігіне, сондай-ақ кемелердің қауіпсіздігіне, мемлекеттердің ұлттық мүддесі мен әрбір адамның қауіпсіздігіне төнген тұрақты қауіп-қатерді ұғына отырып,

сондай-ақ, еңбектің лайықты жағдайларына ықпал етуді қамтитын Ұйымның негізгі м а н д а т ы н ұ ғ ы н а о т ы р ы п ,

теңіз көлігінің жаһандық сипатына байланысты теңізшілер айрықша қорғауды қажетсінеді деп есептей отырып,

жағалауға сейілге шығу, транзит, басқа кемеге ауысу мақсатында немесе отанына қайтып оралу мақсатында мүше мемлекеттердің аумағына теңізшілерді жіберуді жеңілдетуге қатысты 1958 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенцияда көрініс тапқан принциптерді тани отырып,

түзетулерімен бірге Халықаралық теңіз ұйымының 1965 жылғы Халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету жөніндегі конвенциясын, атап айтқанда 3.44 және 3.45

Стандарттарын назарға ала отырып,
бұдан әрі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында қабылданған A/RES/57/219 Қарарда (Терроризмге қарсы күрес жағдайларында адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды қорғау) мемлекеттер терроризмге қарсы күрес шеңберінде қабылданатын кез келген шаралар өздерінің халықаралық құқық жөніндегі міндеттемелеріне, атап айтқанда адам құқығы, босқындар мен гуманитарлық құқық саласындағы халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес болуын қамтамасыз етуі тиіс екендігі расталғанын назарға ала отырып,
теңізшілердің халықаралық саудада пайдаланылатын кемелерде жұмыс істейтіні мен өмір сүретінін және жағалауда орналасқан әлеуметтік-тұрмыстық объектілерге қол жеткізу мен жағалауға сейілге шығу теңізшілердің жалпы амандығын қамтамасыз ететін, сондықтан кеме қатынасының қауіпсіздігі мен мұхит тазалығын қамтамасыз етуде үлкен мәнге ие болатын аса маңызды элементтер болып табылатынын ұғына
о т ы р ы п ,

бұдан әрі келісілген қызмет кезеңінен кейін кемеге қайтып келу немесе оны тастап кету үшін жағалауға шығу мүмкіндігінің басты мәні бар екенін ұғына отырып,
2002 жылғы 12 желтоқсанда Халықаралық теңіз ұйымының Дипломатиялық конференциясында қабылданған теңіздегі қауіпсіздікті арттыру жөніндегі арнайы шараларға қатысты 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға (түзетулерімен бірге) түзетулерді назарға ала отырып,
сессияның күн тәртібінің жетінші тармағы болып табылатын теңізшілерді сәйкестендіру сенімділігін арттыруға қатысты бірқатар ұсыныстарды қабылдауға
ш е ш і м қ а б ы л д а й о т ы р ы п ,
осы ұсыныстарға 1958 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенцияны қайта қарайтын халықаралық конвенция нысанын беруге шешім қабылдай отырып,
осы екі мың үшінші жылғы маусымның он тоғызы күні 2003 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенция (қайта қаралған) деп аталуы мүмкін мына Конвенцияны қабылдайды.

1-бап

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1. Осы Конвенцияға қатысты «теңізші» термині әскери кемелерді қоспағанда, әдетте теңіз кеме қатынасында қолданылатын кеме бортында жалға алу бойынша еңбек ететін, кез келген мамандық иесі ретінде тартылған немесе жұмыс істейтін кез келген т ұ л ғ а н ы б і л д і р е д і .

2. Осы Конвенцияға қатысты қандай да бір санаттағы тұлғалардың теңізші деп есептелуіне қатысты қандай да бір күмән туындаған жағдайда, бұл мәселені кеме иелері мен теңізшілердің мүдделі ұйымдарымен консультациялардан кейін осы

Конвенцияның ережелеріне сәйкес, осындай тұлғалар азаматы болатын немесе тұрақты тұратын мемлекеттің құзыретті органы шешеді.

3. Балық аулайтын кеме иелерінің және балық аулайтын кемелердің бортында жұмыс істейтін тұлғалардың өкілетті ұйымдармен консультацияларынан кейін құзыретті орган осы Конвенцияның ережелерін теңізде коммерциялық балық аулауға қатысты қолдана алады.

2-бап

ТЕҢІЗШІЛЕРДІҢ ЖЕКЕ КУӘЛІКТЕРІН БЕРУ

1. Осы Конвенцияның күші бар әрбір мүше мемлекет теңізші болып табылатын өзінің кез келген азаматының өтініші негізінде осы Конвенцияның 3-бабында қамтылған ережелерге сәйкес келетін теңізшінің жеке куәлігін береді.

2. Егер осы Конвенцияда өзгеше ереже көзделмесе, онда теңізшілердің жеке куәліктерін беру жол жүру құжаттарын беруге қатысты ұлттық заңнамада және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген шарттарға бағынуы мүмкін.

3. Сондай-ақ, әрбір мүше мемлекет 1-тармақта көрсетілген теңізшілердің жеке куәліктерін өз аумағында тұрақты тұратын тұлға мәртебесі берілген теңізшілерге де бере алады. Мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын тұлғалар барлық жағдайларда да 6-баптың 7-тармағындағы ережелерге сәйкес жол жүреді.

4. Әрбір мүше мемлекет теңізшілердің жеке куәліктерінің негізделмеген кідіріссіз берілуін қамтамасыз етеді.

5. Теңізшілердің өтініштерін қанағаттандырудан бас тартылған жағдайда, олардың әкімшілік шағымдануға құқығы болады.

6. Осы Конвенция мүше мемлекеттердің ешқайсысына халықаралық ережелерден туындайтын, босқындарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты өз міндеттемелерін орындауға бөгет болмайды.

3-бап

МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ НЫСАНЫ

1. Осы Конвенцияның ережелері қолданылатын теңізшінің жеке куәлігінің мазмұны, осы Конвенцияға I қосымшада берілген модельге сәйкес келеді. Осы құжаттың нысаны және оны дайындау кезінде пайдаланылатын материалдар, төменде баяндалған өлшемдерден осы модельде көзделген жалпы техникалық талаптарға сәйкес келеді. Түзету келесі тармақтарға қайшы келмейді деген шартпен, I қосымшаға қажеттілігіне қарай төмендегі 8-баптың ережелеріне сәйкес, атап айтқанда, технологиялық даму есепке алынған түзетулер енгізілуі мүмкін. Мүше мемлекеттерге теңізшілердің ұлттық жеке куәліктеріне қажетті өзгерістер енгізу үшін жеткілікті уақыт беру және тиісті рәсімдер талап етілетінін назарға ала отырып, түзетуді қабылдау туралы шешімде оның

күшіне ену күні нақты көрсетіледі.

2. Теңізшінің жеке куәлігі қарапайым нысанда жасалады, теңіздегі жұмыстың айрықша жағдайларын ескере отырып, берік материалдардан дайындалады және машиналық әдіспен оқуға жарамды болып табылады. Пайдаланылатын материалдар:

а) осы құжаттың жасанды немесе жалған болуына мүмкіндігінше кедергі болады және өзгерістерді оңай анықтауға мүмкіндік береді;

б) барлық үкіметтер үшін ең аз шығын жұмсаумен қол жетімді болады және жоғарыдағы а) тармақшасында қойылған мақсатқа сенімді қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3. Мүше мемлекеттер халықаралық жалпы стандартты қолдануға ықпал ету үшін пайдалануға жататын технология стандарттарына қатысты Халықаралық еңбек ұйымы дайындаған қолда бар барлық басшылық ету принциптерін назарға алады.

4. Теңізшінің жеке куәлігінің мөлшері кәдімгі паспорттың мөлшерінен аспайды.

5. Теңізшінің жеке куәлігі оны берген мекеменің атауын, осы мекемемен дереу байланысуға мүмкіндік беретін мәліметтерді, құжаттың берілген күні мен орнын, сондай-ақ мынадай:

а) осы құжат Халықаралық еңбек ұйымының 2003 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенциясының (қайта қаралған) мақсаттары үшін теңізшінің жеке куәлігі болып табылады;

б) осы құжат жеке сипатқа ие және паспорт болып табылмайды деген жазба белгілерін қамтиды.

6. Теңізшінің жеке куәлігінің ең ұзақ жарамдылық мерзімі оны берген мемлекеттің заңнамасына және өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді, бірақ оны бастапқы бес жыл өткеннен кейін ұзартқан кезде, ешбір жағдайда да он жылдан аспауға тиіс.

7. Теңізшінің жеке куәлігінде оның иесі туралы мынадай мәліметтер ғана қамтылады:

а) толық аты (тегі, аты және егер, болған жағдайда атының басқа бөліктері);

б) жынысы;

с) туған күні мен жері;

д) азаматтығы;

е) жеке басын сәйкестендіру үшін септігін тигізуі мүмкін дене бітімінің кез келген ерекше белгілері;

ф) цифрлық фотосуреті немесе фотосуретінің түпнұсқасы;

г) қолы.

8. Жоғарыдағы 7-тармақтың ережелеріне қарамастан, теңізшінің жеке куәлігі І қосымшада қамтылған техникалық талаптарды қанағаттандыратын куәлік иесінің биометрикалық элементтерінің қалыбын немесе өзге нысанда берілген биометрикалық деректерін мынадай алдын ала талаптарды сақтау шартымен қамтуы тиіс:

а) биометрикалық деректер тиісті тұлғалардың жеке өміріне қол сұқпауды, оларға қолайсыздықтар келтірмей, олардың денсаулығы үшін қауіп төндірмей немесе олардың жеке басының қадір-қасиетіне қол сұқпай алынуы мүмкін;

б) теңізшінің жеке куәлігінде осындай биометрикалық деректер көрнекі түрде айқын берілуі тиіс әрі қалыптан немесе ұсынылған басқа нысаннан олардың көшірмесін жасау мүмкіндігі болмауы тиіс;

с) биометрикалық деректерді алу және тексеру үшін қажетті жабдық пайдалануға ыңғайлы және тұтастай алғанда үкіметтер үшін төмен құнмен қол жетімді болуы тиіс;

д) биометрикалық деректерді тексеру үшін қажетті жабдықты порттарда және басқа жерлерде, оның ішінде құзыретті органдар әдетте теңізшілердің жеке басын тексеруді жүргізетін кеме бортында оңай әрі сенімді пайдалануға болады;

е) шеңберінде биометрикалық деректер пайдаланылуы тиіс жүйе (оның ішінде жабдық, технологиялар және қолданылатын рәсімдер) біркелкі сипаты бар нәтижелер алуға мүмкіндік береді және жеке тұлғаны сенімді сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

9. Теңізші туралы барлық деректер жеке куәлікке көрнекі түрде ажыратуға болатындай түрде енгізіледі. Өздеріне қатысты жай көз жүгіртіп оқуға болмайтын кез келген деректерді тексеруге мүмкіндік беретін жабдыққа теңізшілердің кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіледі. Осындай қол жеткізуді куәлік беретін орган немесе оның а т ы н а н б е р е д і .

10. Теңізшінің жеке куәлігінің мазмұны мен нысаны I қосымшада келтірілген тиісті халықаралық стандарттарды есепке ала отырып белгіленеді.

4-бап

ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕРЕКҚОР

1. Әрбір мүше мемлекет өзі берген теңізшінің әрбір жеке куәлігі туралы, қолданылуын өзі уақытша тоқтатқан немесе өзі алып қойған куәлік туралы жазбаның электрондық дерекқорда сақталуын қамтамасыз етеді. Осы дерекқорды оған енгізулерден немесе оған санкциясыз қол жеткізуден қорғау үшін барлық қажетті ш а р л а р қ а б ы л д а н а д ы .

2. Осы дерекқорда қамтылатын ақпарат теңізшілердің өздерінің дербес деректерінің құпиялылығына құқықтары толық сақталған және деректердің қорғалуына қатысты барлық қолданыстағы талаптар қанағаттандырылған жағдайда, теңізшінің жеке куәлігін немесе теңізшінің мәртебесін тексеру үшін қажетті мәліметтермен ғана шектеледі. Бұл мәліметтер осы Конвенцияға II қосымшада баяндалған, оған өздерінің ұлттық дерекқор жүйелеріне қажетті өзгерістер енгізу үшін мүше мемлекеттерге жеткілікті уақыт талап етілетінін назарға ала отырып, төмендегі 8-бапта белгіленген тәртіппен өзгерістер е н г і з і л у і м ү м к і н .

3. Әрбір мүше мемлекет теңізшінің жеке куәлігі берілген кез келген теңізшіге

электрондық дерекқорға енгізілген немесе онда сақталған осы тұлғаға қатысты барлық деректердің шынайылығын ақысыз зерделеуге және тексеруге және қажет болған жағдайда, түзетулер беруге мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізеді.

4. Әрбір мүше мемлекет мақсаты өзінің органы берген теңізшілердің жеке куәліктерінің түпнұсқалылығы мен жарамдылығына қатысты көші-қон қызметтерінен немесе Ұйымның барлық мүше мемлекеттерінің басқа құзыретті органдарынан түсетін сұрауларды қанағаттандыру болып табылатын, тұрақты әрекет ететін үйлестіру орталығын тағайындайды. Тұрақты әрекет ететін үйлестіру орталығы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер Ұйымның барлық мүше мемлекеттеріне берілетін тізімді жүргізетін Халықаралық еңбек бюросына жолданады.

5. Көші-қон қызметтері немесе Ұйымның мүше мемлекеттеріндегі басқа құзыретті органдар үшін жоғарыдағы 2-тармақта көрсетілген мәліметтерге электрондық құралдардың көмегімен немесе жоғарыдағы 4-тармақта көзделген үйлестіру орталығы арқылы тұрақты және дереу қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

6. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін деректер мен жеке өмірін қорғауға қатысты тиісті нормалардың сақталуын қамтамасыз ететін тетіксіз деректермен, атап айтқанда фотосуреттермен қандай да бір алмасуды болдырмау үшін тиісті шектеулер енгізіледі.

7. Мүше мемлекеттер электрондық дерекқорда қамтылған дербес деректердің теңізшінің жеке куәлігін тексеру үшін ғана пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

5-бап

САПАНЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУЛАР ЖҮРГІЗУ

1. Сапаны бақылау рәсімін қоса алғанда, теңізшілердің жеке куәліктерін беру тәртібі мен рәсімдеріне қатысты ең төменгі талаптар осы Конвенцияға III қосымшада жазылған. Осы ең төменгі талаптармен өзінің теңізшілердің жеке куәліктерін беру жүйесін басқаруда барлық мүше мемлекеттер қол жеткізуі тиіс міндетті нәтижелер белгіленеді.

2. Мыналар :

- a) теңізшілердің жеке куәліктерінің толтырылмаған бланкілерін шығару және жеткізу ;
- b) толтырылмаған бланкілер мен теңізшілердің толтырылған жеке куәліктерін сақтау, өңдеу және олар бойынша есеп беру;
- c) өтініштерді өңдеу, теңізшілердің жеке куәліктерінің бланкілерін толтыру және оларды беру үшін жауапты орган мен бөлімшенің дайын жеке куәліктерді ресімдеуі және теңізшілердің жеке куәліктерін жеткізуі;
- d) дерекқордың жұмыс істеуі және оны сүйемелдеу;
- e) рәсімдердің сапасын бақылау және мерзімдік бағалау жүргізу үшін қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тәртіп пен рәсімдер белгіленеді.

3. Жоғарыдағы 2-тармақтың ережелері сақталған кезде, мүше мемлекеттерге өздері белгілеген тәртіп пен рәсімдерге қажетті өзгерістер енгізу үшін жеткілікті уақыт беру талап етілетінін назарға ала отырып, III қосымшаға 8-бапқа сәйкес түзетулер енгізілуі м ү м к і н .

4. Әрбір мүше мемлекет кем дегенде бес жылда бір рет өзінің теңізшілердің жеке куәліктерін беру жүйесін басқаруды, оның ішінде сапаны бақылау рәсімдерін тәуелсіз бағалауды жүргізеді. Мұндай бағалаулар жөніндегі баяндамалардан барлық құпия материалдарды алып тастау шартымен олар Халықаралық еңбек бюросының Бас директорына және көшірмелері тиісті мүше мемлекеттердің кеме иелері мен теңізшілерінің өкілетті органдарына жолданады. Бұл есеп беру жөніндегі талап мүше мемлекеттерді Халықаралық еңбек ұйымы Жарғысының 22-бабы бойынша м і н д е т т е м е л е р д е н б о с а т п а й д ы .

5. Халықаралық еңбек ұйымы бағалау жөніндегі осы баяндамаларды мүше мемлекеттерге танысу үшін ұсынады. Осы Конвенциямен рұқсат етілетін жария етуден басқа, кез келген жария ету осы баяндаманы дайындаған мүше мемлекет тарапынан келісімнің болуын талап етеді.

6. Халықаралық еңбек бюросының Әкімшілік кеңесі өзі қабылдаған рәсімдерге сәйкес барлық тиісті ақпараттың негізінде әрекет ете отырып, жоғарыдағы 1-тармақта көрсетілген ең төменгі талаптарды толыққанды қанағаттандыратын мүше мемлекеттердің тізімін бекітеді.

7. Бұл тізім мүше мемлекеттердің алғашқы талап етуі бойынша оларға қол жетімді болуы тиіс және тиісті ақпараттың түсуіне қарай жаңартылып тұруы тиіс. Атап айтқанда, мүше мемлекеттер 8-тармақта көрсетілген рәсімдер шеңберінде кез келген мүше мемлекеттің тізімге енгізілуі дәлелді негіздермен дауланған жағдайлар туралы кідіріссіз хабардар етілуі тиіс.

8. Әкімшілік кеңес белгілеген рәсімдерге сәйкес тізімнен шығарылған немесе шығарылуы мүмкін мүше мемлекеттер, сондай-ақ Конвенцияны ратификациялаған мүдделі мүше мемлекеттердің үкіметтері және кеме иелері мен теңізшілердің өкілетті ұйымдары үшін жоғарыда көрсетілген рәсімдерге сәйкес өз пікірін Әкімшілік кеңеске жеткізу және барлық келіспеушіліктерді әділ және турашыл түрде уақтылы реттеу мүмкіндігі көзделеді.

9. Қандай да бір мүше мемлекет берген теңізшілердің жеке куәліктерін мойындау осы мүше мемлекеттің жоғарыдағы 1-тармақта аталған ең төменгі талаптарды сақтауына байланысты болады.

6-бап

ТЕҢІЗШІЛЕРДІҢ ЖАҒАЛАУҒА СЕЙІЛГЕ ШЫҒУЫНА, СОНДАЙ-АҚ

ТРАНЗИТІНЕ

ЖӘНЕ БАСҚА КЕМЕЛЕРГЕ АУЫСУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ

1. Теңізшінің жеке куәлігінің түпнұсқалылығына күмән келтіруі мүмкін айқын негіздемелер болған жағдайларды қоспағанда, ол үшін осы Конвенцияның күші бар мүше мемлекет осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес берген теңізшінің жарамды жеке куәлігі бар кез келген теңізші осы Конвенцияның мәнінде теңізші ретінде т а н ы л а д ы .

2. Теңізшілер немесе кеме иелері төмендегі 3-6 немесе 7-9 тармақтарға сәйкес оған қатысты елге келуіне рұқсат сұралатын теңізші осы Конвенцияның талаптарына сәйкес берілген теңізшінің жеке куәлігінің иеленушісі болып табылатындығына көз жеткізуге бағытталған тексеру және кез келген басқа қажетті тергеу жүргізу мен ресмиеттілік бойынша шығыстарды көтермейді.
Жағалауға сейілге шығу

3. Құзыретті органдар куәлік иесінің келуі туралы хабарламаны мейлінше алдын ала алады деген шартпен, жоғарыдағы 2-тармақта аталған тексеру және кез келген басқа да қажетті тергеу жүргізу мен ресмиеттілік мүмкіндігінше аса қысқа мерзімдерде жүргізіледі. Куәлік иесінің келуі туралы хабарлама ІІ қосымшаның 1-бөлімінде көзделген егжей-тегжейлі ақпаратты қамтиды.

4. Өзі үшін осы Конвенцияның күші бар әрбір мүше мемлекет мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде және теңізшінің жеке куәлігінің түпнұсқалылығына күмән келтіруге мүмкіндік беретін айқын негіздемелер болмағанда, егер осындай кіру кеме портта болған уақытта уақытша жағалауға сейілге шығу мақсатында сұратылса, теңізшінің жарамды жеке куәлігі бар кез келген теңізшіге өз аумағына кіруге рұқсат етеді.

5. Мұндай кіруге кемеңнің келуі бойынша барлық ресмиеттіліктер орындалған және құзыретті органның қоғамдық денсаулықты, қоғамдық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе ұлттық қауіпсіздікті қорғау тұрғысынан алғанда жағалауға сейілге шығуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздемелері болмаған кезде рұқсат беріледі.

6. Жағалауға сейілге шығу үшін теңізшілерден виза алу талап етілмейді. Бұл талапты толық орындау мүмкіндігі жоқ әрбір мүше мемлекет өз заңнамасында, өзге нормативтік құқықтық актілерінде немесе қолданылып жүрген практикасында негізінен осы талапқа сәйкес келетін рәсімдердің көзделуін қамтамасыз етеді.

Транзит және басқа кемеге ауысу

7. Егер мұндай кіру:

а) өз кемесіне келу немесе басқа кемеге ауысу үшін;

б) басқа елдегі өз кемесіне бару мақсатында транзитпен жол жүру үшін немесе отанына қайтып оралу үшін; не мүдделі мүше мемлекеттің құзыретті органдары мақұлдаған кез келген өзге мақсат үшін сұратылса, өзі үшін осы Конвенцияның күші бар әрбір мүше мемлекет паспортын қоса, теңізшінің жарамды жеке куәлігі бар кез

келген теңізшіге мүмкіндігінше аса қысқа мерзімдерде өз аумағына кіруге рұқсат етеді.

8. Мұндай кіруге теңізшінің жеке куәлігінің түпнұсқалылығына күмән келтіруге мүмкіндік беретін айқын негіздемелер болмаған және құзыретті органның қоғамдық денсаулықты, қоғамдық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе ұлттық қауіпсіздікті қорғау тұрғысынан алғанда жағалауға сейілге шығуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздемесі болмаған жағдайда рұқсат беріледі.

9. Жоғарыдағы 7-тармақта аталған мақсаттардың біреуі үшін өз аумағына кіруге рұқсат берместен, бұрын кез келген мүше мемлекет теңізшінің ниеті мен оның осы ниетін іске асыру қабілетіне қатысты қанағаттанарлық дәлелдемелерді, оның ішінде құжаттамалық дәлелдемелерді талап ете алады. Сондай-ақ, мүше мемлекет теңізшінің аумақта болу ұзақтығын мұндай болу мақсатын есепке алғанда орынды деп есептелетін мерзімге шектей алады.

7-бап

КУӘЛІКТІ ТҰРАҚТЫ ИЕЛЕНУ ЖӘНЕ ОНЫ АЛЫП ҚОЮ

1. Куәлікті сақтау мақсатында теңізшінің жазбаша келісімімен ол тиісті кемең капитанында болатын жағдайларды қоспағанда, теңізшінің жеке куәлігі тұрақты түрде ө з і н д е б о л а д ы .

2. Егер теңізші осы Конвенцияның мұндай куәлікті беруге қатысты талаптарын бұдан әрі қанағаттандырмайтынына сенімді дәлелдемелер болса, теңізшінің жеке куәлігін берген мемлекет оны дереу алып қояды. Теңізшінің жеке куәлігінің қолданылу мерзімін тоқтата тұру немесе оны алып қою рәсімдері кеме иелері мен теңізшілердің өкілді ұйымдарымен консультациялар барысында белгіленеді және оған әкімшілік шағымдану рәсімдері кіреді.

8-бап

ҚОСЫМШАЛАРҒА ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ

1. Осы Конвенцияның тиісті ережелерін сақтау шартымен Халықаралық еңбек конференциясы Халықаралық еңбек ұйымының тиісті түрде құрылған үш жақты теңіз органымен консультациялар негізінде Қосымшаларға түзетулер енгізе алады. Шешім осы Конвенцияны ратификациялаған мүше мемлекеттердің кем дегенде жартысын қоса алғанда, Конференцияға қатысып отырған делегаттардың үштен екі бөлігінің көпшілік д а у ы с ы м е н қ а б ы л д а н а д ы .

2. Осы Конвенцияны ратификациялаған әрбір мүше мемлекет мұндай түзету қабылданған күннен кейінгі алты ай ішінде Бас директорға жазбаша хабарлама жолдау арқылы оның осы мүше мемлекет үшін күшіне енбейтінін немесе тек неғұрлым кешірек мерзімдерде жаңа жазбаша хабарламаның берілуі бойынша күшіне енетіндігін хабарлайды.

9-бап

ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕ

1958 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенцияның тарабы болып табылатын және Халықаралық еңбек ұйымы Жарғысының 19-бабына сәйкес шаралар қабылдайтын кез келген мүше мемлекет осы Конвенцияны ратификациялау мақсатында Бас директорға осы Конвенцияны уақытша қолдану ниеті туралы хабарлай алады. Осы Конвенцияның 2-5-баптарында баяндалған талаптардың сақталуы және осы Конвенцияға сәйкес берілген теңізшілердің жеке куәліктерін тиісті мүше мемлекеттердің тануы шартымен осындай мүше мемлекет беретін теңізшілердің жеке куәліктері осы Конвенцияға қатысты оның ережелеріне сәйкес берілетін теңізшілердің жеке куәліктері ретінде қаралады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10-бап

Осы Конвенция 1958 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенцияны қайта қарайды.

11-бап

Осы Конвенцияны ратификациялау туралы ресми грамоталар тіркеу үшін Халықаралық еңбек бюросының Бас директорына жолданады.

12-бап

1. Ратификациялау грамоталарын Халықаралық еңбек бюросының Бас директоры тіркеген Халықаралық еңбек ұйымының мүше мемлекеттері үшін ғана осы Конвенцияның міндетті күші болады.

2. Бұл Ұйымның екі мүше мемлекетінің ратификациялау грамоталарын Бас директор тіркеген күннен кейін алты айдан соң күшіне енеді.

3. Кейіннен осы Конвенция әрбір мүше мемлекет үшін оның ратификациялау грамотасы тіркелген күннен кейін алты айдан соң күшіне енеді.

13-бап

1. Осы Конвенцияны ратификациялаған әрбір мүше мемлекет оның бастапқы күшіне енген күнінен бастап он жыл өткеннен кейін Халықаралық еңбек бюросының Бас директорына тіркеу үшін жіберілген күшін жою туралы өтініш арқылы оның күшін

жоя алады. Күшін жою туралы өтініш тіркелген күнінен кейін 12 ай өткен соң күшін
ж о ю к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Конвенцияны ратификациялаған және алдыңғы тармақта көрсетілген он жыл аяқталғаннан кейін бір жыл мерзімде осы бапта көзделген күшін жою құқығын пайдаланбаған әрбір мүше мемлекет үшін Конвенция келесі он жыл ішінде күшінде болады және кейіннен ол осы бапта көзделген тәртіппен әрбір он жыл өткеннен кейін оның күшін жоя алады.

14-бап

1. Халықаралық еңбек бюросының Бас директоры өзіне Ұйымның мүше мемлекеттері жолдаған барлық ратификациялау грамоталарының және күшін жою туралы өтініштердің тіркелуі туралы Халықаралық еңбек ұйымының барлық мүше мемлекеттеріне х а б а р л а й д ы .

2. Бас директор Ұйымның мүше мемлекеттерін өзі алған екінші ратификациялау грамотасын тіркеу туралы хабардар ете отырып, олардың назарын осы Конвенцияның кү ш і н е е н у кү н і н е а у д а р а д ы .

3. Халықаралық еңбек бюросының Бас директоры 8-баптың ережелеріне сәйкес Қосымшаға енгізілетін кез келген түзетулер, сондай-ақ оларға қатысты жазбаша хабарламалар туралы Халықаралық еңбек ұйымының барлық мүше мемлекеттерін хабардар етеді.

15-бап

Халықаралық еңбек бюросының Бас директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес тіркелген барлық ратификациялау грамоталары мен күшін жою туралы өтініштер туралы толық мәліметтерді жолдайды.

16-бап

Халықаралық еңбек бюросының Әкімшілік кеңесі қажет деп есептеген әрбір жағдайда, ол Бас конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және сондай-ақ, 8-баптың ережелерін назарға ала отырып, Конференцияның күн тәртібіне оны толықтай немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізудің орындылығын қарайды.

17-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толықтай немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаса және егер жаңа конвенцияда өзгеше көзделмесе, онда:

а) қандай да бір мүше мемлекеттің жаңа қайта қарайтын конвенцияны ратификациялауы жаңа қайта қарайтын конвенцияның күшіне ену шартымен 13-баптың ережелеріне қарамастан, осы Конвенцияның өздігінен дереу күшін жоюға әкеп с о қ т ы р а д ы ;

б) жаңа қайта қарайтын конвенция күшіне енген күнінен бастап осы Конвенция Ұйымға мүше мемлекеттердің ратификациялауы үшін ашық болуын тоқтатады.

2. Осы Конвенция нысаны мен мазмұны бойынша оны ратификациялаған, бірақ қайта қарайтын конвенцияны ратификацияламаған мүше мемлекеттер үшін кез келген жағдайда күшінде қалады.

18-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндерінің бірдей күші бар.

I Қосымша

Теңізшінің жеке куәлігінің моделі

Нысаны мен мазмұны төменде келтірілген теңізшінің жеке куәлігі жоғары сапалы материалдардан жасалады, бұлар практикалық мүмкіндік шамасына қарай және шығындар сияқты пайымдауларды есепке ала отырып, қалың жұртшылық үшін оңай қол жетімді болмауы тиіс. Осы құжатта Конвенцияның ережелерімен көзделген ақпаратты қосу үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты кеңістік болады.

Ол берген мемлекеттің атауын және мынадай белгіні қамтиды:

«Осы құжат Халықаралық еңбек ұйымының 2003 жылғы Теңізшілердің жеке куәліктері туралы конвенциясының (қайта қаралған) мақсаттары үшін теңізшінің жеке куәлігі болып табылады. Осы құжат жеке сипатқа ие және паспорт болып табылмайды»

Төменде қою түспен бөліп көрсетілген деректер қамтылған құжаттың парақтарын ламинат немесе лак қабатын жағу арқылы не фотосуреттердің және басқа да биографиялық деректердің жалған болуына тең дәрежеде кедергі болатын бейнелерді шығару технологиясы мен субстрата материалын қолдану есебінен қорғауға жатады.

Пайдаланылатын материалдар, деректердің мөлшері мен орналастырылуы 9303 Құжаттың 3-бөлігінде (2-басылым, 2002 жыл) немесе 9303 Құжаттың 1-бөлігінде (5-басылым, 2003 жыл) қамтылған Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) техникалық талаптарына сәйкес келеді.

Қорғаудың басқа әдістері кем дегенде мынадай элементтердің бірін қамтиды:
Су белгілері, қорғаудың ультракүлгін элементтері, арнайы бояуларды пайдалану,

арнайы түрлі-түсті дизайнер, перфорацияланған бейнелер, голограммалар, лазерлік нақыштау, микро мөр және термикалық ламинаттау.

Теңізшінің жеке куәлігінде қамтылуы тиіс деректер мыналарды қамтиды:

I. Куәлікті берген орган:

II. Куәлікті берген органның телефон(дар) нөмірлері, электрондық почтасының мекен-жайы және Интернет-сайты:

III. Берілген күні мен жері:

Теңізшінің цифрлық фотосуреті немесе фотосуретінің түпнұсқасы

a) Теңізшінің толық аты-жөні:

b) Жынысы:

c) Туған күні мен жері

d) Азаматтығы:

e) Жеке тұлғаны сәйкестендіруге септігін тигізуі мүмкін дене бітімінің кез келген ерекше белгілері:

f) Қолы:

g) Қолданылу мерзімінің аяқталу күні:

h) Құжаттың үлгісі немесе мақсаты:

i) Құжаттың бірегей нөмірі:

j) Дербес сәйкестендіру нөмірі (факультативті):

k) Саусақ таңбаларының негізінде жасалған және стандарты әзірленуге тиіс штрих-кодтағы цифрлар түрінде берілген биометрикалық қалып:

l) жоғарыда аталған 9303 Құжатта қамтылған ИКАО техникалық талаптарына сәйкес келетін машиналық әдіспен оқылатын аймақ.

IV. Куәлікті берген органның ресми мөрі немесе мөртаңбасы.

Деректер түсіндірмесі

Деректер қамтылған парақтардың жиектеріндегі тақырыптар куәлікті беретін елдің тіл(дер)іне аударылуы мүмкін. Егер ұлттық тілі ағылшын, француз немесе испан тілдері болып табылмаса, онда тақырыптар осы тілдердің бірінде де енгізіледі.

Құжаттағы барлық жазбалар латын әліпбиінің әріптерін қолданумен жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттың мынадай сипаттамалары бар:

I. Берген органы: берген мемлекеттің ИСО коды, теңізшінің жеке куәлігін берген ұйымның толық атауы мен толық мекен-жайы, сондай-ақ куәлікті беруге рұқсат еткен тұлғаның аты-жөні мен лауазымы.

II. Телефон нөмірі, электрондық почтасының мекен-жайы және Интернет-сайты Конвенцияда көрсетілген үйлестіру орталығына сілтемелерге сәйкес келеді.

III. Берілген күні мен орны: күні екі таңбалы араб цифрларымен мынадай кезектілікпен жазылады: күні/айы/жылы (мысалы, 31/12/03); берген орынның атауы ұлттық паспорттағыдай жазылады.

| Фотосуреттің мөлшері: жоғарыда аталған ИКАО |
| 9303 Құжатында қамтылған техникалық талаптарға сәйкес |

- а) Теңізшінің аты толық: алдымен тегі, содан соң мән-жайларға байланысты теңізші атының басқа бөліктері жазылады;
- б) Жынысы: ер адам үшін «М» немесе әйел адам үшін «F» деп көрсету керек;
- с) Туған күні мен жері: күні екі таңбалы араб цифрларымен мынадай кезектілікпен жазылады: күні/айы/жылы; туған жерінің атауы ұлттық паспорттағыдай жазылады;
- д) Азаматтығы туралы ақпарат: азаматтығын көрсету керек;
- е) Дене бітімінің ерекше белгілері: тұлғаны сәйкестендіруге көмегін тигізетін кез келген айрықшалық белгілері;
- ф) Теңізшінің қолы;
- г) Қолдану мерзімінің аяқталу күні: екі таңбалы араб цифрларымен мынадай кезектілікпен: күні/айы/жылы;
- h) Құжат үлгісі немесе мақсаты: латын әліпбиінің бас әріптерінен (S) тұратын құжат үлгісінің коды;
- і) Құжаттың бірегей нөмірі: ел коды (жоғарыдағы 1-тармақты қараңыз), одан соң тоғыздан аспайтын белгілерден құралған әріптік-цифрлық есеп нөмірі;
- j) Дербес сәйкестендіру нөмірі: 14-тен аспайтын әріптік-цифрлық белгілерден құралған теңізшінің факультативтік дербес сәйкестендіру нөмірі;
- к) Биометрикалық қалып: нақты техникалық талаптар әзірленуі тиіс;
- l) Машиналық әдіспен оқылатын аймақ: жоғарыда аталған ИКАО-ның 9303 Құжатында қамтылған техникалық талаптарға сәйкес.

II Қосымша

Электрондық дерекқор

Осы Конвенцияның 4-бабының 1, 2, 6 және 7-тармақтарына сәйкес әрбір мүше мемлекет қолдайтын электрондық дерекқордағы әрбір жазба бойынша берілетін деректерге мыналар кіреді:

1 - б ө л і м

1. Берген органның жеке куәлікте көрсетілген атауы.
2. Жеке куәлікте көрсетілгендей, теңізшінің толық аты.
3. Жеке куәліктің бірегей нөмірі.
4. Жеке куәліктің қолданылу мерзімінің аяқталу, қолданылуын тоқтата тұру немесе оны алып қою күні.

2 - б ө л і м

5. Жеке куәлікке енгізілген биометрикалық қалып.

7. Теңізшілердің жеке куәліктеріне қатысты келіп түскен барлық сұраулар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

III Қосымша

Теңізшілердің жеке куәліктерін беруге қатысты талаптар, сондай-ақ ұсынылатын рәсімдер мен практика

Осы Қосымшада сапаны бақылау рәсімдерін қоса алғанда, осы Конвенцияның 5-бабына сәйкес теңізшілердің жеке куәліктерін (бұдан әрі «ТЖК» деп аталатын) беруге қатысты әрбір мүше мемлекет қабылдауы тиіс рәсімдерге қойылатын ең төменгі талаптар қамтылады.

А бөлігінде ТЖК-ні беру рәсімдерін жүзеге асырған кезде, кем дегенде әрбір мүше мемлекет қол жеткізуі тиіс міндетті нәтижелер санамаланған;

В бөлігінде рәсімдерге және осы нәтижелерге қол жеткізудің практикалық әдістеріне қатысты ұсынымдар қамтылған. В бөлігін мүше мемлекеттер толық көлемде ескеруі тиіс, бірақ міндетті болып табылмайды.

А бөлігі. Міндетті нәтижелер

1. ТЖК-нің бланкілерін шығару және жеткізу

ТЖК бланкілерін шығарудың және жеткізудің қажетті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету үшін мынадай элементтерді қамтитын тәртіп пен рәсімдер белгіленеді:

ТЖК-нің барлық бланкілерінің сапасы болады және нысаны мен мазмұны бойынша I қосымшада баяндалған техникалық талаптарға жауап береді;

- а) шығару үшін пайдаланылатын материалдар қорғауға және бақылауға жатады;
- б) ТЖК-нің бланкілері шығару және жеткізудің бүкіл процесі барысында қорғауға, бақылауға, сәйкестендіруге және қадағалауға жатады;
- с) өндірушілер ТЖК бланкілерін шығару және жеткізу тұрғысынан өз міндеттерін тиісінше орындауға арналған құралдарына ие болады;
- д) ТЖК бланкілерін өндірушіден беретін органға дейін тасымалдау қауіпсіздік талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

2. Бланкілер мен толтырылған ТЖК-ні сақтау және өңдеу, сондай-ақ олар үшін е с е п т і л і к

Бланкілер мен толтырылған ТЖК-ні сақтау және өңдеу кезінде қажетті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ олар үшін есептілікке қатысты мынадай элементтерді қамтитын тәртіп пен рәсімдер белгіленеді:

- а) бланкілер мен толтырылған ТЖК-нің сақталуын және өңделуін бақылауды берген орган жүзеге асырады;
- б) олардың үлгілерін қоса алғанда, бланкілер, сондай-ақ толтырылған және күшін жойған ТЖК қорғауға, бақылауға, сәйкестендіруге және қадағалауға жатады;

с) осы процеске қатысатын персонал олардың қызметтік жағдайына қойылатын мінсіз бедел, түзу ниеттілік пен сенімділік стандарттарына жауап береді және тиісті дәрежеде кәсіби даярлығы болады;

д) міндеттерді уәкілетті лауазымды адамдардың арасында бөлу ТЖК-нің санкциясыз берілуін болдырмауға бағытталған.

3. *Өтініштерді өңдеу; ТЖК-нің қолданылуын тоқтата тұру немесе алып қою; а п е л л я ц и я р ә с і м д е р і*

ТЖК-ні беруге және жеткізуге жауапты орган мен бөлімше өтініштерді өңдеген, ТЖК бланкілерін толтырған және дайын ТЖК-ні ресімдеген кезде қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін мынадай элементтерді қамтитын тәртіп пен р ә с і м д е р б е л г і л е н е д і :

а) бірінші өтініштен кейін және қолданылу мерзімін жаңғырту кезінде ТЖК-нің тек қ а н а м ы н а л а р д ы ң :

i) I Қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес барлық ақпаратты қамтитын ө т і н і ш т е р д і ң ;

ii) куәлікті беретін мемлекеттің заңнамасына және практикасына сәйкес өтініш берушінің жеке тұлға ретіндегі дәлелдемесінің;

iii) азаматтығының немесе мемлекеттің аумағында тұрақты тұратынының дә л е л д е м е с і н і ң ;

iv) 1-баптың ережелеріне сәйкес өтініш берушінің теңізші болып табылатындығы дә л е л д е м е с і н і ң ;

v) өтініш берушілердің, әсіресе бірнеше мемлекеттің азаматы болып табылатын немесе мемлекетінің аумағында тұрақты тұру мәртебесіне ие тұлғалардың біреуден артық ТЖК алмағанын қамтамасыз етудің;

vi) халықаралық актілерде баяндалған негіз қалаушы құқықтар мен бостандықтар тиісті дәрежеде сақталған кезде, өтініш берушінің қауіпсіздікке қатер төндірмегенін тексерудің негізінде берілуін қамтамасыз ететін тексеру және бекіту тәртібі;

б) б ұ л т ә р т і п м ы н а л а р д ы :

i) II қосымшада қамтылған әрбір тармақ бойынша нақты мәліметтердің ТЖК-нің берілуімен бір уақытта дерекқорға енгізілуін;

ii) өтініш берушіден алынған деректердің, фотосуреттің, оның қолы мен биометрикалық элементтерінің өзіне сәйкес келуін;

iii) өтініш берушіден алынған деректердің, фотосуреттің, оның қолы мен биометрикалық элементтерінің ТЖК-ні өңдеудің, берудің және жеткізудің барлық рәсімдері барысында өтінішке сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

с) берілген ТЖК-нің қолданылу мерзімі тоқтатыла тұрған немесе оны алып қойған жағдайда дерекқорды жаңарту үшін жедел шаралар қабылданады;

д) теңізшіге ТЖК-нің мерзімін ұзарту немесе жаңасын беру қажет болған мән-жайларға байланысты, сондай-ақ ол жоғалған жағдайда ұзарту және/немесе

жаңарту

жүйесі

орнатылады;

е) ТЖК-нің қолданылуы тоқтатыла тұруы немесе оны алып қою мүмкін мән-жайлар кеме иелері мен теңізшілердің ұйымдарымен консультациялар негізінде айқындалады;

f) апелляцияның тиімді және транспарентті рәсімдері белгіленеді.

4. Дерекқордың жұмыс істеуі, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны қолдау.

Дерекқордың жұмыс істеуі және оны қолдау үшін қауіпсіздіктің қажетті шараларын қамтамасыз етудің мынадай элементтерді қамтитын тәртібі мен рәсімдері белгіленеді:

а) дерекқорды деректерді санкциясыз өзгертуден және оған рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау қамтамасыз етіледі;

б) деректер үнемі жаңартылады және ақпаратты жоғалтудан қорғалады, сондай-ақ сұрау бойынша кез келген уақытта үйлестіру орталығы арқылы берілуі мүмкін;

с) дерекқорды басқа дерекқорлармен біріктіруге немесе олармен байланыс орнатуға, оны көшіруге немесе басқа дерекқорға ауыстыруға жол берілмейді; дерекқордан алынатын ақпарат тек теңізшілердің жеке тұлғасын сәйкестендіру мақсаттары үшін ғана пайдаланылады;

d) жеке тұлғаның құқықтарын, оның ішінде:

i) дербес деректерді жинау, сақтау, өңдеу және оны беру кезінде жеке өмірінің құпия болу құқығын;

ii) өзіне қатысты деректерге қол жеткізу және кез келген дәлсіздіктерді уақтылы түзету құқығын құрметтеу қамтамасыз етіледі.

5. Рәсімдер сапасын бақылау және мерзімді бағалау

а) Процестер мониторингін қоса алғанда, талап етілетін мынадай стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін рәсімдер сапасын бақылау және мерзімді бағалау есебінен қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін мыналарға:

i) ТЖК-нің бланкілерін шығаруға және жеткізуге;

ii) бланкілерді, күшін жойған және толтырылған ТЖК-ні сақтауға және өңдеуге, сондай-ақ олар үшін есептілікке;

iii) өтініштерді өңдеуге, ТЖК-нің бланкілерін толтыруға және берілуі мен жеткізілуі үшін жауапты органның және бөлімшенің дайын ТЖК-ні ресімдеуіне;

iv) дерекқордың жұмыс істеуіне, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қолдауға қатысты тәртіп пен рәсімдер белгіленеді;

б) беру жүйесі мен рәсімдерінің сенімділігін, сондай-ақ олардың осы Конвенцияның талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін шолу мерзімді негізде жүзеге асырылады;

с) ратификациялайтын басқа мүше мемлекеттер ұсынатын мерзімді бағалаулар туралы баяндамаларда қамтылған ақпараттың құпиялылығын қорғау үшін рәсімдер белгіленеді.

В бөлігі Ұсынылатын рәсімдер мен практика

1. ТЖК-нің бланкілерін шығару және жеткізу

1.1. ТЖК-нің сақталуын және біркелкі болуын қамтамасыз ету мүддесінде құзыретті орган мүше мемлекет беретін ТЖК-нің бланкілерін шығару үшін тиімді көз таңдауға т и і с .

1.2. Егер бланкілер ТЖК-нің берілуі үшін жауапты органның («берген орган») үй-жайларында шығарылуы тиіс болса, онда төмендегі 2.2-тармақтың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

1.3. Сыртқы кәсіпорынды таңдаған жағдайда құзыретті орган:

1.3.1. бұл кәсіпорынның мінсіз беделіне, қаржылық тұрақтылығы мен сенімділігіне к ө з ж е т к і з у і ;

1.3.2. кәсіпорынға ТЖК-нің бланкілерін шығаруға қатысатын барлық қызметкерлерді тағайындау талабымен жүгінуі;

1.3.3. кәсіпорынға тағайындалған қызметкерлердің сенімділігін, мінсіз беделін және түзу ниетін қамтамасыз ететін барабар жүйелердің бар екенін куәландыратын дәлелдемелерді берген органға ұсыну және оны кәсіпорынның осындай әрбір қызметкерді өмір сүру үшін жеткілікті қаражатпен және жұмыспен қамтамасыз етудің жеткілікті кепілдіктерімен қамтамасыз ететіні туралы сендіру талабымен жүгінуі;

1.3.4. ТЖК-ні беруге жауапты органның жеке жауапкершілігіне қысым жасамай, атап айтқанда, төмендегі 1.5-тармақта аталған техникалық талаптар мен нұсқауларды белгілеуге тиіс кәсіпорынмен жазбаша келісім жасасуы және кәсіпорыннан мыналарды:

1.3.4.1. ТЖК бланкілерін шығаруға өзіне құпиялылықты қамтамасыз ету жөнінде қатаң міндеттерді қабылдауға тиіс тағайындалған қызметкерлердің ғана қатысуын қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

1.3.4.2. ТЖК бланкілерін кәсіпорыннан берген органның үй-жайына дейін тасымалдау кезінде барлық қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауды. Бланкілерді беретін лауазымды адамдардың тарапынан осы тұрғыдан ұқыпсыздық анықталмағандығы негізінде олар жауапкершіліктен босатылмайды;

1.3.4.3. осындай әрбір партияны оның құрамы туралы нақты ақпараты бар жүкқұжатпен сүйемелдеуді талап етуі тиіс; атап айтқанда жүкқұжатта әрбір орамдағы ТЖК-нің нөмірлері көрсетілуі тиіс;

1.3.5. егер бастапқы мердігердің келісімді орындауды жалғастыруға мүмкіндігі болмаса, келісімде жұмыстарды аяқтауға жол беретін ереженің болуын қамтамасыз етуі ;

1.3.6. келісімге қол қойғанға дейін кәсіпорынның жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындауы үшін қаражаты бар екендігіне көз жеткізуі т и і с .

1.4. Берген орган немесе кәсіпорын ТЖК бланкілерін мүше мемлекеттің аумағынан тыс жерге жеткізген жағдайда, мүше мемлекеттің құзыретті органы осы тармақтың талаптарын орындау мақсатында шетелдік мемлекеттің тиісті органына өкілеттік бере

а л а д ы .

1.5. Құзыретті орган өзгесінен бөлек:

1.5.1. ТЖК бланкілерін шығаруда пайдаланылатын барлық материалдарға қатысты егжей-тегжейлі техникалық талаптарды белгілеуі; бұл материалдар осы Конвенцияның I Қосымшасында баяндалған жалпы техникалық талаптарға сәйкес болуы тиіс;

1.5.2. ТЖК бланкілерінің нысаны мен мазмұнына қатысты I Қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес нақты техникалық талаптарды белгілеуі;

1.5.3. егер кейіннен әр түрлі баспа машиналары пайдаланылатын болса, ТЖК бланкілерінің біркелкі басып шығарылуына осы техникалық талаптардың ықпал етуін қ а м т а м а с ы з е т у і ;

1.5.4. ТЖК-нің әрбір бланкісінде белгілі бір кезектілікпен және I Қосымшаның ережелеріне сәйкес басып шығарылатын құжаттың бірегей нөмірін генерациялау үшін н а қ т ы н ұ с қ а у л а р б е р у і ;

1.5.5. өндірістік процесс барысында барлық материалдардың сақталуына қатысты нақты техникалық талаптарды белгілеуі тиіс.

2. Бланкілер мен толтырылған ТЖК-ні сақтау және өңдеу, сондай-ақ есептілік м ә с е л е л е р і

2.1. Куәліктерді беру процесіне байланысты барлық операциялар (ТЖК-нің бланкілерін, күшін жойған және толтырылған ТЖК-ні, оларды толтыруға арналған құралдар мен материалдарды сақтауды, өтініштерді қарауды, ТЖК-ні беруді, дерекқорды жүргізуді және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда) берген органның тікелей бақылауымен жүргізілуі тиіс.

2.2. Берген орган куәліктерді беру процесіне қатысатын барлық ресми тұлғаларды бағалауды және олардың әрқайсысына қатысты мінсіз беделі, таза ниеті және сенімділігі туралы куәлік дайындауы тиіс.

2.3. Берген орган куәліктерді беру процесіне қатысатын ресми тұлғалардың бір отбасының мүшелері болмауын қамтамасыз етуі тиіс.

2.4. Куәліктерді беру процесіне қатысатын ресми тұлғалардың нақты жауапкершілік салаларын берген орган тиісті түрде белгілеуі тиіс.

2.5. Бірде-бір ресми тұлға ТЖК-ні алу туралы өтініштерді қарауға және тиісті ТЖК-ні дайындауға байланысты барлық операцияларды орындауға жауапты болмауы тиіс. ТЖК-ні беруге жауапты ресми тұлғаға өтініш жолдайтын ресми тұлға куәліктерді беру процесіне қатыспауы тиіс. Өтініштерді қарау және ТЖК-ні беру жөніндегі әртүрлі міндеттерді орындайтын ресми тұлғалар арасында алмастыру жүргізілуі тиіс.

2.6. Берген орган ішкі пайдалану үшін мыналарды:

2.6.1. ТЖК бланкілерінің жабық үй-жайларда сақталуын, олардың операциялардың күндізгі межелі көлеміне сәйкес және оларды дербес деректермен толтыру үшін жауапты ресми тұлғаларға ғана, сондай-ақ кез келген арнайы уәкілеттік берілген ресми тұлғаға берілуін және ТЖК-нің артық бланкілерінің әр күннің соңында қайтарылуын;

ТЖК-нің қауіпсіз сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар санкциясыз қол жеткізуді болдырмау және тәртіп бұзушыларды анықтаудың басқа да тәсілдерін қ а м т у ы т и і с ;

2.6.2. үлгі ретінде пайдаланылатын барлық ТЖК бланкілерінің мәнінің жойылуын және т и і с т і т а ң б а л а н у ы н ;

2.6.3. ТЖК-нің әрбір бланкісінің және толтырылған, бірақ берілмеген әрбір ТЖК-нің болуы туралы, олардың ішінде жабық үй-жайда сақталатындарын және нақты ресми тұлғаның немесе ресми тұлғалардың қолындағыларын көрсете отырып, күн сайынғы ведомостің дайындалуын және қауіпсіз жерде сақталуын; ведомсті ТЖК бланкілерімен немесе толтырылған, бірақ әлі берілмеген ТЖК-мен жұмысқа қатыспайтын ресми тұлға жүргізуі тиіс;

2.6.4. ТЖК бланкілеріне, сондай-ақ оларды толтыруға арналған құралдар мен материалдарға ТЖК бланкілерін толтыруға жауапты ресми тұлғаларды немесе кез келген арнайы уәкілеттік берілген тұлғаны қоспағанда, кез келген тұлғалардың қол ж е т к і з у і н б о л д ы р м а у д ы ;

2.6.5. әрбір толтырылған ТЖК-нің жабық үй-жайда сақталуын және оның ТЖК-ні беруге жауапты ресми тұлғаға ғана не кез келген арнайы уәкілеттік берілген тұлғаға б е р і л у і н :

2.6.5.1 арнайы уәкілеттік берілген ресми тұлғалар тобын:

а) берген органның атқарушы басшысы немесе атқарушы басшыны ресми білдіретін кез келген тұлға берген жазбаша рұқсат негізінде әрекет ететін тұлғалармен; ж ә н е

б) төмендегі 5-тармақта ескерілген бақылаушымен және тексеру жүргізу немесе өзге бақылауды жүзеге асыру үшін тағайындалған тұлғалармен шектеген жөн;

2.6.6. олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын досының өтініші бойынша куәліктерді беру процесіне ресми тұлғалардың кез келген қатысуына қатаң тыйым с а л у д ы ;

2.6.7. ТЖК-нің немесе оны толтыруға арналған құралдар мен материалдардың кез келген ұрлануын немесе ұрлауға әрекет жасауын тергеу үшін полиция билік орындарына дереу хабарлауды қамтамасыз ететін ережелерді дайындауы тиіс.

2.7. Берілу тәртібінде қателік жасалған жағдайда, тиісті ТЖК күшін жоғалтады, оған түзетулер енгізуге болмайды және оны беруге болмайды.

3. Өтініштерді өңдеу; ТЖК-нің қолданылуын тоқтата тұру немесе алып қою; а п е л л ы ц и ы р ә с і м д е р і

3.1. Берген орган ТЖК-ні алуға арналған өтініштерді қарауға жауапты ресми тұлғалардың жалғандық пен компьютерлік техниканы пайдалануды анықтау әдістерін тиісті оқытудан өтуін қамтамасыз етуге тиіс.

3.2. Берген орган ТЖК-ні: мүдделі теңізші толтырған және қол қойған өтініштің, ұсынылған тұлға дәлелдемелерінің, азаматтық тиістілігі немесе мемлекет аумағында

тұрақты тұруының дәлелдемесі, сондай-ақ өтініш берушінің теңізші болып табылатындығының дәлелдемесі негізінде ғана беруді қамтамасыз ететін ережелерді әзірлеуі тиіс.

3.3. Өтініште осы Конвенцияға I Қосымшада міндетті ретінде белгіленген барлық ақпарат болуы тиіс. Өтініштің бланкісінде өтініш берушілерді кез келген көрінеу жалған деректерді хабарлағаны үшін сотпен қудалануы мен қылмыстық жазалануы мүмкін екендігі туралы ескертетін жазба белгісі болуы тиіс.

3.4. ТЖК-ні алуға алғашқы өтініш жасаған кезде және оның қолданылу мерзімін ұзартуға байланысты болашақтағы кез келген қажеттілік жағдайында:

3.4.1. толтырылған, бірақ қол қойылмаған өтінішті өтініш беруші берген орган тағайындаған ресми тұлғаға жеке беруге тиіс;

3.4.2. өтініш берушінің цифрлық фотосуретін немесе фотосуретінің түпнұсқасын шығаруды және биометрикалық деректерін іріктеу тағайындалған ресми тұлғаның бақылауымен жүзеге асырылуы тиіс;

3.4.3. өтінішке тағайындалған ресми тұлғаның қатысуымен қол қойылуы тиіс;

3.4.4. осыдан кейін өтінішті тағайындалған ресми тұлға оны қарау үшін берген органға жіберуі тиіс.

3.5. Берген орган цифрлық фотосуреттің немесе фотосурет түпнұсқасының және биометрикалық деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауы тиіс.

3.6. Өтініш беруші ұсынған жеке басының дәлелдемесі беретін мемлекеттің заңнамасы мен практикасына сәйкес келуі тиіс. Кеме иесінің, кеме капитанының немесе өтініш берушінің өзге жұмыс берушісінің тарапынан не өтініш берушінің оқу орны директорының тарапынан оның ұқсастығын растайтын жақын кезеңдегі фотосурет жеке басының осындай дәлелдемесі бола алады.

3.7. Әдетте өтініш берушінің паспорты немесе мемлекет аумағында тұрақты тұруға рұқсат беретін құжаты азаматтық тиістілігінің немесе мемлекет аумағында тұрақты тұруының дәлелдемесі болып табылады.

3.8. Өтініш берушілер өздерінде болуы мүмкін кез келген басқа азаматтық туралы жариялауы және олар басқа мүше мемлекеттердің бірінен де ТЖК-ні алмағандығы және оларды беру туралы өтініштермен жүгінбегенін де растауы тиіс.

3.9. Егер өтініш берушінің басқа ТЖК-сі болса, оған ТЖК берілмеуі тиіс.

3.9.1. Теңізшіге қызмет атқару мерзімдеріне байланысты оның ТЖК-нің қолданылуы немесе оны жаңарту мерзімінің өту күні өтінішпен жүгіне алмайтындығы алдын ала белгілі болған жағдайларда, ТЖК-ні мерзімінен бұрын жаңарту жүйесі әрекет етеді;

3.9.2. мерзімін ұзарту жүйесі ТЖК қолдану мерзімін ұзарту, қызмет мерзімінің кездейсоқ ұзартылуына байланысты талап етілген жағдайда қолданылуы тиіс;

3.9.3. ауыстыру жүйесі ТЖК жоғалған жағдайда қолданылуы тиіс. Тиісті уақытша құжат берілуі мүмкін.

3.10. Осы Конвенцияның 1-бабына сәйкес өтініш берушінің теңізші болып табылатындығының дәлелдемелері ең болмағанда мыналарды қамтуы тиіс:

3.10.1. алдыңғы ТЖК-ні немесе теңізшінің жұмыстан босатылғаны туралы анықтаманы; немесе

3.10.2. білімі, біліктілігі немесе өзге де тиісті даярлығы туралы аттестаты; не

3.10.3. тең күші бар дәлелдемелерді.

3.11. Егер оған қажеттілік туындаса, қосымша дәлелдемелер сұратылуы тиіс.

3.12. Барлық өтініштер ТЖК-ні беретін органның құзыретті ресми тұлғасы тарапынан ең болмағанда мынадай тексеру рәсімдеріне ұшырауы тиіс:

3.12.1. өтініштің толық толтырылуын және хабарланған мәліметтердің шынайылығына күмән келтіретін алшақтықтардың болмауын тексеру;

3.12.2. хабарлаған мәліметтер мен қолы өтініш берушінің паспортындағы немесе сенім туғызатын басқа құжаттардағы деректері мен қолына сәйкес болуын тексеру;

3.12.3. төлқұжаттың немесе өзге де ұсынылған құжаттың түпнұсқалылығын паспортты бақылау органымен немесе басқа да құзыретті органмен бірлесіп тексеру; паспорттың түпнұсқалылығына қатысты күмән туындаған жағдайда, оның түпнұсқасын тиісті органға жіберу керек; өзге жағдайларда тиісті беттерінің көшірмелері жіберілуі мүмкін;

3.12.4. мән-жайларға байланысты ұсынылған фотосуретті жоғарыдағы 3.4.2-тармақта айтылған цифрлық фотосуретпен салыстыру;

3.12.5. жоғарыдағы 3.6-тармақта айтылған, айқын шынайы дәлелдемелерінің сәйкестігін тексеру;

3.12.6. жоғарыдағы 3.10-тармақта айтылған, өтініш берушінің шын мәнінде теңізші болып табылатындығын растайтын дәлелдемелерді тексеру;

3.12.7. тиісті өтініш берушіге ТЖК-нің берілмегендігін анықтау үшін Конвенцияның 4-бабында айтылған дерекқорға жүгіну арқылы тексеру; егер өтініш беруші бірден артық елдің азаматы болып табылса немесе өзінің азаматтық тиістілігінен тыс елде тұрақты тұратын болса, қажетті сұрау салуды басқа елдің немесе басқа да тиісті елдердің құзыретті органдарына да жіберу керек;

3.12.8. өтініш берушіге сәйкес келетін тұлғаның ықтимал қауіпсіздікті төндірмейтіндігін анықтау үшін берген орган қол жеткізе алатын кез келген тиісті ұлттық немесе халықаралық дерекқорға жүгіну арқылы тексеру.

3.13. Жоғарыдағы 3.12-тармақта айтылған ресми тұлға тексерулердің әрқайсысының нәтижесін жария ететін іс бойынша қысқаша түсіндірмелерді және өтініш берушінің теңізші болып тасылатындығы туралы қорытындыны негіздейтін фактілерді дайындауға тиіс.

3.14. Толық тексерілгеннен кейін өтініш қосымша ұсынылған құжаттармен және ресми түсіндірмелермен бірге ТЖК-ні толтыруға жауапты ресми тұлғаға тапсырылады, ол өтініш берушіге берілетін болады.

3.15. Толтырылған ТЖК берген органның тиісті құжаттар жинағымен бірге берген органның ресми басшы тұлғасының біреуіне бекітуге жіберіледі.

3.16. Ресми басшы тұлға ең болмағанда ресми түсіндірмелерді қарағаннан кейін, егер рәсімдер тиісті дәрежеде сақталғандығына және өтініш берушіге ТЖК-ні беру негізделген болып табылатындығына көз жеткізген жағдайда ғана құжаттар жинағын б е к і т е д і .

3.17. Бұл шешім жазбаша түрде ресімделуі және арнайы қарауды талап ететін өтініштің кез келген аспектілеріне қатысты түсіндірмелермен сүйемелденуі тиіс.

3.18. ТЖК (паспортпен немесе ұсынылған осыған ұқсас құжатпен бірге) өтініш берушіге тікелей қол қойдыру арқылы берілуі немесе өтініш берушіге не оның өтінішіне сәйкес тапсырылғандығы туралы хабарламамен бірге сенімді почталық жөнелту арқылы оның капитанына немесе жұмыс берушісіне жіберілуі тиіс.

3.19. ТЖК өтініш берушіге берілгенде Конвенцияға II Қосымшада көрсетілген мәліметтер Конвенцияның 4-бабында айтылған дерекқорға енгізілуі тиіс.

3.20. Берген органның ережесінде ТЖК-ні алу мен жөнелтудің арасындағы уақыттың ең жоғарғы кезеңі белгіленуі тиіс. Егер тапсыру туралы хабарлама осы уақыт кезеңі ішінде алынбаған болса және теңізшіге тиісті хабарланғаннан кейін тиісті жазба белгісі дерекқорға енгізілсе, ТЖК жоғалған деп ресми түрде танылады, бұл туралы тиісті ақпарат теңізшіге жіберіледі.

3.21. Барлық жазба белгілер, атап айтқанда, ресми түсіндірмелер (жоғарыдағы 3.13-тармақты қараңыз) және 3.17-тармақта айтылған түсіндірмелер тәрізділер ТЖК-нің қолданылу мерзімі ішінде және ол аяқталғаннан кейін үш жыл қауіпсіз жерде сақталуы тиіс. 3.17-тармаққа сәйкес талап етілетін бұл жазба белгілері мен түсіндірмелер: а) жедел бақылауға жауапты тұлғаларға; б) ТЖК алуға өтініштерді қарауға қатысатын, ресми тұлғаларға; с) оқыту мақсатында қолжетімді болатын жеке ішкі дерекқорға е н г і з і л у і т и і с .

3.22. ТЖК-ның дұрыс берілмегендігі туралы немесе солардың негізінде ол берілген шарттардың өзгеруі туралы ақпарат алынған кезде осы мәселе куәлікті дереу қайтарып алу мақсатында берген органның қарауына дереу тапсырылады.

3.23. ТЖК-нің қолдануын тоқтата тұру немесе алып қою кезінде берген орган өзінің дерекқорын жаңартуға және осы ТЖК қазіргі кезде жарамды деп танылмайтындығын д е р е у к ө р с е т у і т и і с .

3.24. Өтінішке сәйкес ТЖК-ні беру туралы теріс шешім қабылданған жағдайда немесе ТЖК-нің қолдануын тоқтата тұру немесе алып қою туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш беруші оның апелляция құқығы туралы ресми хабардар етілуі, сондай-ақ тиісті шешімнің қабылдану себептері туралы толықтай хабардар етілуі тиіс.

3.25. Апелляция рәсімдері мейлінше жылдам болуы және объективті әрі толық қаралуы туралы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

4. Дерекқордың жұмыс істеуі, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны қолдау

4.1. Берген орган осы Конвенцияның 4-бабының ережелерін іске асыру үшін атап айтқанда :

4.1.1. Конвенцияның 4-бабының 4, 5 және 6-тармақтарының талаптарына сәйкес үйлестіру орталығының немесе аптасына жеті күн ішінде тәулік бойы электрондық қол жеткізудің болуын ;

4.1.2. дерекқордың қауіпсіздігін ;

4.1.3. деректерді сақтау, өңдеу және хабарлау процесінде тұлғаның құқықтарын құрметтеуді ;

4.1.4. оған қатысты деректердің дәлдігін тексеруге және дәлсіздіктер анықталған жағдайда оларды уақтылы түзетуге теңізшілердің құқықтарын құрметтеуді қамтамасыз ететін қажетті шарттар мен ережелерді дайындауы тиіс.

4.2. Берген орган :

4.2.1. берген органның үй-жайларынан тыс қауіпсіз жерде тасымалдаушыда сақталған дерекқордың қосалқы көшірмелерін жүйелі түрде жасау туралы талабын ;

4.2.2. ол тек қана арнайы уәкілеттік берілген ресми тұлғаға беретін дерекқорға қол жеткізу немесе дерекқордағы жазбаларға оларды жасайтын тұлға растағаннан кейін өзгерістер енгізуге рұқсатты қоса алғанда, дерекқорды қорғау үшін тиісті рәсімдерді әзірлеуі тиіс .

5. Рәсімдер сапасын бақылау және мерзімді бағалау

5.1. Берген орган ТЖК-ні сақтау немесе өңдеу процесіне қатыспайтын, өзінің мінсіз беделімен, түзу ниетімен және сенімділігімен белгілі ресми басшы тұлғалардың бірін:

5.1.1. осы ең төменгі талаптарды орындаудың тұрақты мониторингін жүзеге асыру үшін ;

5.1.2. оларды орындаудағы кез келген кемшіліктерге дереу назар аударту үшін ;

5.1.3. ТЖК берудің рәсімдерін жетілдіру мәселелері бойынша атқарушы басшы мен мүдделі ресми тұлғаларға кеңес беру үшін ;

5.1.4. жоғарыда айтылған мәселелер бойынша сапаны бақылау туралы баяндаманы басшылыққа ұсыну үшін бақылаушы ретінде тағайындауы тиіс. Мүмкіндігінше бақылаушы бақылауға жататын барлық операциялармен танысуы керек.

5.2. Бақылаушы беру органының атқарушы басшысының алдында тікелей есеп беруі тиіс .

5.3. Атқарушы басшыны қоса алғанда, беру органының барлық ресми тұлғаларына бақылаушыға, оның өз міндеттерін орындауы үшін қажетті деп есептеген барлық құжаттамаларды немесе ақпаратты ұсыну міндеті жүктелуі тиіс.

5.4. Берген орган ресми тұлғаның бақылаушымен шабуылға ұшырау қаупінсіз еркін сөйлесе алатындай болуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

5.5. Бақылаушыға берілген өкілеттік шеңберінде, мынадай міндеттерді шешуге айрықша көңіл бөлінуі тиіс :

5.5.1. берген органның функцияларын тиімді орындау үшін ресурстардың,

үй-жайлардың, жабдықтың және персоналдың жеткілікті болуын тексеру;

5.5.2. ТЖК-нің бланкілері мен толтырылған ТЖК-нің қауіпсіз сақталуы үшін тиісті шарттарды қамтамасыз ету;

5.5.3. жоғарыда көрсетілген 2.6, 3.2, 4 және 5.4-тармақтарға сәйкес тиісті ережелердің, шарттардың немесе рәсімдердің қабылдануын қамтамасыз ету;

5.5.4. тиісті ресми тұлғалардың осы ережелерді, шарттарды немесе рәсімдерді тиісті білуі мен ұғынуын қамтамасыз ету;

5.5.5. ТЖК алуға өтінішті қабылдаудан бастап оны беру рәсіміне дейінгі жиналған нақты мәліметтерді қарауға байланысты тиісті жазба белгілер мен басқа да жазбаларды қоса алғанда, әрбір орындалатын операцияны іріктеу негізінде егжей-тегжейлі мониторинг;

5.5.6. ТЖК бланкілерін, құралдар мен материалдарды сақтау үшін қолданылатын қауіпсіздіктің тиімді шараларын тексеру;

5.5.7. электронды түрде сақталатын ақпараттың қауіпсіздігі мен шынайылығын және егер қажет болса, сенім білдірілген сарапшының көмегімен, аптасына жеті күн тәулік бойы қол жетімділік туралы талаптың сақталуын тексеру;

5.5.8. ТЖК-ні негізсіз беру мүмкіндігі, қолдан жасау мүмкіндігі немесе ТЖК-ні алдау тәсілімен алуы туралы сенім туғызатын хабарлама жағдайында ішкі регламентті бұзушылықтарды немесе ТЖК-ні негізсіз беруге, қолдан жасауға немесе ТЖК-ні негізсіз беруге әкеліп соқтыруы мүмкін жүйедегі осал тұстарды табу мақсатында тергеу жүргізу;

5.5.9. Конвенцияның 4-бабының 2, 3 және 5-тармақтарының талаптарын ескере отырып, дерекқорда қамтылған егжей-тегжейлі мәліметтерге қол жетімділіктің жеткіліксіздігі туралы не осы мәліметтердегі дәлсіздіктер туралы шағымдарды тексеру;

5.5.10. беру рәсімдерін жетілдіру және осал тұстарын жою мақсатында берген органның атқарушы басшысы тарапынан уақтылы және тиімді шаралар қабылданылуын қамтамасыз ету;

5.5.11. жүзеге асырылатын сапаны тексерудің нәтижелерінің есебін жүргізу;

5.5.12. басшылардың сапаны тексерудің нәтижелерін қарауын қамтамасыз ету және осындай қараудың хаттамаларын жүргізу.

5.6. Берген органның атқарушы басшысы куәліктерді беру жүйесінің сенімділігіне және рәсімдеріне мерзімді талдау жүргізілуін, сондай-ақ олардың осы Конвенцияның талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. Осындай талдау шеңберінде:

5.6.1. куәліктерді беру жүйесі мен рәсімдерінің кез келген тексерулерінің нәтижелері;

5.6.2. хаттамалар мен тексеру қорытындылары, сондай-ақ анықталған осал тұстарды және қауіпсіздік режимін бұзушылықтарды түзеуге бағытталған тиімді шараларды қамтамасыз етуге қатысты өзге де мәліметтер;

5.6.3. берілген, жоғалған, күшін жойған немесе бүлінген ТЖК-ні есепке алу

в е д о м о с і ;

5.6.4. сапаны бақылау функциясына байланысты материалдар;

5.6.5. дерекқорға келіп түскен сұрауларды қоса алғанда, электрондық дерекқордың сенімділігіне немесе қауіпсіздігіне қатысты проблемалар туралы тіркелген ақпарат;

5.6.6. технологияны жетілдіру немесе ТЖК-ні беру рәсімін жаңарту нәтижесінде куәліктерді беру жүйесіне және рәсіміне енгізілген өзгерістердің салдары;

5.6.7. басшылық жүзеге асыратын қараулардың нәтижелері бойынша қ о р ы т ы н д ы л а р ;

5.6.8. ХЕҰ тиісті актілерінде іске асырылған еңбек саласындағы негіз қалаушы принциптер мен құқықтарға толық сәйкестікте қолданылуын қамтамасыз ету үшін рәсімдерді тексеру ескерілуі тиіс.

5.7. Басқа мүше мемлекеттер ұсынатын материалдарды санкциясыз жария етуге кедергі келтіретін тәртіп пен рәсімдер белгіленуі тиіс.

5.8. Түгендеп бақылау рәсімін қоса алғанда, тексерудің барлық рәсімдері мен тәртібі өндірістік әдістер мен қауіпсіздік шаралары осы Ереженің талаптарына жауап беретіндігіне кепілдік беруі тиіс.

Осы қазақ тіліндегі мәтін 2003 жылғы 3 маусымда Женева қаласында жасалған « Халықаралық Еңбек Ұйымының Теңізшілердің жеке куәліктері туралы № 185 (қайта қаралған) конвенциясының куәландырылған көшірмесінің мәтініне дәлме-дәл болып табылатындығын куәландырамын.

*Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
департаментінің директоры Е. Маличева*

108 Халықаралық еңбек ұйымының Теңізшілердің ұлттық жеке куәлігі туралы конвенциясы (Женева, 13 мамыр, 1958 ж.)

Конвенция 1961 жылғы 19 ақпанда күшіне енді

Халықаралық еңбек бюросының Әкімшілік кеңесімен Женевада шақырылған және 1958 жылы 29 сәуірде өзінің қырық бірінші сессиясына жиналған Халықаралық еңбек ұйымының Б а с К о н ф е р е н ц и я с ы ,

сессияның күн тәртібінің жетінші тармағы болып табылатын, теңізшілердің ұлттық жеке куәлігін өзара немесе халықаралық тану туралы бірнеше ұсыныстарды қабылдауды қаулы ете отырып,

осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, мың тоғыз жүз елу сегізінші жылғы осы мамыр айының он үшінші күні төмендегі Конвенцияны қабылдайды, оны Теңізшілердің жеке куәлігі туралы 1958 жылғы конвенциясы деп атады:

1-бап

1. Осы Конвенция оның күші бар аумақта тіркелген және әдетте теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кеменің бортында (әскери кемені қоспағанда) кез келген қызметпен айналысатын әрбір теңізшіге қатысты қолданылады.

2. Осы Конвенция мақсатында қандай да бір санаттағы тұлғалар теңізші деп есептелуіне қатысты қандай да болмасын күмәнді жағдайда, осы мәселені кеме иелері мен теңізшілердің тиісті ұйымдарымен консультация жүргізгеннен кейін әрбір елде құзыретті органдар шешеді.

2-бап

1. Осы Конвенцияның күші бар Ұйымның әрбір мүшесі теңізші болып табылатын өзінің әрбір азаматының өтініші бойынша осы Конвенцияның 4-бабының ережелеріне сәйкес оған жеке куәлік береді. Алайда, осындай құжаттарды теңізшілердің ерекше санаттарына осы елдің беруі мүмкін болып табылмаса, Ұйымның осы мүшесі сол құжаттардың орнына оның иесі теңізші екендігін растайтын төлқұжат бере алады және осындай төлқұжат осы Конвенцияның мақсатында теңізшінің жеке куәлігі сияқты к ү ш к е и е .

2. Осы Конвенцияның күші бар Ұйымның әрбір мүшесі теңізшінің жеке куәлігін осы мүшенің аумағында тіркелген немесе сол аумақ шегінде жалдау бюросында тіркелген кеме бортында қызмет атқаратын, осындай құжат үшін өтініш еткен кез келген басқа да теңізшіге бере алады.

3-бап

Теңізшінің жеке куәлігі әрқашан теңізшіде сақталады.

4-бап

1. Теңізшінің жеке куәлігі оның небір өзгерістерін тез айқындауға болатындай берік материалдан қарапайым нысанда жасалады.

2. Теңізшінің жеке куәлігінде оны берген билік өкілінің тегі және шені, берілген күні мен орны, және бұл құжат осы Конвенцияның мақсатында теңізшінің жеке куәлігі болып табылатындығы туралы белгі көрсетіледі.

3. Теңізшінің жеке куәлігі мынадай мәліметтерді қамтиды:

a) толық аты (тегі, аты және, егер олар болған жағдайда, атының басқа бөліктері);

b) туған жері мен күні;

c) ұлты;

d) айрықша белгілері;

е) ф о т о с у р е т і ;

ф) қолы немесе құжаттың иесі қол қоя алмаса, бас бармақтың таңбасы.

4. Егер Ұйым мүшесі теңізшінің куәлігін шетел теңізшісіне беретін болса, онда құжатқа теңізшінің ұлты туралы қандай да бір жазуды енгізу міндетті емес және осындай жазу теңізші ұлтының негізгі дәлелдемесі болып табылмайды.

5. Теңізшінің жеке куәлігінің қолданылу мерзімін кез келген шектеу онда айқын көрсетіледі.

6. Алдыңғы тармақтардың ережелерінің сақталуы шартымен теңізшінің жеке куәлігінің нақты нысаны мен мазмұнын жеке куәлікті беретін Ұйым мүшесі кеме иелері мен теңізшілердің тиісті ұйымдарымен консультациялар бойынша белгілейді.

7. Ұлттық заңнама теңізшінің жеке куәлігіне қосымша мәліметтер енгізуді белгілеуі мүмкін.

5-бап

1. Осы Конвенцияның күші таралатын аумақтың құзыретті билік орындары берген теңізшінің жарамды жеке куәлігі бар әрбір теңізшіге сол аумаққа қайта оралуға рұқсат етіледі.

2. Теңізшіге осы құжатта көрсетілген мерзім өткеннен кейін кем дегенде бір жыл мерзім ішінде қайта оралуға рұқсат етіледі.

6-бап

1. Ұйымның ол үшін осы Конвенцияның күші бар әрбір мүшесі, егер аумаққа осындай кіру кеме портта болған уақытта жағалауға уақытша жіберу үшін қажет болса, теңізшінің жарамды жеке куәлігі бар теңізшінің өз аумағына кіруіне рұқсат етеді.

2. Егер теңізшінің жеке куәлігінде тиісті жазбалар үшін орын болса, Ұйымның ол үшін осы Конвенцияның күші бар әрбір мүшесі теңізшінің жарамды жеке куәлігі бар теңізшінің, егер аумаққа осындай кіру келесі мақсаттар үшін:

а) өз кемесіне келу немесе басқа кемеге ауысу үшін;

б) басқа елдегі өз кемесіне бару мақсатында немесе отанына қайтып оралу мақсатында транзиттік жол жүру үшін;

с) мүдделі мүшенің билік орындары мақұлдаған кез келген басқа мақсат үшін қажет болса, өз аумағына кіруге рұқсат етеді.

3. Ұйымның әрбір мүшесі алдыңғы тармақта белгіленген мақсаттардың бірі үшін өз аумағына кіруге рұқсат етпестен бұрын мүдделі теңізшіден, кеме иесінен немесе оның өкілінен немесе тиісті консулдан құжаттық дәлелдерді қоса алғанда, теңізшінің ниеті туралы және соңғысының осы ниетін орындау қабілеті туралы дәлелдерді талап ете алады. Осы мүше сондай-ақ, теңізшінің өз аумағына болуын осы мақсат үшін орынды деп есептелетін мерзімге шектей алады.

4. Осы бапта ешнәрсе де Ұйым мүшесінің қандай да бір белгілі тұлғаның өз аймағына кіруіне және онда болуына рұқсат етпеу құқығын шектеу деп түсіндірілмейді.

7-бап

Осы Конвенцияны ратификациялау туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық еңбек бюросының Бас директорына жолданады.

8-бап

1. Осы Конвенция Халықаралық еңбек бюросында ратификациялау туралы құжаттары тіркелген Халықаралық еңбек ұйымының мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Осы Ұйымның екі мүшесінің ратификациялау туралы құжаттарын Бас директор тіркегеннен кейін он екі айдан соң күшіне енеді.

3. Кейіннен осы Конвенция ұйымның әрбір мүшесіне қатысты оның ратификациялау туралы құжаты тіркелген күннен кейін он екі айдан соң күшіне енеді.

9-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны ратификациялаған кез келген мүшесі оның бастапқы күшіне енген күнінен бастап он жылдық кезең өткеннен кейін Халықаралық еңбек бюросының Бас директорына жіберілген және онымен тіркелген күшін жою туралы акті арқылы оның күшін жоя алады. Күшін жою туралы акті тіркегеннен бір жылдан кейін күшін жою күшіне енеді.

2. Ұйымның осы Конвенцияны ратификациялаған, алдыңғы тармақта көрсетілген он жылдық кезең аяқталғаннан кейін бір жылдық мерзімде осы бапта көзделген күшін жоюға өз құқығын пайдаланбаған әрбір мүшесі келесі он жылдық кезеңге байланысты болады және кейіннен осы бапта көзделген тәртіппен әрбір он жыл өткеннен кейін осы Конвенцияның күшін жоя алады.

10-бап

1. Халықаралық еңбек бюросының Бас директоры Халықаралық еңбек ұйымының барлық мүшелеріне ол Ұйым мүшелерінен алған ратификациялау туралы барлық құжаттарды және күшін жою туралы актілерді тіркеу туралы хабарлайды.

2. Бас директор Ұйымның мүшелеріне өзі алған ратификациялау туралы екінші құжатты тіркеу туралы хабардар ете отырып, олардың назарын Конвенцияның күшіне ену күніне аударады.

11-бап

Халықаралық еңбек бюросының Бас директоры Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін ол алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес тіркеген барлық ратификациялау туралы құжаттар мен күшін жою туралы актілерге қатысты толық мәліметтерді жолдайды.

12-бап

Халықаралық еңбек бюросының Әкімшілік кеңесі бұл қажет деп есептеген әрбір жағдайда, ол Бас конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толықтай немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу керек пе екендігін шешеді.

13-бап

Егер Конференция осы Конвенцияны толықтай немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаса және егер жаңа конвенцияда кері көзделмесе, онда:

а) Ұйымның қайсы бір мүшесінің жаңа, қайта қаралатын конвенцияны ратификациялауы жаңа, қайта қарайтын конвенция күшіне ену жағдайында, 9-баптың ережелеріне қарамастан, осы Конвенцияның күшін дереу автоматты түрде жоюға әкеп с о қ т ы р а д ы .

б) жаңа, қайта қаралатын конвенция күшіне енген күнінен бастап осы Конвенция Ұйым Мүшелеріне ратификациялау үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны ратификациялаған, бірақ жаңа, қайта қаралатын конвенцияны ратификацияламаған Ұйымның Мүшелеріне қатысты нысаны мен мазмұны жағынан кез келген жағдайда өз күшінде қалады.

14-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей.
/қолдар/

№ 108 Халықаралық еңбек ұйымының Теңізшілердің ұлттық жеке куәлігі туралы конвенциясының қазақ тіліндегі мәтіні осы Конвенцияның орыс тіліндегі мәтінімен тең түпнұсқасы болып табылады.

*Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
департаментінің директоры Е. Маличева*

**ТЕҢІЗДЕ АДАМ ӨМІРІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ 1974 ЖЫЛҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ**

**КОНВЕНЦИЯНЫҢ УАҒДАЛАСУШЫ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ 1
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҚАРАРЫ АДАМ ӨМІРІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ 1974
ЖЫЛҒЫ ТЕҢІЗДЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯҒА ҚОСЫМШАҒА ТҮЗЕТУЛЕРДІ
МАҚҰЛДАУ
(2002 жылғы 12 желтоқсан)**

К О Н Ф Е Р Е Н Ц И Я ,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға және мемлекеттер арасында достық қатынастар мен ынтымақтастықты дамытуға қатысты мақсаттары мен қағидаттарын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

ештеңеге кінәлі емес адамдардың өміріне қауіп төндіретін немесе олардың өліміне әкелетін, адамдардың негізгі бостандығына қауіп төндіретін және қадір-қасиетіне елеулі түрде қысым жасайтын террорлық актілердің барлық түрінің бүкіл дүние жүзі бойынша үдей түсуіне ТЕРЕҢ АЛАҢДАУШЫЛЫҚТА БОЛА ОТЫРЫП,

Әлемдік сауда мен экономика үшін кеме қатынасының маңызды да мәнді екендігін сезіне отырып және сондықтан да жүктерді тасымалдаудың дүниежүзілік желісін кемелерге, порттарға, жағалаулық терминалдарға немесе өзге де құралдарға террористік шабуылдар нәтижесіндегі бұзушылықтардан қорғаудың орындалу шешімділігіне С Е Н Е О Т Ы Р Ы П ,

Кеме қатынасына қарсы заңсыз іс-әрекеттердің адамдар мен мүліктердің қауіпсіздігі мен қорғалуына қауіп төндіреді, теңіздік қызметтердің жұмысын елеулі түрде бұзады және дүние жүзі халықтарының теңіз кеме қатынасының қауіпсіздігіне сенімін жоғалтады деп Е С Е П Т Е Й О Т Ы Р Ы П ,

Осындай іс-әрекеттерді жасау тұтастай алғанда халықаралық қауымдастықтың елеулі алаңдаушылығының мәні болып табылады деп есептей отырып, сонымен қатар әлемдік сауда тауарларының тиімді және үнемді орын ауыстыруының маңыздылығын Т А Н И О Т Ы Р Ы П ,

Кеме қатынасына оның кең мағынасында қарсы бағытталған заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу және жолын кесу мақсатымен, қазірдің өзінде Халықаралық теңіз ұйымы (бұдан әрі «Ұйым» деп аталатын) қабылдаған шараларға қосымша тиімді және практикалық шаралар әзірлеуге және қабылдауға мемлекеттер арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудың шұғыл қажеттілігіне С Е Н І М Д І Б О Л А О Т Ы Р Ы П ,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің террористік іс-әрекеттердің алдын алу және жолын кесу мақсатымен мемлекеттердің шаралар қабылдауды талап ететін, сондай-ақ мемлекетті терроризмге қарсы күреске қатысты конвенцияларды толық жүзеге асыруға шақыратын, 2001 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған 1373 (2001)

қарарына СІЛТЕМЕ ЖАСАЙ ОТЫРЫП,

«Сегіздік тобы» елдерінің басшылары Кананаскисте, Альберт провинциясында (Канада), 2002 жылғы маусымда олардың жоғары деңгейдегі кездесуі кезінде мақұлдаған «Сегіздік тобының» көліктік қауіпсіздік саласында бірлескен іс-қимыл жөніндегі құжатын (атап айтқанда, осы құжаттың теңіз қауіпсіздігіне қатысты бөлімін)

А Т А П Ө Т Е О Т Ы Р Ы П ,

Уағдаласушы үкіметтердің Конференциясын шақыру арқылы Конвенцияға түзетулер енгізу рәсіміне қатысты түзетулерімен бірге 1974 жылғы теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның VIII с) бабына СІЛТЕМЕ ЖАСАЙ О Т Ы Р Ы П ,

Ұйым Ассамблеясымен 2001 жылғы 20 қарашада қабылданған «Жолаушылар мен экипаждардың, сондай-ақ кемелердің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін террористік актілерді болдырмау бойынша шаралар мен рәсімдерге шолу» деген тақырып қойылған

, онда басқаларының арасында :

а) кемелер бортында және порттық аудандарда жолаушыларға, экипаждарға және порттық қызметшілерге, сондай-ақ кемелерге және олардағы жүктерге төнетін қауіпті азайту мақсатында Ұйымның қазіргі қолданыстағы халықаралық заңдық және техникалық шараларды қайта қарау, сондай-ақ кемелерге қарсы терроризмді болдырмау және жолын кесу бойынша және кемелерде және жағалауда қауіпсіздікті күшейту бойынша жаңа тиісті шараларды қарау ниетімен шолу жүргізуі қажеттігі т а н ы л ғ а н ; ж ә н е

б) Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитеттен, Заң комитетінен және Нысаншылдықты оңайлату жөніндегі комитеттен Кеңестің басшылық етуімен бірінші кезектегі ретпен, жоғарыда көрсетілген қарардың кіріспесінің және қазіргі заманғы талаптарға олардың құзыреті аясына кіретін ХТҰ кез келген басқа да тиісті құжатының тармақтарында ескерілген құжаттарды сәйкес келтіру қажеттілігі бар-жоғын айқындау мақсатымен шолу жүргізуді және/немесе қауіпсіздіктің басқа да шараларын қабылдау және осындай шолуға қарай тиісті шаралар қабылдау сұралған А. 924 (22) қарарын А Т А П Ө Т Е О Т Ы Р Ы П ;

«Кемелердің, сондай-ақ олардағы жолаушылар мен экипаждардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау жөніндегі шаралар» деп аталатын А. 584 (14) қарарының, «Кемелер бортындағы жолаушылар мен экипаждарға қарсы бағытталған заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау жөніндегі шаралар» MSC/Circ. 443 циркулярының, және «Жолаушылар паромдарының қауіпсіздігі» MSC/Circ. 754 циркулярының А. 924 (22) қарарының саласына қатысы бар ХТҰ құжаттарының қатарына кіретіндігін АНЫҚТАЙ ОТЫРЫП,

Адам өмірін қорғау жөніндегі Халықаралық конвенциясының Уағдаласушы үкіметтерінің 1994 жылғы Конференциясымен қабылданған, «1974 жылғы СОЛАС конвенциясының XI тарауына болашақтағы түзетулер» деп аталатын 5-қарарына

Ұйымның барлық мүшелері мен Конвенцияның барлық Уағдаласушы үкіметтеріне ұсынылған және таратылып жіберілген Конвенцияның Қосымшасына түзетулерді
Қ А Р А Й К Е Л І П ,

1. Конвенцияның VIII с) ii) бабына сәйкес мәтіні осы қарардың қосымшасында келтірілген, Конвенцияның Қосымшасына түзетулерді **МАҚҰЛДАЙДЫ**;

2. Жоғарыда ескертілген түзетулерді 2004 жылғы 1 қаңтарда қабылданған деп санауға, егер осы күнге дейін, жалпы сауда флотының жалпы сыйымдылығы бойынша дүниежүзілік сауда флотының кемінде 50 % құрайтын Конвенцияның Уағдаласушы үкіметтерінің үштен бірі немесе мемлекеттердің Уағдаласушы үкіметтерінің жалпы сауда флотының жалпы сыйымдылығы бойынша дүние жүзілік сауда флотының кемінде 50% құрайтын мемлекеттердің Уағдаласушы үкіметтері түзетулерге қарсылықтары туралы мәлідемесе, Конвенцияның VIII b) vi) 2) bb) баптарына сәйкес
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І ;

3. Конвенцияның Уағдаласушы үкіметтеріне Конвенцияның VIII b) vii) 2) баптарына сәйкес ескертілген түзетулердің, олар қабылданғаннан кейін жоғарыдағы 2-тармағына сәйкес 2004 жылдың 1 шілдесінде күшіне енетіндігін назарға алуды
Ұ С Ы Н А Д Ы ;

4. Ұйымның Бас хатшысынан Конвенцияның VIII b) V) баптарына сәйкес осы қарар мен қосымшада мазмұндалған түзетулер мәтінінің куәландырылған көшірмелерін Конвенцияның барлық Уағдаласушы үкіметтеріне жолдауды **СҰРАЙДЫ**;

5. Одан әрі Бас хатшыдан, осы қарар мен оның қосымшасының көшірмелерін Конвенцияның Уағдаласқан үкіметтері болып табылмайтын Ұйымның барлық мүшелеріне жолдауды **СҰРАЙДЫ**.

Қосымша

1974 жылғы түзетулерімен Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға Қосымшаға түзетулер

V ТАРАУ

ТЕҢІЗДЕ ЖҮЗУ ҚАУІПСІЗДІГІ

19-ереже

Кемелерді навигациялық жүйелермен және жабдықпен жаратандыруға қойылатын
т а л а п т а р

1. 10. 2.4.2-тармақтың қолданыстағы 4), 5) және 6) тармақшалары мынаған
а у ы с т ы р ы л а д ы :

«4) жалпы сыйымдылығы 300 және одан артық, бірақ 50 000-нан кем жолаушылар кемесінен өзге кемелер мен танкерлер, - 2004 жылғы 1 шілдеден кейін немесе 2004 жылғы 31 желтоқсанға қарай қайсысы бұрын болатынына қарай қауіпсіздік¹ жабдығының алғашқы куәландырылғанынан кешіктірмей; және»

2. 11. 2.4-тармақтың қолданыстағы 7) тармақшасына мынадай жаңа сөйлем қ о с ы л а д ы :

«ААЖ-мен жабдықталған кемелер, халықаралық келісімдермен, заңдармен немесе стандарттармен навигациялық ақпараттың жасырындығы көзделген жағдайларды қоспағанда, оны тұрақты түрде қосылған күйде ұстайды.»

- - - - -
¹ Қауіпсіздік жабдығын алғашқы куәландыру 2004 жылғы 1 шілдеден кейін болуға тиісті, қауіпсіздік жабдығына арналған куәландыруды рәсімдеу үшін жыл сайынғы куәландыру, алғашқы мерзімді куәландыру немесе алғашқы куәландыру, ал жасалып жатқан кемелер үшін - алғашқы куәландыру дегенді білдіреді.

12. «ТЕҢІЗДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ШАРАЛАР »

3. XI тарауы X-1 болып нөмірленеді

3-ереже

Кемелердің айырым нөмірі

4. 13. 3-ереженің қолданыстағы тақырыбына мыналар енгізіледі:

«Осы ереже қолданылатын кемелердің барлығына 4 және 5-тармақтар қолданылады . 2004 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалынған кемелер үшін 4 және 5-тармақтардың талаптары 2004 жылғы 1 шілдеден кейін алғашқы жоспарлы доктаудан кешіктірілмей о р ы н д а л а д ы . »

5. Қолданыстағы 4-тармақ мыналармен ауыстырылады:

«4. Кеменің айырым нөмірі тұрақты түрде жазылады:

1. кеменің артқы жағындағы көріңкі орында; немесе әрбір бортта корпус ұзындығының ортасына ең терең жүк ватерлиншінен жоғары; немесе қондырманың әрбір бортына; немесе қондырманың маңдайша табақшасына; немесе жолаушылар кемелерінде жоғарыдан көрінетін көлденең бетіне; және

2. 11-2/3.30-ережеде белгіленген машиналық үй-жайлардағы соңғы көлденең қалқаның бірінде оңай қол жеткізілетін орынға; не болмаса жүк люктерінің бір қапталына; немесе - танкерлерде - жүк сорғы бөлімінде; немесе - 11-2/3.41-ережеде белгіленген, ро-ро үй-жайлары бар кемелерде - ро-ро үй-жайларының көлденең қ а л а қ а с ы н ы ң бір қа п т а л ы н а .

5.1. Бұл тұрақты таңбалау жақсы көрінетін және корпустағы кез келген басқа да таңбалардан бөлек орналастырылуы тиіс, ол қарама-қарсы реңде орындалуы тиіс.

5.2. 4.1-тармақта аталған тұрақты таңбалаудың биіктігі кемінде 200 мм болуы тиіс. 4.2-тармақта аталған тұрақты таңбалаудың биіктігі кемінде 100 мм болуы тиіс. Белгілердің қалыңдығы биіктігіне пропорционалды болып таңдалады.

5.3. Тұрақты таңбалау жапсырма белгілермен немесе ойып жазу немесе сенімділігі мен сақталуын қамтамасыз ететін керндеу немесе кез келген басқа да тәсілмен о р ы н д а л а д ы .

5.4. Металл емес материалдардан жасалған кемелерге кемеңің айырым нөмірін ж а з у д ы Ә к і м ш і л і к б е л г і л е й д і .»

6. 4-ережеден кейін мынадай жаңа 5-ереже қосылады:

5-ереже

Кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналы

1. Осы тарау қолданылатын әрбір кемеде Кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналы б о л у т и і с .

2.1. Журнал оған енгізілген ақпаратқа қатысты кемеңің тарихын тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т у г е а р н а л ғ а н .

2.2. 2004 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған кемелер үшін, журналда кем дегенде 2004 жылғы 1 шілдеден бастап кемеңің тарихы көрсетілуі тиіс.

3. Журналды Әкімшілік оның туын көтеріп жүзуге құқығы бар әрбір кемеге береді және онда ең аз дегенде мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) кемеңің туын көтеріп жүзуге құқығы бар мемлекеттің атауы;

2) мемлекетте кемеңің тіркелген күні;

3) 3-ережеге сәйкес кемеңің айырым нөмірі;

4) к е м е н ің а т а у ы ;

5) т і р к е л г е н п о р т ы ;

б) тіркелген(-дер) иесінің(-лерінің) аты (атауы) және тіркелген мекенжай(-лар);

7) егер кеме жалдаудың осы түрі пайдаланылатын болса, бербоут-чартер бойынша, тіркелген кеме жалдаушының(-лардың) аты-жөні(атауы) және тіркелген(-дердің) м е к е н ж а й ы (- л а р ы) ;

8) XII ережеде белгіленген компанияның атауы, компанияның қауіпсіздікті басқару жөніндегі қызметін жүзеге асыратын оның мекенжайы(-лары);

9) кемеге сынып берген барлық сыныптау қоғамдарының атаулары;

10) ХҚБК-да ескерілген, анықтамасы IX/1 ережеде берілген кеме пайдаланушы компанияға сәйкестік туралы құжатты (немесе Сәйкестік туралы уақытша құжатты) берген Әкімшіліктің немесе Уағдаласушы үкіметтің немесе танылған ұйымның атауы және егер Сәйкестік туралы құжатты бұл орган бермесе, Сәйкестік туралы құжат

берілген аудиторлық тексеруді орындаған органның атауы;

11) ХҚБК-да ескерілген, анықтамасы IX/1 ережеде берілген, Қауіпсіздікті басқару туралы куәлікті (немесе Қауіпсіздікті басқару туралы уақытша куәлікті) кемеге берген Әкімшіліктің немесе Уағдаласушы үкіметтің немесе танылған ұйымның атауы және егер Қауіпсіздікті басқару туралы куәлікті бұл орган бермесе, Қауіпсіздікті басқару туралы куәлік берілген аудиторлық тексеруді орындаған органның атауы;

12) КПКҚ Кодексінің А бөлігінде ескертілген, анықтамасы XI-2/1 ережеде берілген Кемені қорғау туралы халықаралық куәлікті (немесе Кемені қорғау туралы уақытша халықаралық куәлікті) берген Әкімшіліктің немесе Уағдаласушы үкіметтің атауы, және егер куәлікті бұл орган бермесе, негізінде Куәлік берілген тексеруді орындаған органның атауы ; және

13) мемлекетте кемені тіркеу аяқталған күн.

4.1. 3.4 - 3.12-тармақтарда айтылған жазбалармен байланысты кез келген өзгерістер Журналға қазіргі заманғы деңгейге келтірілген ақпаратты осы өзгерістердің реттілігімен бірге ұсынылатындай етіп жазылады.

4.2. 4.1-тармақта сілтеме берілген, жазбаларға байланысты кез келген өзгерістер жағдайында Әкімшілік оның туын көтеріп жүзетін кемеге оны мүмкіндігінше тезірек, өзгерістен кейін үш айдан кешіктірмей, немесе қайта қаралған және қазіргі заманғы деңгейге келтірілген Журнал нұсқасын немесе Журналға тиісті түзетулерді береді.

4.3. 4.1-тармақта сілтеме берілген, жазбаларға байланысты кез келген өзгерістер жағдайында Әкімшілік қайта қаралған және қазіргі заманғы деңгейге келтірілген Журнал нұсқасын бергенге дейін, XI/1 ережеде белгіленген компанияға, немесе кеме капитанына осы өзгерісті көрсететін түзетулерді Журналға енгізуге уәкілеттік береді және олардан талап етеді. Мұндай жағдайда, Журналға түзетулер енгізілгеннен кейін компания кідірместен тиісті Әкімшілікті хабардар етеді.

5.1. Журнал ағылшын немесе француз, немесе испан тілдерінде жасалады. Бұдан басқа, Журналдың ресми тілдегі немесе Әкімшіліктің тілдеріндегі аудармасы беріледі.

5.2. Журнал Ұйым әзірлеген нысан бойынша жасалып, Ұйым әзірлеген нұсқаулыққа сәйкес ұсталады. Журналдағы кез келген бұдан бұрынғы жазбалар өзгертілмеуі, сызылмауы немесе қандай да бір түрде өшірілмеуі тиіс, кез келген жағдайда олар о қ ы л а т ы н б о л ы п қ а л у ы т и і с .

6. Кеме басқа мемлекеттің туын көтеріп жүзуге астына берілген кезде немесе кеме басқа иеленушіге сатылған кезде (немесе кеме бербоут-чартер бойынша басқа кеме жалдаушыға берілген кезде) немесе басқа компания кемені пайдалануға жауапкершілікті өзіне қабылдаған кезде Журнал кемеде қалады.

7. Егер кеме басқа мемлекеттің туын көтеріп жүзуге берілуге жататын болса, компания, Әкімшілікке кеменің оның туын көтеріп жүзуге берілетін мемлекеттің атын осы мемлекетке кеме оның заңды құзырында тұрған уақыт кезеңін қамтитын Журналдың бір данасын Әкімшілік жіберу үшін хабарлайды.

8. Кеме үкіметі Уағдаласушы үкімет болып табылатын басқа мемлекеттің туын көтеріп жүзуге берілген кезде, кеме оның туын көтеріп жүзген мемлекеттің Уағдаласушы үкіметі Әкімшілікке, кеме берілгеннен кейін мүмкіндігінше жедел кеме оның заңды құзырында болған уақыт кезеңін қамтитын тиісті Журналдың бір данасын, бұрын басқа да мемлекеттер берген кез келген Журналдармен бірге береді.

9. Егер кеме басқа мемлекеттің туын көтеріп жүзуге берілсе, Әкімшілік осы ереженің мақсаты болып табылатын, кеме тарихын үздіксіз тіркеуді қамтамасыз ету үшін кемеге берілетін Журналға қолданыстағы Журналды қоса береді.

10. Журнал кемеде болады және кез келген уақытта тексеру үшін қолжеткізімді
б о л у ы т и і с . » .

16. XI-1 тараудан кейін жаңа XI-2 тарау енгізіледі:

«XI-2 ТАРАУ. ТЕҢІЗДЕ ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ШАРАЛАР»

1-ереже

Анықтамалар

1. Егер арнайы өзгеше көзделмесе, осы тараудың мақсаты үшін:

- 1) Ақтара тиеу кемесі - IX/1.6 ережеде анықталған ақтара тиеу кемесін білдіреді;
- 2) Химиялық заттар тасығыш танкер - VII/8.2 ережеде анықталған химиялық т а с ы ғы ш т а н к е р д і б і л д і р е д і ;
- 3) Газ тасығыш - VII/11.2 ережеде анықталған газ тасығышты білдіреді;
- 4) Жоғары жылдамдықтағы кеме - X/1.2 ережеде анықталған кеме білдіреді;
- 5) Теңіз жылжымалы бұрғылау қондырғысы - IX/1 ережеде анықталған кен өндіру орнында тұрмайтын, механикалық қозғалыс құралдары бар теңіз жылжымалы б ұ р ғы л а у қ о н д ы р ғы с ы н б і л д і р е д і ;
- 6) Мұнай танкері - 11-1/2.12 ережеде анықталған мұнай танкерін білдіреді;
- 7) Компания - IX/1 ережеде анықталған компанияны білдіреді;
- 8) Кеме/порттың өзара іс-қимылы - адамдардың, тауарлардың қозғалып ауысуына немесе кеме/порттық қызмет ұсынуға байланысты, кеме/порттың тура және тікелей түрдегі іс-қимылдарын қозғайтын кезде болатын өзара іс-қимыл дегенді б і л д і р е д і ;
- 9) Порт құралы Уағдаласушы үкімет анықталған немесе билік тағайындаған, онда кеме/порт өзара іс-қимылы жүретін ауданды білдіреді. Бұл сондай-ақ тиісінше зәкірлік тұрақтар, айлақтағы күту мен жақындау орындары сияқты аудандарды қамтиды.
- 10) Кеме-кеме қызметі порт құралына жатпайтын, алайда жүктерді немесе адамдарды кемеден кеме/портқа беруге байланысты кез-келген қызметті білдіреді;
- 11) Тағайындалған билік Уағдаласушы үкіметте осы тараудың порт құралдары тұрғысынан порт құралдарын қорғауға және кеме/порт өзара іс-қимылына жататын,

ережелерінің орындауды қамтамасыз етуге белгіленген ұйымды(-дар) немесе әкімшілікті(-тер) білдіреді;

12) 1)) Кодекстің А-бөлігіндегі түзетулер осы Конвенцияның VIII бабына сәйкес, Қосымшаға түзетулер енгізу рәсімдеріне қатысты I тарауынан басқасы күшіне еніп, қабылданады және әрекет етеді;

2)) Кодекстің В-бөлігіндегі түзетулерді Теңіздегі қауіпсіздік комитеті оның рәсімдер ережелеріне сәйкес қабылданады шартында:

КПҚҚ Кодексі Ұйымның болуы мүмкін түзетулерімен Теңізде адам өмірін қорғау туралы 1974 жылғы халықаралық конвенцияның Уағдаласушы үкіметтер Конференциясының 2 резолюциясымен 2002 жылғы 12 желтоқсанда қабылданған А-бөлігінен (ережелері міндетті деп қаралатын) және В-бөлігінен (ережелері ұсынылатын деп қаралатын) тұратын Кеме және порт құралдарын қорғау туралы халықаралық конвенцияны білдіреді.

13) Қорғануға байланысты оқиға-теңіздегі жылжымалы бұрғылау қондырғысын және жоғары жылдамдықты кемеңі қоса алғанда кемеңі немесе порт құралын қорғауды қамтамасыз етуге немесе кез келген кеме/порт өзара іс-қимылына, немесе кез келген кеме-кеме қызметіне қауіп төндіретін кез-келген күдікті іс-қимылды немесе жағдайды білдіреді;

14) Қорғану деңгейі қорғануды бұзуға талпыныс қабылдану немесе қорғануға байланысты оқиға болу тәуекелі дәрежесінің біліктілігін білдіреді;

15) Қорғану туралы декларация әрбір тарапты қорғау бойынша шараларды алдын-ала келісетін кемемен және онымен өзара іс-қимыл жасайтын, не порт құралы, не басқа да кемемен қол жеткізілген келісімді білдіреді;

16) Қорғану саласында танылған ұйым - қорғау мәселелері бойынша сараптамаға және кеме және порт операцияларының тиісті біліміне ие, осы тарауда немесе КПҚҚ Кодексінің А-бөлігінде талап етілетін, бағалауды, немесе тексеруді, немесе мақұлдауды, немесе куәландыруды жүргізуге уәкілетті ұйымды білдіреді.

2. Кеме термині, ол 3-13-ережелерде пайдаланғанда, теңіздегі жылжымалы бұрғылау қондырғылар қосады.

3. Барлық кемелер термині, ол осы тарауда пайдаланылады, осы тарау қолданылатын кез-келген кемеңі білдіреді.

4. Уағдаласушы үкімет термині, ол 3,4,7 және 10-13 ережелерде пайдаланылғанда, Тағайындалған билікті де қосады.

2-ереже

Қолдану

1. Осы тарау мыналарға қолданылады:

1) халықаралық рейстер жасайтын келесі кеме типтері:

1)) жоғары жылдамдықты кемелерді қоса алғанда, жолаушылар кемелері;
2)) жоғары жылдамдықты, жалпы сыйымдылығы 500 және одан артық жүк кемелері;
ж ә н е

3)) теңіздегі жылжымалы бұрғылау қондырғылары; және
2) халықаралық рейстер жасайтын осындай кемелерге қызмет көрсететін порт
қ ұ р а л д а р ы .

2. 1.2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы үкіметтер, олардың ең бастысы халықаралық рейстер жасамайтын кемелермен пайдаланылғанымен, халықаралық рейстен келетін, немесе халықаралық рейске кететін кемелерге қызмет көрсетуге мәжбүр болатын аумағында тұрған порт құралдарына осы тараудың және КПҚК Кодексінің А-бөлігінің тиісті бөлімдерінің қолданылу көлемі туралы мәселені ш е ш у л е р і т и і с .

2.1. Уағдаласушы үкіметтер өз шешімдерін КПҚК Кодексінің А-бөлігінің ережелеріне сәйкес орындалған порт құралын қорғауды бағалауда 2-тармақ бойынша н е г і з д е й д і .

2.2. Уағдаласушы үкімет 2-тармақ бойынша қабылдайтын кез-келген шешім осы тараумен немесе КПҚК Кодексінің А-бөлігімен қол жеткізу үшін көзделген қорғау деңгейімен мәмілеге әкелмеуі тиіс.

3. Осы тарау әскери кемелерге, әскери-теңіз флотының көмекші кемелеріне және Уағдаласушы үкіметке тиесілі басқа да немесе оларға жұмыс істейтін тек қана үкіметтік бейкоммерциялық қызмет үшін қолданылатын кемелерге қолданылмайды.

4. Осы тарауда мемлекеттердің халықаралық құқық бойынша құқықтары мен міндеттерін ештеңе айқындамайды.

3-ереже

Уағдаласушы үкіметтердің қорғауға қатысты міндеттемелері

1. Әкімшіліктер қорғау деңгейлерін белгілейді және олардың туын көтеріп жүзуге құқығы бар кемелерге қорғау деңгейлері туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді. Қорғау деңгейіндегі өзгерістер кезінде, қорғау деңгейі туралы ақпарат мұны жағдай күштеп таңған қазіргі заманғы деңгейге келтіріледі.

2. Уағдаласушы үкіметтер қорғау деңгейін белгілейді және олардың аумағында орналасқан порт құралдарына және олар портқа кіргенге дейін кемелерге немесе олардың аумағында орналасқан портта тұрған кемелерге қорғау деңгейлері туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді.

Қорғау деңгейіндегі өзгерістер кезінде, қорғау деңгейі туралы ақпарат мұны жағдай күштеп таңған қазіргі заманғы деңгейге келтіріледі.

4-ереже

Компаниялар мен кемелерге қойылатын талаптар

1. Компаниялар КПКҚ Кодексінің В-бөлігінде ұсынылған басшылықты назарға ала отырып, осы тараудың және КПКҚ Кодексінің А-бөлігінің тиісті талаптарына жауап берулері тиіс.

2. Кемелер КПКҚ Кодексінің В-бөлігінде ұсынылған басшылықты назарға ала отырып, осы тараудың және КПКҚ Кодексінің А-бөлігінің тиісті талаптарына жауап берулері тиіс; осындай сәйкестілік КПКҚ Кодексінің А-бөлігінде көзделгендей тексеріледі, Куәлікпен ресімделеді.

3. Егер қорғаудың осындай деңгейі Әкімшілік осы кеме үшін белгілеген қорғау деңгейінен неғұрлым жоғары болып табылса, портқа кіргенге дейін немесе Уағдаласушы үкіметтің аумағындағы портта тұрған кеме осы Уағдаласушы үкімет белгілеген қорғау деңгейіне қатысты талаптарға жауап беруі тиіс.

4. Кемелер қорғау деңгейінің кез-келген арттырылуына, мүмкіндігінше, дереу ден қоюға тиіс.

5. Осы тараудың немесе КПКҚ Кодексінің А-бөлігінің талаптарына жауап бермейтін немесе осы кеме үшін Әкімшілік немесе басқа да Уағдаласушы үкімет белгілеген қорғау деңгейінің талаптарын орындай алмайтын кеме бұрын не болғанына қарай отырып, кез келген кеме/порт өзара іс-қимылын жүргізілгенге дейін немесе портқа кіргенге дейін тиісті құзыретті билікті хабардар етеді.

5-ереже

Компаниялардың ерекше жауапкершілігі

Компания капитанның бортта Уағдаласқан үкіметпен тиісті дәрежеде уәкілдік берген лауазымды адамдар арқылы, тұрақты ақпаратқа ие болуы үшін:

1) экипаж мүшелерін немесе қазіргі уақытта кемең жұмысына жалданған немесе кез-келген лауазымда жұмыс істейтін, өзге де адамдарды тағайындауға жауапты кім болып табылатындығын;

2) кемең пайдаланылуына жауапты кім болып табылатындығын;

3) кеме чартерлік(-тер) талаппен пайдаланылған кезде - осы(лардың) чартердің(-лердің) тараптары кім болып табылатындығын белгілей алады.

6-ереже

Кемедегі хабардар ету жүйесі

1. Барлық кемелер мынадай түрде хабардар ету жүйесімен жабдықталады:

- 1) 2004 жылғы 1 шілдеде және осы күннен кейін жасалған кемелер;
- 2) 2004 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған, жылдамдығы жоғары жолаушылар

кемелерін қоса алғанда, жолаушылар кемелері - 2004 жылдың 1 шілдесінен кейін радиоқондырғысын бірінші куәландырғаннан кешіктірмей;

3) мұнай танкерлері, химия тасушы-танкерлер, газ тасушы, аударып тиеуші кемелер және 2004 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалған, 500 және одан астам жалпы сыйымдылықтағы жоғары жылдамдықтағы жүк кемелері; және

4) 2004 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалған, 500 және одан астам жалпы сыйымдылықтағы және теңіздік жылжымалы бұрғылау қондырғылары - 2006 жылдың 1 шілдесінен кейін радиоқондырғыларды алғашқы куәландырылғаннан кешіктірмеу.

2. Осы жүйе, әрекетке келтірілген кезде хабарландыруды:

1) қорғаудың бұзылуы туралы құлақтандыруды кеме-жағалық бағытында қалыптастырады және Әкімшілікпен тағайындалған, құзыретті билік орнына хабардар береді, ол осы жағдайда компанияны қоса алады; жүйе кеменің сәйкестендіруін, оның координатын береді және кемені қорғауға қауіп төніп тұрғанын немесе қорғаудың төмендегенін көрсетеді.

2) құлақтандыруды кез-келген басқа да кемелерге жібереді;

3) кеменің өзінде авариялық алдын ала ескертудің қайсы-бір сигналын бермейді; ж ә н е

4) құлақтандыруды сөндірілгенге немесе бастапқы қалпына қайта оралғанға дейін үздіксіз б е р е д і .

3. Құлақтандыру жүйесі:

1) кеменің аралық жүрістен және оның үстіне ең аз дегенде басқа бір тұсынан әрекетке келтіру мүмкіндігі болуға;

2) Ұйыммен қабылданғаннан кем емес, пайдалану талаптарына сай келуге тиіс.

4. Құлақтандыру жүйесін іске қосу орны, жүйенің ойда жоқта жұмыс істеп кетуін болдырматындай ретте құрылады.

5. Кеменің құлақтандыру жүйесі туралы талап, осы ереженің барлық талаптары орындалған жағдайда, IV тараудың талаптары куәландырылған, кеменің радио қондырғысын пайдаланумен орындалуы мүмкін.

6. Қайсы-бір Әкімшілік кемелік жүйемен берілген құлақтандыру туралы білген кезде, осы Әкімшілік дереу осы уақытта кемеге жақын тұрған мемлекетке(-терге) х а б а р л а й д ы .

7. Қайсы-бір Уағдаласқан үкімет оның туының астында жүзуге құқы жоқ, кеменің жүйесімен берілген құлақтандыруды білген кезде, осы Уағдаласқан үкімет дереу осы уақытта кемеге жақын тұрған тиісті Әкімшілікке және, қажет үміт болған жағдайда, мемлекетке(-терге) хабарлайды.

7-ереже

Кемеге шабуыл жасау қаупі

1. Уағдаласушы үкіметтер қорғау деңгейлерін белгілейді және олардың аумақтық теңізінде немесе олардың аумақтық теңізіне кіру ниеті туралы хабарлаған кемелерге қорғау деңгейі туралы ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

2. Уағдаласушы үкіметтер байланыс мекен жайын қамтамасыз етеді, ол бойынша осындай кемелер кеңес немесе көмек сұрай алады және басқа да кемелер, белсенділігі немесе хабарлары туралы кез келген сұрау салуларды жібере алады.

3. Егер шабуыл жасау тәуекелдігі анықталса, мүдделі Уағдаласушы үкімет мүдделі кемелерге және олардың Әкімшіліктеріне:

- 1) қолданыстағы қорғау деңгейін;
- 2) КПКҚ Кодексінің А бөлігінің ережелеріне сәйкес шабуылдан өзін-өзі қорғау үшін мүдделі кемелермен орындауға жататын қорғаудың кез келген шараларын; және
- 3) қажет болған жағдайда, жағалаудағы мемлекет енгізуге ұйғарған қорғау шараларын ұсынады.

8-ереже

Капитанның кемеңің қауіпсіздігі мен қорғау мәселелері бойынша шешімі

1. Капитан кемеңің қауіпсіздігі мен қорғау деңгейін қолдау үшін қажетті өзінің кәсіби пайымымен кез келген шешім қабылдауда немесе орындауда компаниямен, кеме жалдаушымен немесе кез келген өзге де адамдармен шектеліп қалмауға тиіс. Осы ереже кемеге адамдардың (Уағдаласушы үкімет оларға тиісті дәрежеде уәкілеттік берген адамдарды қоспағанда) немесе олардың заттарын қабылдауынан бас тартуды және контейнерлерді немесе өзге де жабық жүк көлік бірліктерін қоса алғанда, жүкті қабылдаудан бас тартуды қамтиды.

2. Егер капитанның кәсіби пайымдауынша, кеме операцияларының барысында қауіпсіздік пен қорғау талаптарының арасында жанжал туындаса, капитан кеме қауіпсіздігін қолдау үшін қажетті сол талаптарды орындауға тиіс. Мұндай жағдайларда капитан қорғаудың уақытша шараларын іске қоса алады және дереу Әкімшілікке және қажет болған жағдайда, кеме портында тұрған немесе оған келуге ниеттенгенін Уағдаласушы үкіметке хабарлауға тиіс. Осы ереже бойынша қорғаудың осындай кез-келген уақытша шаралары белгіленген қорғау деңгейіне неғұрлым ықтимал дәрежеде сәйкес келуге тиіс. Осындай жағдай анықталған кезде Әкімшілік осындай жанжалдың шешілуін және олардың қайталану ықтималдығын ең төменгі шекке келтірілуін қамтамасыз етеді.

9-ереже

Орындалуын бақылау

1. Портта кемелерді бақылау

1.1. Осы тараудың мақсаты үшін екінші Уағдаласушы үкіметтің портында тұрған

кезінде оған осы тарау қолданылатын әрбір кеме осы үкімет тиісті дәрежеде уәкілеттік берген лауазымды тұлғалардың бақылауына жатады, олар 1/19 ереженің функцияларын орындауды жүзеге асыратын сол тұлғалар болуы мүмкін. Мұндай бақылау кемеде егер, кемеңің осы тараудың немесе КПКҚ Кодексінің А бөлігінің талаптарына сәйкес келмейді деп пайымдауға айқын негіздер болмаса танылатын, жарамды кемеңің қорғау туралы халықаралық куәліктің немесе КПКҚ Кодексінің А бөлігінің ережелері бойынша берілген жарамды Кемеңің қорғау туралы уақытша халықаралық куәліктің (Куәлік) бар болғанын тексерумен шектеледі.

1.2. Егер осындай айқын негіз бар болса немесе егер жарамды Куәлік талап ету бойынша ұсынылмаған болса, Уағдаласушы үкімет тиісті дәрежеде уәкілеттік берген лауазымды тұлғалар осы кемеге қатысты 1.3-тармақта көзделген бақылаудың бір немесе одан да көп шаралары қолданылады. Қолданылған осындай кез келген шаралар КПКҚ Кодексінің В бөлігінде келтірілген басшылықты назарға ала отырып, бұзылған талаптарға пропорционалды болуға тиіс.

1.3. Бақылаудың осындай шаралары: кемеңің тексеру, кемеңің кетуін кейінге қалдыру, кемеңің кідірту; кемеңің портта жылжуын немесе кемеңің порттан шығаруды қоса алғанда, кеме операцияларын шектеу болып табылады. Бақылаудың осындай шаралары қосымша немесе баламалы түрде, өзге де қатаң емес әкімшілік шараларын немесе жағдайды қалпына келтіру бойынша шараларды қамтуы мүмкін.

2. Екінші Уағдаласушы үкіметтің портына кіруге ниеттенген кемелер

2.1. Осы тараудың мақсаты үшін Уағдаласушы үкімет өзінің портына кіруге ниет білдірген кемелерден кеме портқа кіргенге дейін осы тараудың талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында, бақылау немесе қадамдар шараларын қолдану қажеттілігін болдырмау үшін осы Уағдаласушы үкімет тиісті дәрежеде уәкілеттік берген лауазымды адамдардан мынадай ақпаратты:

- 1) кемеңің жарамды Куәлігі және оны берген органның атауы бар болуы;
- 2) қазіргі уақытта кемеңің пайдалануындағы қорғау деңгейі;
- 3) 2.3-тармақта ескерілген уақыт кезеңінде кеме/порт өзара іс-қимылын жүргізген кез келген алдыңғы портта пайдаланылған кемеңің қорғау деңгейі;
- 4) 2.3-тармақта ескерілген уақыт кезеңінде кеме/порт өзара іс-қимылын жүргізген, кез келген алдыңғы портта кемеңің қабылдаған қорғау жөніндегі кез келген арнайы немесе қосымша шаралары;

5) 2.3-тармақта ескерілген уақыт кезеңінде кез келген кеме-кеме қызметінің барысында кемеңің қорғау бойынша тиісті рәсімдердің сақталғандығы; немесе

6) КПКҚ Кодексінің В бөлігінде келтірілген басшылықты назарға ала отырып, қорғау практикасына байланысты өзге де ақпаратты (алайда кемеңің қорғау жоспарының егжей-тегжейлігі емес) талап ете алады.

Уағдаласушы үкіметтің сұрау салуы кезінде кеме немесе компания осы Уағдаласушы үкімет үшін қолайлы жоғарыда талап етілген ақпаратты растауды

2.2. Екінші Уағдаласушы үкіметтің портына кіруге ниеттенген, оларға осы тарау қолданылатын әрбір кеме осы үкімет тиісті дәрежеде уәкілеттік берген лауазымды тұлғалардың сұрау салуы бойынша 2.1-тармақта сипатталған ақпаратты береді. Капитан мұндай ақпаратты беруден бас тартуы кемеге кіруге тыйым салуға әкелуі мүмкін екендігін түсіне отырып, мұндай ақпаратты беруден бас тарта алады.

2.3. Кеме 2.1-тармақта көрсетілген порттық құралдарға соңғы 10 кіргені жайлы ақпараттың тіркелуін сақтайды.

2.4. Егер, кемеге кіруге ниеттенген порттың Уағдаласушы үкімет тиісті дәрежеде уәкілеттік берген лауазымды адамдары 2.1-тармағында сипатталған ақпаратты ала отырып, кеме осы тараудың немесе КППҚ Кодексінің А бөлігінің талаптарына сәйкес келмейді деп пайымдауға анық негізі бар болса, осындай лауазымды адамдар бұзушылықты жою үшін Әкімшілікпен және кеме мен Әкімшіліктің арасындағы байланысты орнатуға талпынуға тиіс. Егер осындай байланыс бұзушылықты жоюға әкелмесе немесе егер осындай лауазымды адамдар кеме осы тараудың немесе КППҚ Кодексінің А бөлігінің талаптарына сәйкес келмейді деп пайымдауға анық негізі бар болса, осындай лауазымды адамдар осы кемеге қатысты осы ереженің 2.5-тармағында көзделген қорғау мақсатындағы осындай қадамдар қабылдай алады. Осындай қабылданған кез келген қадамдар КППҚ Кодексінің В бөлігінде келтірілген басшылықты назарға ала отырып, талаптардың бұзылуына пропорционалды болуға

т и і с .

2.5. Осындай қадамдар:

- 1) бұзушылықты жоюды талап ету;
- 2) осы Уағдаласушы мемлекеттің аумақтық теңізінің көрсетілген ауданына немесе ішкі суына өтуге кемеге қойылатын талап;
- 3) егер кеме инспекциясы, кеме кеменің кіруге ниеттенген портында Уағдаласушы үкіметтің аумақтық теңізінде тұрса, кемені тексеру; немесе
- 4) портқа кіруіне бас тарту болып табылады.

Кез келген осындай қадамдар қабылданғанға дейін кемеге оның ниеті туралы Уағдаласушы үкіметпен ақпарат алысады. Осы ақпаратты алысымен капитан портқа кіру ниетінен бас тарта алады. Мұндай жағдайда осы ереже қолданылмайды.

3. Қ о с ы м ш а е р е ж е

3.1. М ы н а д а й ж а ғ д а й д а :

- 1) оған 1.3-тармақта сілтеме жасалғандай әкімшілік немесе жағдайды қалпына келтіру бойынша шараларынан гөрі, бақылау шараларын қолдану, немесе
 - 2) оған 2.5-тармағында сілтеме жасалған қадамдардың кез келгенін пайдалану,
- Уағдаласушы үкімет тиісті дәрежеде уәкілеттік берген лауазымды адам дереу жазбаша түрде Әкімшілікке бақылаудың қандай шаралары қолданылғаны немесе қандай қадамдар пайдаланғаны туралы хабардар етеді және олардың себептерін

көрсетеді. Уағдаласушы үкімет бақылау немесе қадамдар шарасын қолдану кезінде, сондай-ақ бірге егер бақылаудың қандай да бір шаралары қолданылған немесе қандай да бір қадамдар пайдаланылған болса, нақты кемеге қатысты Куәлік берген қорғау саласындағы танылған ұйымға және Ұйымға хабарлайды.

3.2. Егер кемеге портқа кіруіне бас тартылған немесе егер кеме порттан қуып шығарылған болса, порт мемлекетінің өкіметі, егер бұл барлық басқа да тиісті жағалаулық мемлекеттерге белгілі болса, Ұйыммен әзірленгенге жататын басшылықтың назарына алуға, тиісті фактіні осыдан кейінгі кіретін порттарының мемлекеттердің өкіметіне хабарлауға тиіс. Мұндай хабарламаның құпиялылығы мен жасырындағы қамтамасыз етілуге тиіс.

3.3. 2.4 және 2.5-тармақтарын орындау үшін, портқа кіруінен бас тарту, немесе 1.1-1.3-тармақтарын орындау үшін порттан қуып шығару, тек Уағдаласқан үкіметпен тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген лауазымды адамдарда кеме, қорғауға немесе адамдардың, кемелердің немесе мүліктің қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді және осы төнген қауіпті жоятын ешқандай өзгедей тиісті шаралар жоқ деп пайымдауына анық негіз бар болса ғана беріледі.

3.4. Осы ережені орындау үшін 1.3-тармағында келтірілген оларға сілтеме жасалған бақылау шаралары, және 2.5-тармағында келтіріліп оларға сілтеме жасалған қадамдары, егер осындай болса, тек қана, бақылау немесе қадамдар шараларына әкелген бұзушылық, кемемен немесе Әкімшілікпен ұсынылған іс-әрекетті назарға ала отырып, Уағдаласқан үкіметті қанағаттандырып жойылғанға дейін, беріледі.

3.5. 1-тармақ бойынша бақылауды жүзеге асыру немесе 2-тармақ бойынша қадамдар қабылдау кезінде, Уағдаласқан үкімет:

1. кемеңің ақталмаған кідіртуіңің немесе кетуіңің кейінгі мерзімге қалдыруды болдырмау үшін, барлық күш-жігеріңің қабылдайды. Егер кеме, соның салдарынан, негізсіз кідіртуіңің немесе егер кемеңің кетуіңің кейінгі мерзімге қалдырылса, кемеңің кез келген шеккен ысырабың немесе зияның өтетуге құқығы бар; және

2. кемеге төтенше жағдай немесе гуманитарлық ойлар жағдайларында және қорғау мақсатында қажетті қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

10-ереже

Порттың құралдарға қойылатын талаптар

1. Порттық құралдар осы тараудың және КПКҚ Кодексінің А бөлігінің, КПКҚ Кодексінің В бөлігінде ұсынылғандарды басшылық назарына ала отырып, тиісті талаптарға сай келуге тиіс.

2. Оған осы ереже қолданылатын, өз аумағында порттық(-тар) құрал(-дары) бар уағдаласқан үкімет:

1) порттық құралдардың қорғалуын, олардың қайта қаралуын және мақұлдануын

бағалау, КПКҚ Кодексінің А бөлігінің ережелеріне сәйкес орындалуын; және

2) порттық құралдарды қорғау жоспары КПКҚ Кодексінің А бөлігінің ережелеріне сәйкес әзірленуін, қайта қаралуын, мақұлдануын және енгізілуін қамтамасыз етеді.

3. Уағдаласушы үкімет, қорғау туралы Декларация ұсыну талап етілетін жағдайды қоса алғанда, қорғаудың әртүрлі деңгейі үшін порттық құралдарды қорғау тұрғысында қарауға жататын шараларды тағайындайды және хабарлайды.

11-ереже

Қорғау бойынша баламалы келісім

1. Уағдаласқан үкімет, осы тарау мен КПКҚ Кодексінің А бөлігін енгізу кезінде, басқа да Уағдаласқан үкіметтермен олардың аумақтарында орналасқан, порттық құралдар арасындағы тұрақты желілердегі қысқа халықаралық рейстерді қамтитын, қорғаудың баламалы жүйелері туралы жазбаша түрде екі жақты немесе көпжақты келісімдер жасасады.

2. Кез-келген осындай келісім басқа да кемелердің немесе осы келісімдермен қамтылмаған порттық құралдардың қорғау деңгейін төмендетуге әкелуге тиіс емес.

3. Осындай келісімдермен қамтылған ешбір кеме, осындай келісімдермен қамтылмаған кез келген кемемен кеме-кеменің әлдебір қызметін қабылдауға тиіс емес.

4. Осындай келісімдер жинақталған тәжірибені назарға ала отырып, мезгіл-мезгіл, сондай-ақ осындай келісімдермен қамтылған, нақты жағдайларға немесе кемелерге, порттық құралдарға немесе бағыттарға төнген қауіпті бағалауда кез-келген өзгеріс ретінде де қайта қаралады.

12-ереже

Қорғаудың эквиваленттік жүйесі

1. Уағдаласушы үкіметтің, оның туының астында жүзуге құқығы бар нақты кемеге немесе кемелер тобына, қорғаудың осындай шарасы, осы тараумен немесе КПКҚ Кодексінің А бөлігімен ұйғарылғандай, ең аз дегенде, сондай дәрежеде тиімді болған жағдайда, осы тарауда немесе КПКҚ Кодексінің А бөлігіндегі ұйғарылғанға теңдей, қорғаудың өзге де шараларын енгізу мүмкіндігі болады. Қорғаудың осындай шараларына рұқсат берген Әкімшілік олардың ерекшелігін Ұйымға хабарлайды.

2. Осы тарауды және КПКҚ Кодексінің А бөлігін енгізу кезінде, Уағдаласушы үкімет нақты порт құралына немесе оның аумағында орналасқан порттық құралдар тобына, жасасылған 11 келісімнің ережесі бойынша қамтылған өзгелеріне қорғаудың осындай шарасы, осы тараумен немесе КПКҚ Кодексінің В бөлігімен ұйғарылғандай, ең аз дегенде, сондай дәрежеде тиімді болған жағдайда, осы тарауда немесе КПКҚ

Кодексінің В бөлігіндегі ұйғарылғанға теңдей, қорғаудың өзге де шараларын енгізу мүмкіндігі болады. Қорғаудың осындай шараларына рұқсат берген Уағдаласушы үкімет олардың ерекшелігін Ұйымға хабарлайды.

13-ереже

Ақпарат беру

1. Уағдаласушы үкімет, 2004 жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей, Ұйымға хабарлайды және компаниялар мен кемелерге мынадай ақпаратты қолжетімді етеді:

1. кемелерді және порттық құралдарды қорғау үшін жауапты ұлттық өкіметті немесе өкіметтердің атауы мен олардың байланысатын мекен-жайы;

2. мақұлданған порттық құралдарды қорғау жоспарымен қамтылған, олардың аумағында тұрған сол аудандары;

3. 6.2.1-ережесінде ескертілген «кеме-жағалық» құлақтандыруы бойынша алуы және іс-қимыл жасауы үшін кез келген уақытта қолжетімді болуына тағайындалған адамның тегі және байланысатын нақты мекен-жайы;

4. 9.3.1-ережесінде ескертілген бақылау мен орындау шараларын жүзеге асыратын Уағдаласушы үкіметтен кез келген хабар бойынша алуы және іс-қимыл жасауы үшін кез-келген уақытта қолжетімді болуына тағайындалған адамның тегі және байланысатын нақты мекен-жайы; және

5. 7.2-ережесінде ескертілген кеңес немесе кемелерге көмек беру үшін, және қорғау саласындағы сұратуды кемелер кімге жіберуі үшін кез-келген уақытта қолжетімді болуына тағайындалған адамның тегі және байланысатын нақты мекен-жайы;

және осыдан кейін, осындай ақпарат оған өзгеріс болған бойда, қазіргі заманға сай деңгейге келтіріледі. Ұйым осындай мәліметтерді олардың лауазымды адамдарына ақпарат үшін басқа да Уағдаласушы үкіметтерге таратады.

2. Уағдаласушы үкімет, 2004 жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей, Ұйымға өкіметтің осындай ұйымға берілген ерекше жауапкершілігі мен талаптарын жан-жақты жазылуымен бірге, олардың атынан іс-қимыл жасауға уәкілетті, қорғау саласында кез-келген танымал ұйымдарға тегі мен байланысатын нақты мекен-жайларын хабарлайды. Осындай ақпарат онда өзгеріс болған бойда, қазіргі заманға сай деңгейге келтіріледі. Ұйым осындай мәліметтерді олардың лауазымды адамдарына ақпарат үшін басқа да Уағдаласушы үкіметтерге таратады.

3. Уағдаласушы үкімет, 2004 жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей, Ұйымға мақұлданған порттық құралдарды қорғаудың әрбір жоспарымен қамтылған, ауданмен немесе аудандармен бірге олардың аумақтарында орналасқан порттық құралдарға арналған порттық құралдарды қорғаудың мақұлданған жоспарларының тізбесін, және тиісінше оның мақұлданған күнін хабарлайды, және содан кейін егер әлдебір өзгерістер болса, қосымша хабарлайды:

1. енгізілетін немесе қазірдің өзінде енгізілген, порттық құралдарды қорғаудың мақұлданған жоспарымен қамтылған, аудандағы немесе аудандардағы өзгерісін. Мұндай жағдайда хабарланатын ақпаратта жоспармен қамтылған аудандағы немесе аудандардағы өзгерістер, және соған орай осындай өзгеріс енгізілуге жататын немесе енгізілген күні көрсетіледі;

2. Ұйымға берілген, бұрындары тізбеге енгізілген, порттық құралдарды қорғаудың мақұлданған жоспары, қайтарып алуға жатады немесе қайтарып алынады. Мұндай жағдайларда хабарланатын ақпаратта оған қайтарып алу күшіне енген немесе енгізілген күні көрсетіледі. Осындай жағдайларда Ұйымға хабарлау мүмкіндігінше тезірек ж а с а л а д ы ; ж ә н е

3. қосымша мақұлданған порттық құралдарды қорғау жоспарларының тізбесіне енгізілуге жатады. Мұндай жағдайларда Ұйымға берілуге жататын ақпаратта, жоспармен қамтылған, аудан немесе аудандар, және олардың мақұлданған күні к ө р с е т і л е д і .

4. Уағдаласқан үкіметтер, 2004 жылдың 1 шілдесінен кейін әрбір бес жыл өткен соң , Ұйымға өткен бес жыл ішінде 3-тармақ бойынша Ұйымға қайта қаралған және қазіргі заманға сай деңгейге келтірілген, берілген барлық ақпараттың орнын алмастыратын, әрбір мақұлданған порттық құралдарды қорғау жоспарымен қамтылған, ауданмен немесе аудандарымен, және оны мақұлдаған тиісті күнін (және оған кез-келген түзетулерінің мақұлданған күнін) қоса, олардың аумағында орналасқан порттық құралдарға арналған порттық құралдарды қорғаудың барлық мақұлданған жоспарларының тізбесін хабарлайды.

5. Уағдаласқан үкімет Ұйымға 11-ереже бойынша келісім жасасу туралы х а б а р л а й д ы . Б ұ л а қ п а р а т т а :

1. келісім жасасқан, Уағдаласқан үкіметтер;

2. келісіммен қамтылған, порттық құралдар мен тұрақты бағыттар;

3. келісімді қайта қараудың мерзімділігі;

4. келісімнің күшіне енген күні;

5. басқа да Уағдаласқан үкіметтермен барлық орын алған консультациялар туралы а қ п а р а т қ а м т ы л а д ы ;

және осыдан кейін мүмкіндігінше тезірек, Ұйымға осы келісімге түзетулердің қашан енгізілгені немесе келісімнің қолдану мерзімінің қашан аяқталатындығы туралы а қ п а р а т т ы х а б а р л а й д ы .

6. 12-ереженің қағидаттары бойынша кез-келген Уағдаласушы үкімет, оның туының астында жүзуге құқығы бар кемеге қатысты, немесе оның аумағында орналасқан порттық құралдарға қатысты қорғаудың әлдебір баламалылық жүйесіне мүмкіндігі бар кез-келген Уағдаласушы үкімет, Ұйымға осы жүйелер туралы жан-жақты мәліметтерді х а б а р л а й д ы .

7. Ұйым, сұрату бойынша, 3-тармақ бойынша берілген ақпаратты Уағдаласушы үкіметтерге қолжетімді етеді.

Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі 1974 жылғы халықаралық конвенцияның уағдаласушы үкіметтерінің 1 конференцияның қарарының қазақ тіліндегі мәтіні осы Конвенцияның орыс тіліндегі мәтінімен тең түпнұсқалы болып табылады.

*Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
департаментінің директоры Е. Маличева*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕҢІЗ КЕМЕ ҚАТЫНАСЫН ЖЕҢІЛДЕТУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ (Лондон, 1965 жылғы 9 сәуір)

У а ғ д а л а с у ш ы ү к і м е т т е р ,

шетелде жүзетін кемелердің келуі, тұрақта тұру және кету кезіндегі құжаттар мен рәсімдерге қатысты формальдылықтарды, талаптарды ең төменге дейін оңайлату және қысқарту арқылы теңіз кеме қатынасын жеңілдетуге тілек білдіре отырып, төмендегі туралы келісті:

I бап

Уағдаласушы үкіметтер осы Конвенцияның ережелері мен оның Қосымшасына сәйкес халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету және тездету үшін және кемелерді және ондағы тұлғалар мен мүліктерді қажетсіз кідіртулердің алдын алу үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

II бап

1) Уағдаласушы үкіметтер осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес кемелердің келуін, тұраққа тұруын және кетуін жеңілдетуге бағытталған шараларды анықтауда және қабылдауда ынтымақтасуға міндеттенеді. Мұндай шаралар, бұл іс жүзінде қаншалықты мүмкін болғанша, халықаралық көліктің басқа түрлеріне қатысты қолайлылығы қабылданатын шаралардан кем болмауға тиіс; әйтсе де, бұл шаралар олардың әрқайсысының ерекшелігіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

2) Осы Конвенцияда және оның Қосымшасында көзделген халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдетуге арналған шаралар тең дәрежеде жағалаулық мемлекеттерге де, теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің кемелеріне де және осы Конвенцияның қатысушысы болып табылатын үкіметтерге қолданылады.

3) Осы Конвенцияның ережелері әскери кемелер мен серуендік яхталарға қолданылмайды.

III бап

Уағдаласушы үкіметтер барлық салалардағы құжаттар мен рәсімдерге қатысты формальдылықтардың, талаптардың неғұрлым толық біркелкілігін қамтамасыз ету ісінде ынтымақтасуға міндеттенеді, мұндай біркелкілік халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдетеді және жақсартады және мемлекетішілік сипаттағы ерекше талаптарды қанағаттандыруға арналған қажетті құжаттар мен рәсімдерге қатысты формальдылықтың, талаптардың небір өзгерістерін ең төменге дейін жеңілдетеді.

IV бап

Осы Конвенцияның алдыңғы баптарында айтылған мақсаттарға қол жеткізуді ескере отырып, Уағдаласушы үкіметтер өзара немесе Үкіметаралық теңіз консультативті ұйымы (төменде «Ұйым» деп аталған) арқылы құжаттар мен рәсімдерге қатысты формальдылық, талаптар мәселесінде де және олардың халықаралық кеме қатынасында қолданылу мәселелерінде де ынтымақтасуға міндеттенеді.

V бап

1) Осы Конвенцияда немесе оның Қосымшасында ешнәрсе де Уағдаласушы үкімет өзінің ұлттық заңнамасын немесе қандай да бір басқа халықаралық келісімнің ережелері негізінде халықаралық теңіз кеме қатынасына қатысты ұсынатын немесе болашақта ұсынуы мүмкін кез келген аса ауқымды жәрдемдесу шараларын қолдануға кедергі деп түсіндірілмеуі тиіс.

2) Осы Конвенцияда немесе оның Қосымшасында ешнәрсе де қоғамдық адамгершілік қағидаттарды, тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау үшін немесе халықтың денсаулығына, жануарларға немесе өсімдіктерге зиян келтіретін аурулардың не эпидемияның кіруінің не таралуының алдын алу үшін қандай да бір Уағдаласушы үкімет қажет деп есептейтін және осы үкімет қолданатын уақытша шараларға кедергі деп түсіндірілмеуі тиіс.

3) Осы Конвенцияда оларға қатысты арнайы ережелер қабылданбаған барлық мәселелер Уағдаласушы үкіметтер заңнамаларының мәні болып қалады.

VI бап

Осы Конвенцияда және оның қосымшасында:

а) «Стандарттар» осы Конвенцияға сәйкес халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету мақсатында Уағдаласушы үкіметтердің біркелкі қолдануы қажетті және іс жүзінде мүмкін болып табылатын шараларды білдіреді.

б) «Ұсынылатын тәжірибелер» халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету

мақсатында Уағдаласушы үкіметтердің қолдануы қажетті болып табылатын шараларды білдіреді.

VII бап

1) Осы Конвенцияға Қосымшаны Уағдаласушы үкіметтер олардың біреуінің ұсынысы бойынша не осы мақсат үшін шақырылған конференцияда өзгертуі мүмкін.

2) Кез келген Уағдаласушы үкімет Ұйымның Бас хатшысына (төменде «Бас хатшы» деп аталған) түзетулер жобасын жіберу арқылы Қосымшаға түзетулер ұсына алады:

а) Уағдаласушы үкіметтің арнайы білдірген өтінішіне сәйкес Бас хатшы кез келген осындай ұсынысты тікелей барлық Уағдаласушы үкіметтерге қарау және қабылдау үшін жібереді. Егер Бас хатшы мұндай өтінішті алмаса, ол Уағдаласушы үкіметтерге ұсынысты жібермес бұрын орынды деп санаған консультацияларды жүргізуі мүмкін.

б) Әрбір Уағдаласушы үкімет осындай кез келген ұсынысты алған күннен бастап бір жыл ішінде Бас хатшыны осы ұсынысты қабылдайтыны немесе қабылдамайтыны туралы хабардар етеді.

с) кез келген осындай хабарлама Бас хатшыға жазбаша нысанда жіберіледі, ол барлық Уағдаласушы үкіметтерге оны алғаны туралы хабарлайды;

д) осы тармаққа сәйкес Қосымшаға ұсынылған кез келген түзету Уағдаласушы үкіметтердің басым көпшілігі түзетуді қабылдаған күннен бастап алты айдан кейін күшіне енеді;

е) Бас хатшы осы тармаққа сәйкес күшіне енетін кез келген түзетулер, сондай-ақ осындай түзетулердің күшіне енетін күні туралы барлық Уағдаласушы үкіметтерге хабарлайды.

3) Қосымшаға түзетулерді қарау үшін Уағдаласушы үкіметтердің конференциясын осы үкіметтердің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша Бас хатшы шақырады. Осындай конференцияда қатысқан және дауыс беруге қатысқан Уағдаласушы үкіметтердің үштен екі көпшілігімен қабылданған әрбір түзету Уағдаласушы үкіметтердің Бас хатшысының түзету қабылданғаны туралы хабарламасынан кейін алты айдан кейін күшіне енеді.

4) Бас хатшы Конвенцияға қол қойған барлық үкіметтерге осы бапқа сәйкес ұсынылған кез келген түзетудің күшіне енгені туралы дереу хабарлайды.

VIII бап

1) Құжаттарға немесе рәсімдерге қатысты өзінің жеке формальдылықтарын, талаптарын осы стандартқа толық сәйкестікке келтіру жолымен кез келген Стандартты қабылдау іс жүзінде мүмкін емес деп санайтын немесе осы Стандарттан айрықша құжаттар мен рәсімдерге қатысты формальдылықты, талаптарды ерекше себептерге байланысты қабылдау қажет деп санайтын кез келген Уағдаласушы үкімет осы туралы

бас хатшыға хабарлайды және оған өз тәжірибесі мен осы стандарт арасындағы айырмашылықтар туралы хабарлайды. Мұндай хабарлама осы Конвенция осы үкімет үшін күшіне енгеннен кейін немесе Стандарттан айрықша құжаттарға немесе рәсімдерге қатысты формальдылықтар, талаптар қабылданғаннан кейін мүмкіндігінше жедел түрде жіберілуге тиіс;

2) Стандарттарға қатысты түзетулерге немесе жаңадан қабылданған Стандартқа қатысты болған кезде кез келген осындай айырмашылық туралы хабарламаны Уағдаласушы үкімет Бас хатшыға осындай түзетілген немесе қайта қабылданған Стандарт күшіне енгеннен кейін немесе құжаттар мен рәсімдерге қатысты Стандарттан айрықша формальдылықтар, талаптар қабылданғаннан кейін мүмкіндігінше тез жолданады, және құжаттар мен талаптарға қатысты формальдылықтарды, талаптарды немесе жаңадан қабылданған немесе түзетілген Стандартқа толық сәйкес келтіруге арналған жобаланған іс-қимылдар туралы хабарламаны қамти алады.

3) Уағдаласушы үкіметтер құжаттар мен рәсімдерге қатысты өзінің формальдылықтарын, талаптарын қаншалықты іс жүзінде жүзеге асырарлықтай, Ұсынылған тәжірибелерге сәйкес келтіруге шақырылады. Уағдаласушы үкімет құжаттар мен талаптарға қатысты өзінің формальдылықтарын, талаптарын қандай да бір Ұсынатын тәжірибеге сәйкес келтіргеннен кейін бұл туралы Бас хатшыға хабарлайды.

4) Бас хатшы Уағдаласушы үкіметтерді осы баптың алдыңғы тармақтарына сәйкес оған жіберілген кез келген хабарлама туралы хабардар етеді.

IX бап

Бас хатшы осы Конвенцияны қайта қарау немесе оған түзетулер енгізу үшін Уағдаласушы үкіметтердің үштен бірінің өтінішімен Уағдаласушы үкіметтердің конференциясын шақырады. Кез келген қайта қаралған мәтін немесе түзетулер конференция дауыстарының үштен екі көпшілігімен қабылданады, Бас хатшы растап, барлық Уағдаласушы үкіметтерге қабылдау үшін жолдайды. Уағдаласушы үкіметтердің үштен екісі қайта қаралған мәтінді немесе түзетулерді қабылдаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін әрбір қайта қаралған мәтін немесе түзету барлық Уағдаласушы үкіметтер үшін де күшіне енеді, олар қайта қаралған мәтінді немесе түзетуді қабылдамайтындығы туралы олар күшіне енгенге дейін мәлімдеме жасайды. Конференция қайта қаралған мәтінді немесе түзетуді қабылдау кезінде дауыстардың үштен екі көпшілігімен осындай хабарлама жасаған және қайта қаралған мәтін немесе түзету күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қайта қаралған мәтінді немесе түзетуді қабылдаса, кез келген Уағдаласушы үкімет осы мерзім аяқталғанға дейін Конвенция мүшесі болуын тоқтады.

X бап

1) Осы Конвенция осы күннен бастап алты ай бойы қол қою үшін ашық болып қалады және содан кейін қосылу үшін ашық болады.

2) Біріккен Ұлттар Ұйымына, оның кез келген мамандандырылған мекемелеріне, атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке мүше мемлекеттердің немесе Халықаралық Сот жарғысына қол қойған мемлекеттердің үкіметтері:

- a) қабылдау туралы ескертпесіз қол қою;
- b) немесе кейіннен қабылдау шешіміне келе отырып, қабылдау туралы ескертпелермен қол қою;
- c) қосылу жолымен осы Конвенцияның қатысушылары болып бола алады.

Қабылдау немесе қосылу тиісті құжатты Бас хатшыға сақтауға беру жолымен жүзеге асырылады.

3) Осы баптың 2-тармағына сәйкес Конвенцияға қатысушы болуға құқығы жоқ кез келген мемлекеттің үкіметі Бас хатшы арқылы қатысушы болу құқығын беру туралы ұсыныс жасай алады және оның өтінішін Ұйымның қауымдасқан мүшелерін қоспағанда, оның мүшелерінің үштен екісі қабылдаған жағдайда 2-тармаққа сәйкес қатысушы ретінде жіберілетін болады.

XI бап

Осы Конвенция кемінде он мемлекет үкіметтері не оған ескертусіз қабылдау туралы қол қойғаннан кейін, не қабылдау немесе қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсырғаннан кейін алпыс күн өткен соң күшіне енеді. Конвенцияны қабылдаған немесе оған кейіннен қосылған үкімет үшін ол қабылдау немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін алпыс күн өткен соң күшіне енеді.

XII бап

Осы Конвенция Уағдаласушы үкіметтерге қатысты күшіне енгеннен кейін үш жыл өткен соң мұндай үкімет Бас хатшыға жолданған жазбаша хабарлама арқылы оның күшін жоя алады, Бас хатшы барлық Уағдаласушы үкіметтерге осындай хабарламаның мазмұнын және алған күнін хабарлайды. Мұндай күшін жою Бас хатшы оны алған күннен кейін бір жыл немесе хабарламада көрсетілген одан ұзақ мерзім өткен соң күшіне енеді.

XIII бап

1) а) Біріккен Ұлттар Ұйымы қандай да бір аумаққа қатысты басқарушы билік болып табылатын жағдайларда немесе қандай да бір аумақтың халықаралық

қатынастарына жауапты кез келген Уағдаласушы үкімет бұл аумаққа осы Конвенцияны тарату үшін осындай аумақтың өкілдерімен неғұрлым тез арада кеңесуге тиіс және кез келген уақытта Бас хатшыға жолданған жазбаша хабарлама арқылы осы Конвенция осындай аумаққа таралатыны жөнінде хабарлай алады.

b) Осы Конвенция хабарлама алынған күннен бастап немесе хабарламада көрсетілуі мүмкін қандай да бір басқа күннен бастап онда көрсетілген аумаққа таралады.

c) Осы Конвенцияның VIII бабының ережелері осы бапқа сәйкес Конвенция таралатын кез келген аумаққа қатысты болады; осы мақсат үшін «құжаттар немесе рәсімдерге қатысты өзінің жеке формальдылығы, талаптары» деген сөздер осы аумақта қолданылатындықамтиды.

d) Осы Конвенция кез келген аумаққа таралуын Бас хатшы ол жөнінде хабарлама алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін немесе осы хабарламада көрсетілуі мүмкін одан ұзақ мерзім өткеннен кейін тоқтатады.

2) Бас хатшы барлық Уағдаласушы үкіметтерге әрбір жағдайда Конвенция осылайша таралатын күнді көрсете отырып, осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Конвенцияның қандай да бір аумаққа таралуы туралы хабарлайды.

XIV бап

Бас хатшы Конвенцияға қол қойған барлық үкіметтерге, барлық Уағдаласушы үкіметтерге және Ұйымның барлық мүшелеріне:

a) үкіметтердің Конвенцияға қол қойғаны және осындай қол қойылған күндер туралы ;

b) қабылдау немесе қосылу туралы құжаттарды алу және оларды алған күндер туралы ;

c) XI бапқа сәйкес Конвенцияның күшіне ену күні туралы;

d) XII және XIII баптарға сәйкес алынған хабарламалар және олардың күндері туралы ;

e) VII немесе IX баптардың негізінде кез келген конференцияның шақырылуы туралы хабарлайды.

XV бап

Осы Конвенция және оған Қосымша Бас хатшыға сақтауға тапсырылады, Бас хатшы олардың расталған көшірмелерін Конвенцияға қол қойған үкіметтерге және осы Конвенцияға қосылатын үкіметтерге жібереді. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін оны Бас хатшы Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркейді.

XVI бап

Осы Конвенция және оған Қосымша ағылшын және француз тілдерінде жасалды, әрі екі мәтін де тең түпнұсқалы болып табылады. Орыс және испан тілдеріне ресми аудармалары қол қойылған түпнұсқаларымен бірге дайындалып, сақтауға тапсырылады.

Осыны куәландыру үшін өздерінің тиісті үкіметтері қол қоюға тиісінше уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

1965 жылғы 9 сәуірде Лондон қаласында жасалды.

(Қолдар)

Қосымша

1-БӨЛІМ. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

А. Анықтамалар

Осы Қосымшада төменде келтірілген терминдерге мынадай мағыналар беріледі:

Жүк. Поштаны, кеме керек-жарақтарын, кемең қосалқы бөлшектері мен жарақтарын, экипаждың және жолаушылармен бірге жүретін багаждың жеке заттарын қоспағанда, кемеде тасымалданатын кез келген тауарлар және заттардың кез келген түрі.

Кеме экипажының жеке заттары. Кеме экипажының мүшелеріне тиесілі және кемеде тасымалданатын киім, күнделікті тұрмыс заттары және кез келген басқа заттар, валютаны қоса алғанда.

Кеме экипажының мүшесі. Рейс кезінде бортта кемең пайдаланумен немесе онда қызмет көрсетумен байланысты міндеттерді орындаумен анық айналысатын және кеме қызметіне қосылған кез келген тұлға.

Круиздерге арналған кемелер. Топтық бағдарламаның қатысушыларын және бір немесе одан көп әр түрлі порттарға жоспарланған туристік сапарлар мақсатында отырғызылған жолаушыларды тасымалдау кезіндегі халықаралық саяхаттарға арналған кеме және жүзу кезінде әдетте мыналар болмайды:

- a) қандай да бір басқа жолаушыларды отырғызу және түсіру;
- b) Жүктерді тиеу және түсіру. Пошта. Кемеге пошта қызметтері тапсырған және пошталық қызметтерге жеткізілуге арналған пошталық жөнелтілімдер мен басқа заттар.

Транзитті жолаушы. Шетелдік мемлекетке кемемен немесе қандай да бір көлікпен өзінің саяхатын жалғастыру мақсатында шетелдік мемлекеттен кемемен келген жолаушы.

Жолаушылармен келген багаж. Өзінің жеке меншігінде барына немесе жоқтығына қарамастан, бірақ ол тасымалдау туралы шарт немесе басқа осындай келісім бойынша тасымалданбайтын шартпен ғана, валютаны қоса алғанда, жолаушы өзі тасымалданатын кемеде тасымалданатын мүлік.

Мемлекеттік билік орындары. Осы Қосымшаның Стандарттары мен Ұсынылатын

тәжірибелердің барлық аспектілеріне қатысты осы мемлекеттің заңдарын және ережелерін қолдануға және орындауға міндетті мемлекеттің органдары немесе лауазымды тұлғалары.

Кеме иесі. Жеке тұлға, корпорация немесе басқа заңды тұлға болып табылатындығына тәуелсіз кеме иеленетін немесе пайдаланатын тұлға және иесінің немесе кеме иесінің пайдаланатын тұлға атынан әрекет ететін кез келген тұлға.

Кеме жарақтары. Кемелің қосалқы бөлшектерінен басқа, қозғалмалы болып табылатын, бірақ тұтынушылық сипатта болмайтын, құтқару шлюпкалары, құтқару құралдары, жиһаз және кемелің басқа жарақтары мен заттарды қоса алғанда, кемеді орналасқан және қолдануға арналған заттар.

Кемелің қосалқы бөлшектері. Кемеді тасымалданатын кемелің жабдықтарын жөндеуге немесе қосалқы бөлшектерін ауыстыруға арналған заттар.

Кемелің керек-жарақтары. Өндірістік тауарлар, жолаушылар мен экипаж мүшелеріне сатуға арналған тауарлар, отын және жағар материалдарды қоса алғанда, кемеді тұтынуға арналған тауарлар. Оған кемелің жарақтары мен кемелің қосалқы бөлшектері кірмейді.

Жағаға шығу. Экипаж мүшесіне кемелің осындай аумақ шегіндегі және уақыты осындай шектеулі, егер мемлекеттік билік орындары белгілеген болса, порт тұрағына келген кезде жағаға шығуына берілетін рұқсат.

Келу сағаты. Кемелің портқа зәкір тұрағына немесе айлаққа келу сағаты.

В. Жалпы ережелер

Конвенцияның V бабының 2-тармағын ескере отырып, осы Қосымшаның ережелері мемлекеттік билік орындарына қоғамдық тәртіпке (ordre public), мемлекеттік қауіпсіздікке немесе денсаулықты сақтауға қауіп төндіретін не ауруларды кіргізуді немесе таратуды не жануарлар мен өсімдіктер арасында өлімнің алдын алу ерекше мәселелерін шешу үшін немесе күдікті жалған кезінде қажет болатын тиісті шаралар (қосымша мәліметтерді талап етуді қоса алғанда) қабылдауға тыйым салмайды.

1.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары барлық жағдайда тек қажетті ақпаратты ұсынуды талап етеді және олардың санын барынша азайтады.

Қосымшада мәліметтердің нақты тізімі берілген жерде мемлекеттік билік орындары олардың ішіндегі қажетсіз деп санағандарын ұсынуды талап етпейді.

1.2. Ұсынылатын тәжірибе. Кейбір мақсаттар үшін жеке құжаттарды ұсыну осы Қосымшада бұйырылуы және талап етілуі мүмкіндігіне қарамастан, мемлекеттік билік орындары құжаттарды толтыру талап етілетін тұлғалардың мүдделерін, сондай-ақ олар пайдаланатын мақсаттарды ескере отырып, орынды болған кезде барлық жағдайларда

олардың екі немесе көп сандарының қорытындыларын бір құжатта қарастыру керек және қорытындысында формальдылықтарды айтарлықтай жеңілдетуге қол жеткізілуі мүмкін.

2-БӨЛІМ. КЕМЕНІҢ КЕЛУІ, ТҰРУЫ ЖӘНЕ КЕТУІ

Бұл бөлім мемлекеттік билік орындары кеме келген, тұрақта тұрған және кеткен кезде кеме иелерінің орындауын талап ететін формальдылықтарға қатысты ережелерден тұрады және тиісті биліктерге тексеру кезінде кемедегі сертификаттарды және оның тіркеуіне, өлшемдері, қауіпсіздігіне, экипажына және басқа да тиісті мәселелерге байланысты басқа да құжаттарды ұсыну туралы талапты болғызбайды деп түсіндірілмеуге тиіс.

А. Жалпы бөлім

2.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары осы Конвенцияға қатысты кемелерден келу немесе кету кезінде осы бөлімде көрсетілген құжаттардан басқа қандай да бір бас құжаттарды өздерінде қалдыруды талап етпейді.

Бұл құжаттарға :

- Жалпы декларация
- Жүк туралы декларация
- Кеменің керек-жарақтары туралы декларация
- Кеме экипажының жеке заттары туралы декларация
- Кемелік рөл
- Жолаушылар тізімі
- Дүниежүзілік пошта конвенциясының нұсқамасы бар құжат
- Теңіз санитарлық декларация жатады.

В. Құжаттардың мазмұны және қолданылуы

2.2. Стандарт. Жалпы декларация мемлекеттік билік орындары талап ететін келу және кету кезінде кеме туралы мәліметтерден тұратын негізгі құжат болып табылады.

2.2.1. Ұсынылатын тәжірибе. Кеме келу және кету кезінде Жалпы декларацияның бірдей нысанын қабылдау керек.

2.2.2. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары Жалпы декларацияға төмендегі мәліметтерден өзгеше мәліметтер қосуды талап етпеуі керек:

- Кеменің атауы мен сипаттамасы
- Кеменің ұлттық тиесілігі
- Тіркеу туралы деректер
- Тоннаж туралы деректер

- Капитанның тегі
- Кеме агентінің тегі және мекен-жайы
 - Жүктің қысқаша сипаттамасы
- Кеме экипажы мүшелерінің саны
 - Жолаушылар саны
- Рейс туралы қысқаша мәліметтер
- Келу немесе кету күні мен сағаты
 - Келу және кету порты
 - Кеменің портта тұратын орны.

2.2.3. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары мерзімі көрсетілген және капитан, кеме агенті немесе оған капитан тиісінше уәкілеттік берген қандай да бір тұлға қол қойған Жалпы декларацияны қабылдайды.

2.3. Стандарт. Жүк туралы декларация кеменің келуі және кетуі кезінде мемлекеттік билік орындары талап ететін ондағы жүк туралы мәліметтерден тұратын негізгі құжат болып табылады. Алайда кез келген қауіпті жүктер туралы мәліметтерді ұсынуда жеке талап етілуі мүмкін.

2.3.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары Жүк туралы декларацияға төмендегі мәліметтерден өзгеше мәліметтер қосуды талап етпеу керек:

- а) келу кезінде
 - Кеменің атауы және ұлттық тиесілігі
 - Капитанның тегі
 - Жөнелту порты
 - Декларацияны толтыру порты
 - Маркасы, сериялық нөмірі, ораманың саны және типі
 - Жүктердің саны және сипаттамасы
 - Осы портта түсірілуге тиісті жүктерге коносаменттердің нөмірлері
 - Бортта қалған жүктерді түсіру порттары
- Коносаменттер бойынша тасымалданатын жүктерді жөнелтетін бастапқы порттар;
- б) кету кезінде
 - Кеменің атауы және ұлттық тиесілігі
 - Капитанның тегі
 - Жеткізілетін порт
 - Осы портта алынған жүкке қатысты: маркасы және сериялық нөмірі, ораманың саны және типі, жүктердің саны мен сипаттамасы
 - Осы портта алынған жүкке коносаменттердің нөмірлері.

2.3.2. Стандарт. Бортта қалған жүкке қатысты мемлекеттік билік орындары мәліметтердің ең аз қажет санын ұсынуды талап етеді.

2.3.3. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары мерзімі көрсетілген және капитан, кеме агенті немесе оған капитан тиісінше уәкілеттік берген қандай да бір тұлға қол

қойған Жүк туралы декларацияны қабылдайды.

2.3.4. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары 2.3.1 және 2.3.2 Ұсынылатын тәжірибеге сәйкес талап етілетін барлық мәліметтер қамтылған, 2.3.3 Стандартына сәйкес мерзімі көрсетілген және қол қойылған жағдайда Жүк туралы декларацияның орнына кеме манифестінің данасын қабылдауы керек.

Балама ретінде мемлекеттік билік орындары 2.3.3 Стандартына сәйкес қол қойылған коносамент данасын немесе оның расталған көшірмесін, егер бұл жүктің сипаты мен саны тұрғысынан орынды болса және осындай құжаттарда қамтылмайтын, 2.3.1 және 2.3.2 Ұсынылатын тәжірибелерге сәйкес қажетті кез келген мәліметтер басқанысанда ұсынылатын және тиісті түрде расталатын жағдайда, қабылдай алады.

2.3.5. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары манифестке енгізілмеген , капитанға тиесілі заттарды, осындай заттар туралы мәліметтер жеке ұсынылатын жағдайда, Жүк туралы декларацияда көрсетпеуге рұқсат беруі керек.

2.4. Стандарт. Кемелік рөл мемлекеттік билік орындары талап ететін мәліметтерді қамтитын кемелік рөл туралы декларация кемелік рөл келуі және кетуі кезінде мемлекеттік биліктер талап ететін мәліметтерді қамтитын кемелік рөл керек-жарақтары туралы негізгі құжат болып табылады.

2.4.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары мерзімі көрсетілген және капитан немесе оған капитан тиісті түрде уәкілеттік берген және кемелік рөл керек-жарақтары туралы жеке хабардар кемелік рөл командалық құрамындағы қандай да бір тұлға қол қойған Кемелік рөл керек-жарақтары туралы декларацияны қабылдайды.

2.5. Экипаждың жеке заттары туралы декларация мемлекеттік билік орындары талап ететін мәліметтерді қамтитын экипаждың жеке заттары туралы негізгі құжат болып табылады. Ол кету кезінде талап етілмейді.

2.5.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары мерзімі көрсетілген және капитан немесе оған капитан тиісті түрде уәкілеттік берген кемелік рөл командалық құрамындағы қандай да бір тұлға қол қойған Экипаждың кеме заттары туралы декларацияны қабылдайды. Мемлекеттік билік орындары сондай-ақ кеме экипажының әрбір мүшесінің қол қоюын немесе егер ол мұны істей алмаса, оның жеке заттары туралы мәліметтердің қарсысына белгі қоюын талап ете алады.

2.5.2. Ұсынылатын тәжірибе. Әдетте, мемлекеттік билік орындары баж салығын салуға, тыйым салуға немесе шектеулер қоюға жататын, экипаждың осындай жеке заттары туралы ғана мәліметтер талап етуі керек.

2.6. Стандарт. Кемелік рөл мемлекеттік билік орындары талап ететін, кемелік рөл келуі және кетуі кезінде экипаждың саны және құрамы туралы мәліметтерден тұратын негізгі құжат болып табылады.

2.6.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары кемелік рөлге төмендегі мәліметтерден өзгеше мәліметтер қосуды талап етпеуі керек:

- Кемелік рөл атауы және ұлттық тиесілігі
- Тегі

- А т т а р ы
- Ұ л т ы
- А т а ғ ы н е м е с е л а у а з ы м ы
- Т у ғ а н к ү н і ж ә н е ж е р і
- Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі және нөмірі
- К е л у п о р т ы ж ә н е к ү н і
- Қ а й д а н к е л д і .

2.6.2. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары мерзімі көрсетілген және капитан немесе оған капитан тиісті түрде уәкілеттік берген кемеңің командалық құрамындағы қандай да бір тұлға қол қойған Кемелік рөлді қабылдайды.

2.7. Стандарт. Жолаушылар тізімі мемлекеттік билік орындары талап ететін, кемеңің келуі және кетуі кезінде жолаушылар туралы мәліметтерді қамтитын негізгі құжат болып табылады.

2.7.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары көршілес елдер арасындағы қысқа теңіз рейстері немесе аралас теміржол-теңіз қатынастары кезінде Жолаушылар тізімін көрсетуді талап етпеуі керек.

2.7.2. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары осы Тізімдерде тектері жазылған жолаушыларға қатысты Жолаушылар тізімдеріне қосымша ретінде отырғызу немесе түсіру карточкаларын талап етпеуі керек. Алайда, мемлекеттік биліктер алдында халықтың денсаулығына қауіп-қатер төндіретін айрықша проблемалар тұрған жағдайларда шетелге жол жүретін адамнан ол келіп жеткен соң оның баратын жері жазбаша түрде сұратылуы мүмкін.

2.7.3. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары Жолаушылар тізіміне төмендегі мәліметтерден өзгеше мәліметтер қосуды талап етпеуі керек:

- К е м е н і ң а т а у ы ж ә н е ұ л т т ы қ т и е с і л і г і
- Т е г і
- А т т а р ы
- Ұ л т ы
- Т у ғ а н к ү н і
- Т у ғ а н ж е р і
- О т ы р ғ ы з у п о р т ы
- Т ү с і р у п о р т ы
- К е м е к е л г е н п о р т ж ә н е к ү н і .

2.7.4. Ұсынылатын тәжірибе. Жолаушылар тізімінің орнына кемінде 2.7.3 Ұсынылатын тәжірибеге сәйкес талап етілетін мәліметтерді қамтитын және 2.7.5 Стандартқа сәйкес мерзімі көрсетілген және қол қойылған жағдайда пароход шаруашылығы өз қажеттіліктері үшін жасаған құраған тізімді қабылдау керек.

2.7.5. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары мерзімі көрсетілген капитан, кеме агенті немесе оған капитан тиісті түрде уәкілеттік берген қандай да бір тұлға қол

қойған Жолаушылар тізімін қабылдайды

2.7.6. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме иелерінің кеме келіп жеткенде өздерін кеме бортында анықталған әрбір билетсіз жолаушы туралы хабардар етуін б а қ ы л а п о т ы р а д ы .

2.8. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме келуі немесе кетуі кезінде Дүниежүзілік пошта конвенциясы нұсқамалағаннан басқа поштаға қатысты қандай да бір жазбаша декларацияларды талап етпейді.

2.9. Стандарт. Теңіз санитарлық декларациясы порттың санитарлық биліктері талап ететін, рейс кезінде борттағы және кеме портқа келген кездегі аман-саулық туралы мәліметтерді қамтитын негізгі құжат болып табылады.

С. Кеме келген кезде талап етілетін құжаттар даналарының саны

2.10. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме портқа келген кезде:

- Жалпы декларацияның 5 данасынан;
 - Жүк туралы декларацияның 4 данасынан;
 - Кемең керек-жарақтары туралы декларацияның 4 данасынан;
 - Экипаждың жеке заттары туралы декларацияның 2 данасынан;
 - Кемелік рөлдің 4 данасынан;
 - Жолаушылар тізімінің 4 данасынан;
- Теңіз санитарлық декларациясының 1 данасынан көп болмайтындай етіп талап етеді.

Д. Кеме кететін кезде талап етілетін құжаттар даналарының саны

2.11. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме порттан кететін кезде:

- Жалпы декларацияның 5 данасынан;
 - Жүк туралы декларацияның 4 данасынан;
 - Кемең керек-жарақтары туралы декларацияның 3 данасынан;
 - Кемелік рөлдің 2 данасынан;
- Жолаушылар тізімінің 2 данасынан көп болмайтындай етіп талап етеді.

2.11.1. Стандарт. Порттан кету кезінде осы портқа келу кезінде декларацияда көрсетілген және бортта қалатын жүкке қатысты жаңа Жүк туралы декларацияны талап е т п е у к е р е к .

2.11.2. Ұсынылатын тәжірибе. Кеме кететін кезде келу кезінде декларацияда көрсетілген немесе портта бортқа алынған керек-жарақтарға қатысты және сол портта көрсетілген кедендік құжатқа енгізілген жекелеген Кемең керек-жарақтары туралы декларацияны талап етпеу керек.

2.11.3. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме кететін кезде оның экипажы туралы мәліметтерді талап еткенде, егер ол экипаж саны және құрамы туралы қандай

да бір өзгерістерді есепке ала отырып, қайтадан қол қойылған және түзетілген болса немесе егер онда мұндай өзгерістер болған жоқ деп көрсетілсе, келген кезде ұсынылған Кемелік рөлдің бір данасын көрсету жеткілікті.

Е. Жүкті, жолаушыларды, экипажды және багажды тазалау рәсімін жеңілдету шаралары

2.12. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары кеме иелерімен және порт әкімшілігімен бірлесіп, кемең портта тұру уақытын барынша қысқарту мақсатында тиісті шаралар қабылдап, ол үшін порт жұмысын қанағаттанарлықтай етіп ұйымдастыруды қамтамасыз етуі керек; жолаушыларды отырғызу мен түсіруді ұйымдастыруды, жүктерді тиеу мен түсіруді, қызмет көрсетуді және т.с.с қоса алғанда, кемелердің келуімен және кетуімен байланысты барлық рәсімдерді жиі қайта қарауы қажет. Олар сондай-ақ жүк кемелері және олардың жүктері мүмкіндігінше кемелерді өңдеу ауданында қабылдана және шығарыла алатындай шараларды қабылдауы керек.

2.12.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары кеме иелерімен және порт әкімшілігімен бірлесіп, порттың жұмысын қанағаттанарлықтай етіп ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында жүктерді өңдеу және тазалау рәсімін кідіртусіз жүргізу үшін тиісті шараларды қабылдауы қажет. Бұл шаралар жүкті түсіру және кедендік тазалау үшін және қажет болған жағдайда жүкті қаттап тастау және қайта жөнелту үшін кемең қойған кезден бастап барлық кезеңдерді қамтуға тиіс. Жүкті түсіру ауданына жақын жерде болуға тиіс жүк қоймасы мен кедендік аймақ арасында ыңғайлы және тікелей қатынас қамтамасыз етілуге тиіс және мүмкіндігінше механикаландырылған көлік құралдары болуға тиіс.

2.12.2. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары жүк доктарының және қоймалардың иелеріне және операторларына бөгде адамдардың жүкке қол жеткізуін болғызбай үшін ұрлау қаупі бар жүктерді сақтау үшін арнаулы үй-жайлармен және кейіннен тасымалданатын немесе жергілікті жерге жеткізілетін жүктерді уақытша немесе ұзақ уақыт сақтауға арналған үй-жайларды күзетуді қамтамасыз етуі керек.

2.12.3. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары өздерінің тиісті ережелерін сақтаған жағдайда контейнерлерді және астауларды кедендік бажды немесе басқа да салықтар мен алымдарды төлемей, уақытша кіргізуге рұқсат беруге және олардың теңіз тасымалдарында пайдаланылуын жеңілдетуге тиіс.

2.12.4. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары 2.12.23 Стандарт тармағында аталған өз ережелерінде уақытша кіргізілген контейнерлер мен астаулар мүдделі мемлекет белгілеген мерзімде қайта шығарылатындай етіп қарапайым декларация қабылдауды көздеуі керек.

2.12.5. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары мемлекет аумағына 2.12.3 Стандарт ережесіне сәйкес кіргізілетін контейнерлер мен астауларды ең аз

құжаттамасы болған кезде бақылаудың оңайлатылған рәсімдеріне сәйкес кіргізілетін жүкті кедендік тазалау және/немесе шығарылатын жүкті тиеу үшін келу порты шегінен шығаруға рұқсат беруі қажет.

F. Бір ғана мемлекеттің екі немесе одан да көп порттарына жүйелі түрде кірулер

2.13. Ұсынылатын тәжірибе. Кеменің мемлекет аумағындағы бірінші портқа кіруі кезінде орындалатын рәсімдерді назарға ала отырып, мемлекеттік билік орындары басқа елдің портына жол-жөнекей кірмей баратын нақ сол елдің қандай да бір келесі кіру портында формальдылықтар мен құжаттарға қатысты өздері қоятын талаптарды барынша азайтуы керек.

G. Құжаттарды толтыру

2.14. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары, мүмкіндігінше, талап етілетін мәліметтер баяндалған тілге қарамастан, өз елінің немесе Ұйымның ресми тілдерінің біріне жазбаша немесе ауызша аудармасы қажет деп танығанда өздері соны талап ете алатындай жағдайда 3.7 Стандартта аталған құжаттарды қоспағанда, осы Қосымшада көзделген құжаттарды қабылдауы қажет.

2.15. Стандарт. Осы бөлімде көзделген құжаттарды жазу машинасында толтыру т а л а п е т і л м е й д і .

Егер жазбалар анық жазылған болса, сиямен немесе химиялық қарындашпен қолмен жазылған жазбалар қабылданады. Деректерді өңдеуге арналған электрондық немесе басқа да автоматикалық аппаратпен анық және түсінікті басылған құжаттар қ а б ы л д а н а д ы .

2.16. Стандарт. Кіру, жүкті түсіру немесе транзит порты елінің мемлекеттік билік орындары кемеге, оның жүгіне, керек-жарақтарына жақтарына, жолаушылары мен экипажына қатысты құжаттарды заңдастыруды, салыстыруды, куәландыруды немесе өздерінің шетелдік өкілдерінің алдын ала қарауын талап етпейді. Алайда, бұл оларға визаны немесе басқадай мақсаттарды тексеру үшін жолаушының немесе кеме экипажы мүшесінің паспортын немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжатын көрсетуді талап етуге кедергі келтірмейді.

H. Медициналық жедел жәрдем көрсету үшін ауырған немесе жарақат алған экипаж мүшелерін, жолаушыларды және басқа да адамдарды жағалауға түсіру мақсатында кемелердің порттарға кіруіне байланысты формальдылықтарды оңайлату жөніндегі арнайы шаралар

2.17. Стандарт. Медициналық жедел жәрдем көрсету үшін ауырған немесе жарақат алған экипаж мүшелерін, жолаушыларды және басқа да адамдарды жағалауға түсіру мақсатында портқа кіруді көздеп келе жатқан кемелердің капитандары мүмкіндігінше осындай ниеті туралы, әрі ол адамдардың аурулары және жарақаттары, олардың деректері мен жағдайы туралы толық сипаттамасы бар мәліметтерді мемлекеттік билік орындарына алдын ала хабарлауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік билік орындары кеме иелерімен ынтымақтастыққа қол жеткізіп отырады.

2.18. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме келгенге дейін капитанға мүмкін болған жағдайда радио арқылы, бірақ қандай да жағдайда қолда бар ең жылдам жолмен қажетті құжаттамалар және кемеңі уақтылы кедендік тазалау үшін ауырған немесе жарақат алған адамдарды жағалауға тез арада түсіруге арналған рәсімдер туралы х а б а р л а й д ы .

2.19. Стандарт. Осы мақсатта портқа кіруге және дереу шығуға ниеттенген кемелерге қатысты мемлекеттік билік орындары егер ауырған адамның немесе теңіздің жағдайы рейдте немесе портқа кірер жерлерде қауіпсіз түсіруге мүмкіндік бермесе, олардың айлаққа тұрғаны жөн деп табады.

2.20. Портқа осы мақсатта кіруге және дереу шығуға ниеттенген кемелерге қатысты мемлекеттік билік орындары әдетте Теңіз санитарлық декларациясын және қажет болған жағдайда Жалпы декларацияны қоспағанда, 2.1 Стандарт тармағында аталған құ ж а т т а р д ы т а л а п е т п е й д і .

2.21. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары Жалпы декларацияны талап еткенде бұл құжат - 2.2.2 Ұсынылатын тәжірибе тармағында айтылғаннан көп және ол мүмкін болған жерде одан аз ақпаратты қамтымауға тиіс.

2.22. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары ауырған немесе жарақат алған адамдарды жағалауға түсіргенге дейін кемеңің келуімен байланысты бақылау шараларын қабылдаған жерде бұл бақылау шараларының алдында жедел медициналық жәрдем көрсетіліп, денсаулық сақтау шаралары қабылданады.

2.23. Стандарт. Жоғарыда аталған адамдарды емдеудің құнына немесе ықтимал орын ауыстыру мүмкіндігіне немесе отанына қайтаруға қатысты кепілдіктер немесе міндеттемелер талап етілген жерде жедел медициналық көмек көрсету осы кепілдіктерді немесе міндеттемелерді алу кезеңінде кешіктірілмеуге және кейінге қ а л д ы р ы л м а у ғ а т и і с .

2.24. Стандарт. Жедел медициналық көмек көрсету және денсаулықты сақтау шаралы мемлекеттік билік орындары ауырған немесе жарақат алған адамдарды жағалауға түсіруге қатысты қолданатын бақылау шараларының алдында жүргізілуге тиіс.

3-бөлім. Адамдардың келуі және кетуі

Осы бөлімде мемлекеттік билік орындарының кеме менің келуі және кетуі кезінде кеме экипажы мүшелерінің және жолаушыларының орындауын талап ететін формальдылықтарға қатысты ережелер қамтылады.

А. Келу және кету кезіндегі талаптар мен рәсімдер

3.1. Стандарт. Жарамды паспорт кеме менің келуі және кетуі кезінде жолаушылар туралы жеке мәліметтер мемлекеттік билік орындарына ұсынылатын негізгі құжат б о л ы п т а б ы л а д ы .

3.1.1. Ұсынылатын тәжірибе. Уағдаласушы үкіметтер, мүмкіндігінше, паспорттың орнына адамның жеке басын куәландыратын ресми құжатты тану туралы екі жақты немесе көп жақты келісімдер жасасуы керек.

3.2. Ұсынылған тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары кеме жолаушыларының паспорттарын немесе олардың орнына қабылданатын жеке басын куәландыратын ресми құжаттарды иммиграциялық билік орындарының кеме келгенде бір рет және кеткенде бір рет тексерілетін іс-шараларды жүргізуі қажет. Осыны толықтыру ретінде қосымша паспорттарды немесе мұндай жолаушылардың жеке басын куәландыратын ресми құжаттарды көрсету кеме келген және кеткен кезде кедендік немесе басқа формальдылықтарға байланысты жеке куәлікті тексеру үшін талап етілуі мүмкін.

3.3. Ұсынылатын тәжірибе. Паспорттарды немесе олардың орнына қабылданатын жеке басын куәландыратын ресми құжаттарды өзі көрсеткеннен кейін мемлекеттік билік орындары егер жолаушыға осы елдің аумағына кіруге рұқсат беруге қандай да бір кедергілер болмаса, оларды қосымша бақылау үшін ұстамай, тексеруден кейін бұл құжаттарды жолаушыларға дереу қайтаруы керек.

3.4. Ұсынылатын тәжірибе. Отырғызу және түсіру кезінде мемлекеттік билік орындары жолаушылардан не кеме иелерінен осы Ережеде көзделген құжаттарды толтыру үшін қажетті мәліметтерді қоспағанда жолаушылардың паспорттарында немесе жеке басын куәландыратын ресми құжаттарында жазылған мәліметтерді толықтыратын немесе қайталанатын қандай да бір мәліметтерді жазбаша түрде талап е т п е у і к е р е к .

3.5. Ұсынылатын тәжірибе. Жолаушылардан отырғызу және түсу кезінде осы Қосымшада көзделген құжаттарды толтыру үшін қажетті мәліметтерден басқа, мәліметтерді жазбаша түрде талап ететін мемлекеттік билік орындары жолаушылардың жеке басын бұдан әрі анықтауға қатысты өз талаптарын 3.6. Ұсынылатын тәжірибеде (отырғызу-түсіру карточкасы) келтірілген мәселелермен шектеуі қажет.

Мемлекеттік билік орындары отырғызу-түсіру карточкасын оны жолаушылар толтырғаннан кейін қабылдауы керек және кеме иесінен оны толтыруды немесе тексеруді талап етпеуі қажет. Карточка бланкісінде оны қолмен баспа әріптерімен жазу керек деп көрсетілген жағдайларды қоспағанда, карточка анық етіп толтырылуға тиіс.

Әрбір жолаушыдан көшіру қағазының көмегімен бір мезгілде толтырылатын бір немесе бірнеше көшірмесі болатын бір отырғызу-түсіру карточкасынан артық талап етуге б о л м а й д ы .

3.6. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары отырғызу - түсіру карточкасына төмендегіден басқа мәліметтерді қосуды талап етпеуі қажет:

- Т е г і
- А т ы
- Ұ л т ы
- Паспорттың немесе басқа да ресми жеке куәлігінің нөмірі
- Т у ғ а н к ү н і
- Т у ғ а н ж е р і
- Қ ы з м е т і
- О т ы р ғ ы з у / т ү с і р у п о р т ы
- Ж ы н ы с ы
- Б а р а т ы н ж е р і н і ң м е к е н - ж а й ы
- Қ о л ы

3.7. Стандарт. Борттағы тұлғалардан тырысқаққа, сары қызбаға немесе шешекке қарсы егілгенін дәлелдеу талап етілген жағдайларда мемлекеттік билік орындары Халықаралық санитарлық ережелерде көзделген нысан бойынша вакцинациялау немесе қайта вакцинациялау туралы халықаралық куәлікті қабылдайды.

3.8. Ұсынылатын тәжірибе. Кемедегі немесе кемеден түсетін адамдарды медициналық тексеру әдетте, тиісті аурудың инкубациялық кезеңі ішінде (Халықаралық санитарлық ережеде көрсетілгендей) карантиндік аурулардың бірі жұқтырылған аумақтан келген адамдарды тексерумен ғана шектелуге тиіс. Алайда, Халықаралық санитарлық ережеге сәйкес қосымша медициналық тексеру талап етілуі м ү м к і н .

3.9. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары әдетте, келетін жолаушылардың багажын ішінара кедендік тексеріп қарауды жүргізуі қажет. Мүмкіндігінше, жолаушылармен бірге келетін багажға қатысты жазбаша декларацияны т а л а п е т п е у к е р е к .

3.9.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары мүмкіндігінше, барлық жағдайда жолаушылармен бірге кететін багажды тексеріп қарауды жүргізбеуі қажет.

3.9.2. Ұсынылатын тәжірибе. Кететін жолаушылардың багажын тексеріп қарауды жүргізу мүлдем мүмкін емес жерде, мұндай қарап тексеруді ішінара жүргізу қажет.

3.10. Стандарт. Теңізшінің жарамды куәлігі немесе паспорты мемлекеттік билік орындарына кеме келген және кеткен кезде кеме экипажының жекелеген мүшесі туралы мәліметтер ұсынылатын негізгі құжат болып табылады

3.10.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары төмендегіден өзгеше мәліметтерді теңізшінің жеке куәлігіне қосуды талап етпейді:

- Т е г і
 - А т ы
 - Т у ғ а н к ү н і м е н ж е р і
 - Ұ л т ы
 - Б е л г і л е р і
 - С у р е т і (р а с т а л ғ а н)
 - Қ о л ы
- Қолданылу мерзімі аяқталатын күн (егер қолданылу мерзімі шектелген болса)

- Куәлік берген билік орындары
3.10.2. Стандарт. Теңізшіге:

- а) өз кемесіне қайтып оралу немесе басқа кемеге ауысу;
- в) басқа елде тұрған өз кемесіне, өз еліне транзитпен жол жүруі үшін немесе өз елінің билік орындарының рұқсаты бойынша өзге де мақсатпен жолаушы ретінде көліктің кез келген түрімен елге кіру немесе одан шығу қажет болған кезде егер бұл құжат оның иесіне сол құжатты берген мемлекетке қайта кіруге кепілдік берсе, мемлекеттік билік орындары теңізшіден паспорттың орнына теңізшінің жарамды жеке к у ә л і г і н қ а б ы л д а й д ы .

3.10.3. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары әдетте, кеме экипажының мүшелерінен Кеме рөлінде берілгендерден басқа, жеке басын куәландыратын жеке құжаттарды немесе теңізшінің жеке куәлігін толықтыратын мәліметтерді ұсынуды талап етпеуі керек.

В. Жүкті, жолаушыларды, экипажды және багажды тазалау рәсімін жеңілдету шаралары

3.11. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары кеме иелерімен және порт әкімшілігімен бірлесіп, жолаушыларға, экипажға және жүкке қатысты формальдылықтарды тез арада жүзеге асыру үшін порт жұмысын қамтамасыз етіп тиісті шараларды қабылдауы керек; сондай-ақ жүкті тиеу, шығару және багажды тасымалдау мәселелеріне (соның ішінде механикаландырылған құралдарды пайдалану мәселесі), сондай-ақ жолаушыларды тексеру кезінде тоқтатулар үнемі болатын пункттерге назар аудару, осы мақсатта оларға қажет персоналдар мен тиісті жабдықты көздеу қажет. Қажет болғанда кеме және жолаушылар мен экипажды тексеру жүргізетін пункт арасында жабық өтпені қамтамасыз ету керек.

3.11.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары:

- а) кеме иелерімен және порт әкімшілігімен бірлесіп:
 - i) жолаушылар мен багажды жеке және үздіксіз тазалау әдісі;
 - ii) жолаушыларға өзінің тексерілген багажын, оны алатын жерге түскеннен кейін тез арада танып, алуға мүмкіндік беретін рәсім сияқты тиісті шараларды қабылдауы;

б) порт әкімшілігінің:

i) жолаушылар және олардың багажы жергілікті көлікке және одан жеңіл әрі жылдам қол жеткізуі;

ii) әртүрлі бақылаулар үшін кеме экипаждары шақырылуы мүмкін үй-жайлар оңай қол жетімді және олардың бір-біріне жақын орналастырылуы үшін барлық шараларды қабылдауды қамтамасыз етуі керек.

3.12. Стандарт. Мемлекеттік билік орындарына кеме иелерінен кеме персоналдары кеме жолаушылары мен экипаждың келуі кезінде рәсімдерді жеделдетуіне себеп болатын барлық тиісті шараларды қабылдауды қамтамасыз етуді талап ету керек. Осындай шараларға:

a) тиісті мемлекеттік билік орындарына келудің ең дәл анықталған уақыты мен бұдан әрі уақытын бақылау формальдылықтарына қатысты талаптарда көрсетілген жағдайларда, рейс маршруты уақытының қандай да өзгертілуі туралы алдын-ала хабарлауды;

b) тез арада қарап шығу үшін кеме құжаттарын дайындауды;

c) кеменің айлаққа немесе зәкір тұрағына жақындау уақытында бортқа көтерілу үшін траптар мен басқа құралдарды әзірлікке келтіруді;

d) борттағы адамдарды тексеру үшін, бұл ретте экипаж мүшелерінің машиналық және басқа бөлімшелерде өз міндеттерінен босатылуды есепке алғанда, тез және ұйымдастырылған жиналу мен қажет болған құжаттарды ұсынуды қамтамасыз ету.

3.13. Ұсынылатын тәжірибе. Кеме жолаушыларына және экипажына қатысты құжаттарға тегін енгізу кезінде алдымен тегін немесе тектерін қою керек. Егер кімде-кім бір мерзімде әкесінің және шешесінің тектерін алған болса, онда алдымен әкесінің тегі көрсетіледі.

Егер күйеудегі әйел күйеуінің ата-анасының және өз ата-анасының тектерін алған болса, онда алдымен күйеуінің ата-анасының тегі көрсетіледі.

3.14. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары жолаушылар мен экипажды негізсіз тоқтату жасамай мемлекет шегіне кіруіне рұқсаты жөнінде, егер мұндай тексеру қажет болса, тексеруге кіріседі.

3.15. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары жолаушының қандай да бір бақылаудағы құжаты талапқа сәйкес келмейтіндігін тапса немесе осы себептен жолаушы мемлекет аумағына кіруге рұқсаты болмаса, кеме иелеріне мемлекеттік билік орындары ешқандай айып қолданбайды.

3.15.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме иелеріне Уағдаласушы үкіметтер талап ететін жолаушылардың бақылаудағы құжаттары болу үшін барлық қажет шараларды қарастыруды ұсынуы тиіс.

3.15.2. Ұсынылатын тәжірибе. Теңіз терминалдарында және кемелердің бортында мемлекеттік билік орындары жауапты ұйымдарымен өз елдерінің адамдарына, егер мәселе олардың юрисдикция шеңберінен шықса тиісті халықаралық ұйымдармен

ынтымақтастықта іс жүзінде мүмкін болатын көліктің барлық түріне жалпы қабылданған, Ұйыммен әзірленген және қабылданған стандартталған халықаралық белгілерді және символдарды қолдану үшін халықаралық теңіз тасымалдарын жеңілдету және жылдамдату мақсатында қолдануы тиіс немесе қолдануға ұсыну керек.

С. Круиздерге және олардың жолаушыларына арналған кемелер үшін формальдылықтарды жеңілдету

3.16.1. Стандарт. Жергілікті билік орындары, егер болжанған кіру портының санитарлық билік орындары оның келуіне дейін одан алған мәліметтерінің негізінде оның кіруі карантинді қажет ететін аурудың әкелуіне немесе таралуына әкеп соқпайды деп есептесе, круиздерге арналған кемеге радио бойынша еркін тәжірибені рұқсат ету к е р е к .

3.16.2. Стандарт. Круиздерге арналған кемелер үшін Бас декларация, Жолаушылар тізімі және Команданың тізімі рейстің шарттарында өзгерістер болмаған жағдайларда алғашқы кіру портында және соңғы әрбір елден шығу портында талап етілетін болады.

3.16.3. Стандарт. Круиздерге арналған кемелер үшін Кеме қорлары туралы өтініш және Команданың мүлкі туралы өтініш елге алғашқы кіру портында ғана талап етіледі.

3.16.4. Стандарт. Паспорт немесе жеке басын куәландыратын басқа да ресми құжаттар круиз жолаушыларында үнемі өздерімен бірге болуға тиіс.

3.16.5. Ұсынылатын тәжірибе. Круиздерге арналған кемеңіздің тұруы 72 сағаттан аспайтын жағдайларда, мүдделі жергілікті билік орындары айқындаған айрықша жағдайлар болмаса, жолаушылардан визалар талап етілмейді.

Ескертпе. Осы ұсынылатын тәжірибенің мағынасы мынада: кез келген Уағдаласушы Мемлекет осындай жолаушыларға келген кезде, осы аумаққа түсу рұқсаты бар сауалдама парағын шығаруы немесе олардың сауалдама парақтарын алуы м ү м к і н .

3.16.6. Стандарт. Жергілікті билік орындары формальдылықтарды тексеру кезінде круиздік жолаушыларды кешіктірмеуге тиіс.

3.16.7. Стандарт. Әдетте, жеке куәлікке қатысты жағдайлар болмаса, круиздік жолаушылар иммиграциялық билік орындары тарапынан жеке тексеруге ұшырамауға т и і с .

3.16.8. Стандарт. Круиздерге арналған кеме бір елдің бірнеше порттарына кіруі жағдайларында жергілікті билік орындары, әдетте, жолаушыларды алғашқы кіру портында және соңғы шығу портында тексеруге тиіс.

3.16.9. Ұсынылатын тәжірибе. Круиздерге арналған кемеңіздің жолаушыларын кедергісіз түсіруді жеңілдету мақсатында ішкі бақылау мүмкіндігінше, түсу портына келіп жеткенге дейін бортта жүргізілуге тиіс.

3.16.10. Ұсынылатын тәжірибе. Круиздік жолаушылар оларды бір портта түсіріп,

сол кемеге сол елдің басқа портында отырғызу кезінде сол портқа дәл сол кемеге нақ сол портта түсірілетін және соған қайтатын жолаушылар сияқты жеңілдетілген формальдылықтарды пайдалануға тиіс.

3.16.11. Ұсынылатын тәжірибе. Карантиндік өтініш круиздік жолаушыларды жалғыз ғана медициналық тексеру болуға тиіс.

3.16.12. Стандарт. Тауарларды кеме қорынан бажсыз сату круиздік жолаушыларға кеме портта тұрған кезде жүргізілуге тиіс.

3.16.13. Стандарт. Круиздік жолаушылардан кедендік өтініш жазбаша түрде талап етілмеуге тиіс.

3.16.14. Ұсынылатын тәжірибе. Круиздік жолаушылар үшін қандай да бір валюталық шектеулерге жасалмауға тиіс.

3.16.15. Стандарт. Отырғызу-түсіру карточкалары круиздік жолаушыларға қажетті болмауға тиіс.

3.16.16. Ұсынылатын тәжірибе. Жолаушылар тізіміне ғана негізделіп, жолаушыларды бақылау жүргізілетін жағдайлар болмаса, жергілікті билік орындары жолаушылар тізіміне мынадай мәліметтердің толтырылуын талап етпеуге тиіс:

- Ұлты (6-бағана)
- Туған жері және күні (7-бағана)
- Отырғызу порты (8-бағана)
- Түсіру порты (9-бағана)

D. Транзиттік жолаушыларды тасымалдаумен байланысты формальдылықтарды оңайлату жөніндегі арнайы шаралар

3.17.1. Стандарт. Өзі келген кемеңіз бортында қалатын және сол кемемен кететін транзиттік жолаушы, әдетте, мемлекеттік билік орындары тарапынан жай бақылауға ұшырамайды.

3.17.2. Ұсынылатын тәжірибе. Транзиттік жолаушыға паспортын немесе жеке басын куәландыратын басқа құжатты алып жүруге рұқсат ету керек.

3.17.3. Ұсынылатын тәжірибе. Транзиттік жолаушыдан түсіру/отырғызу карточкасын толтыруды талап етпеу керек.

3.17.4. Ұсынылатын тәжірибе. Саяхатын дәл сол портта сол кемеде жалғастыратын транзиттік жолаушыға, егер оның қалауы болса, әдетте, кеме портта тұрған кезде жағалауға шығу үшін уақытша рұқсат беру қажет.

3.17.5. Ұсынылатын тәжірибе. Саяхатын дәл сол портта сол кемеде жалғастыратын транзиттік жолаушының мүдделі мемлекеттік билік орындары белгілеген айрықша жағдайлардан басқа уақытта визасының болуы міндетті емес.

3.17.6. Ұсынылатын тәжірибе. Саяхатын дәл сол портта сол кемеде жалғастыратын транзиттік жолаушы, әдетте, кедендік декларацияны жазбаша түрде ұсынуға міндетті

е м е с .

3.17.7. Ұсынылатын тәжірибе. Бір портта кемеден түсіп және дәл сол кемеге сол елдің басқа портында отыратын транзиттік жолаушы портқа келетін және дәл сол порттан нақ сол кемемен кететін жолаушыға арналған жеңілдіктерді пайдаланады.

Е. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен айналысатын кемелер үшін формальдылықтарды оңайлату жөніндегі шаралар

3.18. Ұсынылатын тәжірибе. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен айналысатын кемең бортында рейс кезінде ғылыми жұмысты жүргізу мақсатында кемеді болатын персоналы болады. Егер персоналдың осындай мақсаты болса, оларға кемінде осы кеме экипажының мүшелері пайдаланатын жеңілдіктерді беруі керек.

Ғ. Халықаралық рейстердегі кемелер экипажының құрамына кіретін шетелдіктер үшін жағалауға шығуға қатысты формальдылықтарды оңайлату жөніндегі жүргізілетін шаралар

3.19. Стандарт. Экипаждың шетелдік мүшелеріне мемлекеттік билік орындары егер кеме келген уақытта қажетті формальдылықтар орындалған болса және мемлекеттік билік орындары денсаулық сақтау, қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп шараларына байланысты себептер бойынша жағаға шығуға рұқсат бермеуге негізі болмаса, олар келген кеме портта тұрған уақытта жағаға шығуға рұқсат беруі тиіс,

3.19.1. Стандарт. Экипаж мүшелері жағаға шығу үшін виза алуға міндетті емес.

3.19.2. Ұсынылатын тәжірибе. Экипаж мүшелері жағаға шыққанға дейін және келгеннен кейін әдетте жеке тексеруге ұшырамауға тиіс.

3.19.3. Стандарт. Экипаж мүшелері жағаға шығу мақсатында арнайы рұқсат, мысалы, жағаға шығуға рұқсатнаманы алуға міндетті емес.

3.19.4. Ұсынылатын тәжірибе. Егер экипаж мүшелерінен жағаға шыққан кезде өзінде жеке басын куәландыратын құжат болуы талап етілсе, олар 3.10-Стандарт тармағында көрсетілгендей болуы тиіс.

4-БӨЛІМ. САНИТАРЛЫҚ, ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ

4.1. Стандарт. Халықаралық денсаулық сақтау ережесінің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің мемлекеттік билік орындары осы ережелердің халықаралық кеме қатынасына жататын қағидаларын қолдануға тырысуы керек.

4.2. Ұсынылатын тәжірибе. Кейбір ортақ мүдделері бар Уағдаласушы үкіметтер олардың медициналық, географиялық, әлеуметтік немесе экономикалық жағдайларына байланысты осындай келісімдер осы Ережені қолдануды жеңілдететін жағдайларда

Халықаралық денсаулық сақтау ережесінің 98-бабына сәйкес арнайы келісімдер ж а с а с у ы к е р е к .

4.3. Ұсынылатын тәжірибе. Кейбір жануарларды, өсімдіктерді немесе жануар және өсімдік текті өнімдерді жөнелту үшін санитарлық куәліктер немесе осы тәріздес құжаттар қажет болатын жағдайларда, мұндай куәліктер мен құжаттар қарапайым және кеңінен танылған болуы тиіс және Уағдаласушы үкіметтер осындай талаптарды стандарттау мақсатында ынтымақтасуы керек.

4.4. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары егер көзделетін кіру портының санитарлық билік орындары кеме портқа келгенге дейін одан алынған мәліметтердің негізінде оның кіруі карантиндік аурудың әкелінуін немесе таралуын тудырады деп санаса, ол мүмкін болған кезде кемеге радио бойынша еркін тәжірибеге р ұ қ с а т б е р у і к е р е к .

4.4.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме келген кезде санитарлық формальдылықтарды орындау үшін қажетті арнайы медициналық персонал мен жабдықтың бар болуын қамтамасыз ету үшін кеме менің межелі портының санитарлық билік орындарының радиосы бойынша борттағы ауру оқиғалары туралы дереу хабардар ету туралы қандай да бір талаптарды орындауды қамтамасыз ету ісінде кеме иелерінің жәрдемдесуіне кепіл болуы керек.

4.5. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары барлық саяхат бюролары мен басқа тиісті ұйымдар кететін жолаушыларға тиісті елдердің мемлекеттік билік орындары талап ететін екпе тізбелерін, сондай-ақ Халықаралық денсаулық сақтау ережесінде ескерілген екпелер туралы куәліктер бланкілерін алдын ала ұсынуы үшін шаралар қабылдайды. Біркелкілікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік билік орындары екпені істейтін персонал вакцинациялау және қайта вакцинациялау туралы халықаралық куәліктерді беруі үшін барлық мүмкін болатын шаралар қабылдайды.

4.6. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары мүмкіндігінше көптеген порттарда вакцинациялау және қайта вакцинациялау жүргізу үшін, сондай-ақ тиісті халықаралық куәліктерді беру үшін қажетті жабдықтармен және қызметтермен қ а м т а м а с ы з е т у і к е р е к .

4.7. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары санитарлық шаралар мен формальдылықтар тоқтатусыз және кемсітусіз тез арада жүзеге асырылатын тәртіпті қ а м т а м а с ы з е т е д і .

4.8. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары мүмкіндігінше көптеген порттарда тиімді санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық шараларды қабылдау үшін қажетті жабдықтармен қызметпен қамтамасыз етуі керек.

4.9. Стандарт. Экипаж мүшелеріне және жолаушыларға жедел медициналық көмек көрсету үшін мүмкіндігінше мемлекеттің көптеген порттарында жеңіл қол жетімді медициналық мекемелер қарастырылуы керек.

4.10. Стандарт. Халықтың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретін төтенше

жағдайларды алып тастағанда, порттың санитарлық билік орындары басқа эпидемиялық ауру себебінен індетке ұшырамаған немесе қандай да бір карантиндік ауру індетіне ұшырағандығына күдікті емес кеменің жүктерді түсіру немесе тиеу, керек-жарақтарды, отын немесе ауызсуды толтыру мүмкіндіктеріне кедергі жасамауы керек.

4.11. Ұсынылатын тәжірибе. Жануарларды, жануар текті шикізатты, жануар текті жартылай фабрикаттарды, жануар текті өнімдер мен карантинге жататын өсімдік текті азық-түліктерді, егер олар нысанын тиісті мемлекеттер бекіткен карантиндік куәліктерімен бірге болса, теңіз арқылы жіберуге рұқсат беру керек.

5-БӨЛІМ. ӘРТҮРЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

А. Бондтар және кепілдіктің басқа түрлері

5.1. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары кеме иелерінен бондтарды беруді және мемлекеттің кедендік, иммиграциялық, санитарлық, фитосанитарлық, ветеринарлық және басқа заңдары мен ережелерінен туындайтын олардың міндеттемелерін қамтамасыз етуге басқа кепілдік түрлерін талап еткен кезде, оларға мүмкін болатын кезде бір ғана жалпыны қамтитын бондты немесе кепілдің басқа түрін ұсынуға рұқсат беруі керек.

В. Құжаттамадағы қателер және сол үшін салынатын айыппұлдар

5.2. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары құжаттардағы бұл қателер тексеру аяқтағанға дейін анықталған және оларды түзету дереу орындалатын шартында, кемені кідіртпей осы Қосымшада көзделген құжаттардағы қателерді түзетуге рұқсат береді, егер олардың ойынша өте маңызды емес, үнемі ұқыпсыздық салдары болып табылмайды және заңдарды немесе ережелерді бұзу мақсатында емес.

5.3. Стандарт. Кеме иесі, капитан қол қойған немесе олардың атынан қол қойылған құжаттарда осы Қосымшада көзделген қателер табылған жағдайда, мемлекеттік билік орындары осы қателер әдейі емес, өте маңызды емес, үнемі ұқыпсыздық салдары және заңдар мен ережелерді бұзу мақсатында жіберілмегендігін сендіруге мүмкіндік берілгенге дейін ешқандай айыппұл салынбауы тиіс.

С. Порттардағы қызметтердің жұмыс уақыты

5.4. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындары портта олардың қызметтерінің тегін жұмысын олардың жұмыстарының жай уақыты ішінде қамтамасыз етуі керек. Мемлекеттік билік орындары порттағы өз қызметтерінің жай жұмыс уақытын порттардағы жұмыстардың қызған кездегі кезеңдермен келісуге ұмтылуы

к е р е к .

5.4.1. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кемең келу және кету болжамды сағаты туралы алдын ала хабарланатын жағдайда, кемелер келгеннен кейін немесе кетуге дайын кезде оларды себепсіз кідіртуді болдырмайтындай формальдылықтарды жүзеге асыруға қажет уақытты барынша азайтатындай етіп порттардағы уағдаласушы өкіметтердің жай қызметтерін ұйымдастыру үшін барлық қажетті шаралар қабылдау

к е р е к .

5.4.2. Стандарт. Санитарлық өкіметтер күн мен түннің кез келген уақытында орындалатын егер мұндай сараптама куәландырылатын тұлғаның денсаулық жағдайын анықтау үшін талап етілетін болса кез келген қосымша бактериологиялық немесе басқа сараптамаға тең кез келген санитарлық бақылауға ақы алмайды. Олар, сондай-ақ карантиндік мақсатта кемелерді тексеру үшін кемеге дератизация туралы немесе дератизациядан босатылу туралы куәлік беру үшін тексеру кезіндегі жағдайдан басқа ақы алмайды. Кемедегі тұлғаға кез келген егу жұмысына немесе вакцинация туралы куәлік беруге ақы алынбайды. Дегенмен, кемеге, оның жолаушыларына немесе экипажына қатысты жоғарыда аталған жағдайлардан басқа шаралар қолдану керек болған кезде олар үшін санитарлық өкімет ақы төлейді, мұндай ақы осы аумақта ұлтына, домицилиясына немесе мекен-жайына, туына, тіркеу орнына немесе кеме иелігіне қарамастан барлық тұлғаларға таралатын бірыңғай тарифпен бекітіледі.

5.4.3. Ұсынылатын тәжірибе. Мемлекеттік билік орындарының қызметтері 5.4. Ұсынылатын тәжірибеде аталған өздерінің жай жұмыстары уақытынан тыс жұмыс істеген кезде олар өздерінің міндеттерін атқаратын жұмыстардың іс жүзіндегі құнынан аспайтын қисынды ақыға істейді.

5.5. Стандарт. Порттағы жұмыс көлемі осындай қажеттілікті талап еткен жерде мемлекеттік билік органдары жүкке және багажға қатысты, олардың құндылығы мен сипатына қарамастан, формальдылықтарды жүзеге асыру жөніндегі өз қызметтерінің жұмысын қамтамасыз етеді.

5.6. Ұсынылатын тәжірибе. Уағдаласушы үкіметтер бұл шаралар кемелер басқа мемлекеттің портына келген кездегі формальдылықтарды жүзеге асыруды жеңілдететін болса, бір мемлекеттің басқа мемлекетке рейс басталғанға дейін және рейс кезінде кемелерді, жолаушыларды, экипаж мүшелерін, багажды, жүкті және кедендік, иммиграциялық, санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық мақсаттағы құжаттарды тексеруге белгілі бір мүмкіндіктер беруіне байланысты шаралар қабылдауы керек.

D. Болжанған жеткізу портында түсірілмеген жүк

5.7. Стандарт. Жүк туралы декларацияда аталған қандай да бір жүк болжанған жеткізу портына түсірілмегенде, мемлекеттік билік орындары, егер олар жүктің шын

мәнінде кемеге тиелмегендігіне немесе оның тиелгеніне, бірақ басқа портта түсіргеніне көз жеткізсе, Жүк туралы декларацияны түзетуге рұқсат береді және айыппұл салмайды.

5.8. Стандарт. Қандай да бір жүк қателесіп немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты болжанған жеткізу портының орнына өзге портта түсірілгенде мемлекеттік билік орындары оны болжанған жеткізу орнына қайта жіберуді жеңілдетеді. Бұл ереже қауіпті, тыйым салынған немесе айналымы шектелген жүктерге қолданылмайды.

Е. Кеме иелерінің жауапкершілігін шектеу

5.9. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме иесі импортер немесе экспортер болған не солардың атынан іс-қимыл жасау жағдайларын қоспағанда, кеме иесінен осы билік орындары пайдаланатын ерекше мәліметтерді коносаментке енгізуді немесе оның көшірмесін талап етпейді.

5.10. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары кеме иесі импортер немесе экспортер болған не солардың атынан іс-қимыл жасау жағдайларын қоспағанда, кеме иесі жүкті тазалауға байланысты импортерден немесе экспортерден талап етілетін құжаттарды ұсыну немесе олардың дұрыстығы үшін жауапты деп санамайды.

Ғ. Дүлей зілзала салдарларын жою жөніндегі жұмыстар

5.11. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары дүлей зілзала салдарларын жою жөніндегі жұмыстарды атқаратын кемелердің келуімен және кетуімен байланысты формальдылықтарды оңайлатуға тиіс.

5.12. Стандарт. Мемлекеттік билік орындары 5.11. Стандарт тармағында аталған кемелердегі адамдардың келуімен және оларды кедендік тазалауға және жүктерді әкелуге және кедендік тазалауға байланысты формальдылықтарды барынша жеңілдетуге тиіс.

1965 жылғы Халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету жөніндегі конвенцияның VII бабының өзгертілген мәтіні (әлі күшіне енбеген)

VII бап

1) Осы Конвенцияға Қосымшаға түзетулерді Уағдаласушы үкіметтер не солардың біреуінің ұсынысы бойынша не осы мақсатта шақырылған конференция енгізе алады.

2) Кез келген Уағдаласушы үкімет Қосымшаға түзетуді Ұйымның Бас хатшысына (бұдан әрі - «Бас хатшы») түзетудің жобасын ұсыну арқылы енгізуді ұсына алады.

а) Осы тармаққа сәйкес ұсынылған кез келген түзетуді ол осы Комитеттің отырысына дейін кемінде үш ай қалғанда таратылған жағдайда, Формальдылықтарды жеңілдету комитеті қарайды. Комитетте қатысатын және дауыс беретін Уағдаласушы

үкіметтердің үштен екісі мақұлдаған жағдайда, Бас хатшы осы түзетуді барлық
Уағдаласушы үкіметтерге таратады.

b) Қосымшаға кез келген түзету, егер оны таратқаннан кейін он екі ай ішінде
Уағдаласушы үкіметтердің ең болмағанда үштен бірі Бас хатшыға ұсынылған түзетуді
қабылдамайтындығы туралы жазбаша түрде хабарламаса, осы тармаққа сәйкес
ұсынылған түзетуді Бас хатшы барлық Уағдаласушы үкіметтерге таратқан күннен
бастап он бес ай өткеннен кейін күшіне енеді.

c) Бас хатшы барлық Уағдаласушы үкіметтерді "b" тармақшасына сәйкес алынған
кез келген өтініш туралы және түзетудің күшіне енген күні туралы хабарлайды.

d) Түзетуді қабылдамаған Уағдаласушы үкіметтер осы түзетулердің ережелерін
сақтауға міндетті емес, бірақ осы Конвенцияның VIII бабында жазылған рәсімді
ұ с т а н у ғ а т и і с .

3) Қосымшаға түзетулерді қарау үшін Уағдаласушы үкіметтердің конференциясын
Бас хатшы осы үкіметтердің үштен бірінің өтініші бойынша шақырады. Қатысушы
және дауыс беруші Уағдаласушы үкіметтердің үштен екісінің көпшілігі осындай
конференцияда қабылдаған әрбір түзету Бас хатшы Уағдаласушы үкіметтерге түзетудің
қабылданғаны туралы хабарлаған күннен бастап алты айдан кейін күшіне енеді.

4) Бас хатшы Конвенцияға қол қойған барлық үкіметтерге осы бапқа сәйкес кез
келген түзетудің қабылданғаны және күшіне енгені туралы дереу хабарлайды.

Халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету туралы конвенциясының қазақ
тіліндегі мәтіні осы Конвенцияның орыс тіліндегі мәтінімен тең түпнұсқалы болып
табылады.

*Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
департаментінің директоры Е. Маличева*

Осы орыс тіліндегі мәтін 1965 жылғы 9 сәуірде Лондон қаласында жасалған
Халықаралық теңіз кеме қатынасын жеңілдету туралы конвенциясының
куәландырылған көшірмесінің мәтініне дәлме-дәл болып табылатындығын
куәландырамын.

*Халықаралық ынтымақтастық
және көлік саясаты
департаментінің директоры С. Рахимбекова*

**РҚАО-ның ескертпесі: Бұдан әрі Конвенцияның мәтіні француз және ағылшын
тілдерінде берілген.**